

«Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің ай сайын шығатын Республикалық ғылыми-педагогикалық, әдістемелік журналы

# ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ

1958 жылдың  
наурыз айынан  
бастап шығады

**4/2011 СӘУІР**

## МАЗМҰНЫ

### Көкейкесті көзқарас

Жанат ДӘУЛЕТБЕКОВА.	Қазақ тілін мән бере оқыту - білім сапасын арттырудың тетігі.....	3
Марина АБАЙҚЫЗЫ.	Дарынды балалармен жұмыс жүргізу жүйесіне көзқарасым.....	14

### Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Жақсыгүл ЖАППАРОВА.	Сөйлемнің бірыңғай мүшелері.....	17
Қанағат ТҮСПҚЫЗЫ.	Жалаң және жайылма сөйлем.....	24
Элмира ҚУАНДЫҚҚЫЗЫ.	Құрмалас сөйлемдерге қойылатын үтір .....	29
Ерлан НҰҒЫМАНОВ.	Реттік сан есімдер.....	34
Гүлжан САДЫҚОВА.	Жалпылау есімдігі.....	38

### Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс

Самал БЕРІКҚЫЗЫ.	«Ақсақ Темір мен ақын».....	41
Гүлбаршын ҚҰСПАНОВА.	Шәкәрім. «Қалқаман-Мамыр».....	47
Гүлшара ӘБСЕМЕТОВА.	Қабдеш Жұмаділов. «Қозыкүрең».....	52
Гүлзат МЫРЗАҒАЛИҚЫЗЫ.	«Өтеген батыр» дастаны.....	55

<b>Айжан САПИЕВА.</b>	«Кім жазықты?»: Әжібай тағдырына кім кінәлі?.....	61
<b>Гүлназ СҮЛЕЙМЕНОВА.</b>	Әбділда Тәжібаев. «Сырдария».....	64

### **Мұқағали Мақатаевтың 80 жылдығы**

<b>Бағдат ТҮРҒАНБАЕВА.</b>	Бір өлеңі бар қазақтың мұрасындай.....	68
<b>Хадиша ҒАЛЫМОВА.</b>	«Аққулар ұйықтағанда» поэмасы.....	74
<b>Анар ТӨЛЕУОВА.</b>	Мұқағали шығармашылығына саяхат.....	78
<b>Ерке РАПАШЕВА.</b>	Менің Мұқағалиым.....	82

### **Оқулыққа қосымша**

<b>Бекқожа ЖЫЛҚЫБЕКҰЛЫ.</b>	Баян өлең және өлеңдегі баяндау.....	85
<b>Қаракөз СҮЛЕЙМЕНОВА.</b>	«Айман-Шолпан» музыкалық комедиясының театр өнерін дамытудағы рөлі.....	90

### **Авторлық бағдарлама**

<b>Майра ӘБІЛОВА.</b>	«Сәкентану» қолданбалы курсы.....	99
-----------------------	-----------------------------------	----

### **Сыныптан тыс тәрбие**

<b>Сандуғаш СЫЗДЫҚОВА.</b>	Зияткерлік олимпиада.....	111
<b>Гүлфина ҚОЙШЫҒАЛИЕВА.</b>	«Сөзмерген».....	122

### **Жас маманға жәрдем**

<b>Баян СЕЙТОВА.</b>	Әдеби шығармадағы психологизм.....	127
<b>Маржангүл ҚОРҒАНБЕК.</b>	Жыр алыбы - Жамбыл.....	130
<b>Дамира БАЛТАБЕКҚЫЗЫ.</b>	Лексика тарауын пысықтау.....	133
<b>Әсемгүл АБЕНОВА.</b>	Тест (Әдебиет, 9-сынып).....	136
<b>Құралай АХМЕТЖАНОВА.</b>	Шылаудан өткенді қайталау.....	139

### **Сіз қалай ойлайсыз, оқырман?**

<b>Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ.</b>	Жеті атаны қалай таратып жүрміз?..	142
------------------------------	------------------------------------	-----

## **АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:**

*Құсиын Айтқалиев, Шәмша Беркімбаева, Қанипа Бітібаева, Жангара Дәдебаев, Гүлтас Құрманбаева, Мекемтас Мырзахметұлы, Қуандық Мәшһүр Жүсіп, Серік Мақпырұлы, Нұрша Оразахынова, Бақтияр Сманов, Жансейіт Түймебаев, Рақымжан Тұрысбек, Нұргелді Уәлиұлы.*

**Жанат ДӘУЛЕТБЕКОВА,**  
**Қазақстан-Британ техникалық**  
**университетінің профессоры, п.ғ.д.**

# **ҚАЗАҚ ТІЛІН МӘН БЕРЕ ОҚЫТУ – БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ ТЕТІГІ**

Қазіргі білім беру жүйесінде оқушылардың өмірлік дағдыларын қалыптастыруға жете назар аударылмайтындықтан мектеп балаларының басым бөлігі оқудың, оқу пәндері арқылы алынатын білік-дағдылардың өз өмірлеріне қажеттілігін түсінбейді, оның өз болашағымен сабақтастығын сезінбейді. Балалардың арасында оқуды күнделікті мектепке барып, белгіленген сағат мөлшерінде сыныпта отырып қайтуға тиіс міндет секілді қабылдайтындардың бары да жасырын емес. Сол себепті де «Қазір балалар сабаққа қызықпайды», «Оқушылар тек ата-анасынан қорыққанынан сабаққа келеді», «Өздігінен оқуға, тапсырманы орындауға икемсіз», «Олар тек баға үшін оқиды», «Оқушылар оқуға құлықсыз, қазір айтқанынды қазір ұмытып қалады» деген сөздерді үлкендер аузынан жиі естіп қаламыз. Оның дәлелін өз пәнімізге қатысты алсақ, қазақ тілін он бір жыл оқыған балалар 11- сыныпта Бірыңғай ұлттық тестіден жоғары балл жинау үшін репетитор іздейді. Осының себебі не? Неге бала он бір жыл ішінде қажетті білім қорын меңгере алмады? Қазіргі ҰБТ бойынша ұсынылатын тест тапсырмаларының тек грамматикалық білімді тексеруге құрылғанын ескерсек, мектепте тіпті фактологиялық білімнің өзі де дұрыс меңгерілмей отырғаны

ма? Он бір жыл бойы білім бергеніміздің нәтижесі қайсы? Еткен еңбек, өткен уақыт зая кеткені ме? Егер бір күні әлемдік білім кеңістігіне ұмтылып отырған мемлекетіміз өркениетті елдердегідей мектеп түлегінің білім деңгейін өмірлік дағды тұрғысынан, яғни, құзыреттіліктер бойынша тексеру жүйесін бірден енгізіп жіберсе (дәл қазіргі уақытта бұл біз үшін таң қаларлық нәрсе емес) қайтпекпіз? Онда құрғақ білімнің өзін меңгеруде осалдық көрсетіп отырған балаларымыздың жайы не болмақ? Санай берсең сұрақ көп, жауап жоқ. Барды бағамдай, жоқты түгелдей келгенде бір нәрсе анықталды: мектепте білім үстірт меңгеріледі, яғни, **қазақ тілі пәні ұғымдарына мән бере оқытуға жете көңіл бөлінбейді.** Сонда не істеу керек?

1. Қазақ тілі пәнін меңгертуде оқушының логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға, оның **тіл туралы дүниетанымын қалыптастыруға мән бере оқыту** қажет. Бұл бағытта оқушының теориялық тақырыптарды дүниетанымдық тұрғыдан игеруі маңызды саналады Шындығында, жалпы білім беретін мектептің үш сатысында да үзбей оқытылып келе жатқан қазақ тілі пәніне бөлінген сағат саны аз емес. Қазіргі таңда пәннің білім мазмұны да жүйеленіп, ретті берілген. Бірақ мұғалімдердің көпшілігі тілді меңгертуде оң нәтижеге жете алмай отыр. Қазақ тілінің мемлекеттік білім стандарттарындағы, оқу бағдарламаларындағы “Оқушының білім, білік, дағдыларына қойылатын талаптардан” бейхабар мұғалімдер де баршылық. Мектеп тәжірибесінде ана тілін көп пәннің бірі деп санау басым, оның жалпы оқушының қалыптасуындағы бірегейлік рөліне үстірт қарау белең алып отыр. Тілді сүю, тілді құрметтеу, шебер сөйлеу дегендер жалаң уағыз, жалған ұран қалпынан аса алмай келеді. Бала дұрыс сөйлеуге үйрену үшін ол алдымен дұрыс ойлауға үйренуі керек емес пе? Ойлау қабілетін жетілдірудің бір тетігі – оқушының тіл туралы дүниетанымын қалыптастыру.

Тіл пәні балаға тек грамматиканы, пунктуацияны меңгерту үшін оқытылмайды. Сондықтан ұсынылатын теориялық тақырыптар ауқымында тіл құбылыс ретінде ғаламның айрықша бір бөлшегі екендігін, оның өзіне тән заңдылықтары мен ерекшеліктері болатындығын, тілдің ұлттық ділмен, халық танымымен сабақтастығын таныту нәтижесінде ғана баланың тіл туралы өзіндік көзқарасы пайда болады. Сабақ барысында тілдің жүйелі әрі дамушы құбылыс екенін білу, тілдің ұлттық құндылық екенін, ата-бабалардан қалған асыл аманат екенін түсіну, тілдің ұлтты ұйыстырушы негіз, халықты біріктіруші мәйек екенін білу, тілдің жеке адам мәдениетінің ғана емес, жалпы ұлт мәдениетінің көрсеткіші екенін түсіну арқылы оның тілге деген қатынасы қалыптасып, жауапкершілік сезімі артады. Ал мұның бәрі тіл мен тарихтың, тіл мен ділдің байланысы туралы ұғымды кеңейту арқылы жүзеге асады.

2. Тілді оқытуда **баланы сөйлеуге үйретуге мән берудің** де маңызы зор. Бала қаншалықты дұрыс сөйлеуге үйренсе, оның қоғамда өз орнын таба алу мүмкіндігі соншалықты күшейеді. Жас ұрпақтың бойында шебер сөйлеуге деген құлшыныстың оянуы адам сауаттылығы айрықша рөл атқаратын қазіргі таңдағы бәсекелестікке құрылған қоғамда үлкен мәнге ие. Себебі бәсекелестік тек экономикалық салада ғана емес, тұлғаның ақыл-ой қабілетін керек ететін барлық салада кең етек жайып отыр. Адамның білімі ғана емес, оның ортада тіл табыса еңбек етуге бейімділігі мен өз көзқарасын дұрыс жеткізе білу қабілеті жаңа заман жастарының бойында батылдықтың, алғырлықтың, қарым-қатынас әдебінің болуын ерекше қажет етуде. Алдымен назар аударылуы тиіс нәрсе – сабақта сөйлеу әрекетінің **тыңдалым, оқылым, айтылым, жазылым, тілдесім** секілді барлық түрлерін қатар өзара сабақтастықта қолдануды жүзеге асыру. Дана халқымыз айтқандай, «Сөз анасы – құлақ» болса, онда ең


әуелі оқушының *тыңдалым* дағдыларын қалыптастыру маңызды. Дұрыс тыңдай алатын, «кұйма құлақ» бала ғана есті сөздің парқын түсінеді, әдемі, әсерлі сөзден үлгі алады, қалай сөйлеуге үйренеді. Ол үшін қазақ тілі сабақтарында балаларға көркем де ойлы сөз үлгілерін мол ұсынып, тілдік талғам қалыптастыруға көңіл аударылуы тиіс. Ал, ең бастысы, мұғалім сөзінің бала үшін шебер сөйлеудің шынайы үлгісін танытарлықтай болуы шарт. Көне үндінің бір мақалында «Ұстазы сақау болса, шәкірті мақау болады» дейді. Сондықтан сөз шеберлігі барлық пән мұғалімдеріне қажет десек те, қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі үшін ол кәсіби шеберліктің басты талабы ретінде қойылуы тиіс. Оқылымды да, жазылымды да, айтылымды да баланың сөйлеу тілін жетілдіру мақсатында ұйымдастыру қажет. Сонда ғана бала кез келген өмір жағдаятында өзгелермен еркін тілдесімге қол жеткізеді. Мектепте оқылатын қазақ тілінің бүкіл өнбойында сөйлеу мәдениетін үйретуге басымдылық берудің, ал жоғары сыныпта оны арнайы пән етіп енгізу де осындай әлеуметтік қажеттікті шешуге бағытталып ұсынылғаны сөзсіз.

3. Оқушының қазақ тілін саналы меңгеруі **тілдік терминдерге мән бере оқытумен** де тікелей байланысты. Тілдік теориялық материалдарды сапалы игеру оның атауын дұрыс түсінуден басталмақ. Тіл терминдерінің негізін қалаған Ахмет Байтұрсынұлының ұлылығы – әрбір терминді жасауда оны өзі білдіретін тілдік құбылыстың өзіндік ерекшелігін негізге ала отырып, оның бүкіл табиғатын ашатындай халықтың сөздік қорында бар сөздерді орайлы етіп таңдай алуында. Сол себепті тіл пәні мұғалімі баланы әуел бастан терминнің мағынасын түсінуге дағдыландырып, сол арқылы оның тілдік құбылыстың табиғатымен тұтастығына назар аудартып үйретсе, бала кез келген терминнің мәнін еш кедергісіз түсініп, оларды саналы ұғынары сөзсіз. Мысалы

«зат есімді» оқытқанда, оның атауы «зат» және «есім» деген сөздердің бірлігінен тұратынын, яғни, заттың атын білдіретін сөздер екенін ұғындыру оқушы ойында біржола бекіп қалады. Сосын ғана зат, ұғым, құбылыс атауларына тоқталып, олардың әрқайсысының ерекшеліктерін таныту арқылы білім бекітілмек. «Есімшені» өткенде, ол етістікке тән категория болғандықтан заттың іс-қимылын, әрекетін білдіретінін, бірақ есім сөздерше түрленетіндіктен «есімдерше түрленетін етістік» деген ұғымды білдіретіні айтылуы орынды. Ал «көсемше» дегенді қалай түсіндіруге болады? Көсемше тұлғалы сөздердің күрделі баяндауыш құрамында тұрғанда негізгі ойды білдіріп, соңынан басқа етістіктерді бастап тұратынын, сондықтан оны көсем, яғни, алда тұратын етістік деп аталатындығы түсіндіріледі. Мысалы, «айтып келді», «айта бастады» және т.б. Міне, осындай «өзі сөйлеп» тұрған қазақ тілі терминдеріне мән бере оқыту білім сапасын арттырудың ұтымды жолы болып саналады.

4. Қазақ тілі пәнінде теориялық **ережелерге мән бере оқыту** да оқушы түсінігін қалыптастыруда, ойын дамытуда маңызды орын алады. Бірақ осы мәселеде көп жағдайда мұғалімдер назарынан тыс қалатын жайлар кездеседі. Сын есімді түсіндіріп тұрған мұғалім оған «ақ бантик», «қызыл орамал», «биік ағаш», «қалың орман», «ашық аспан» деген секілді мысалдар келтіреді. Мұндай мысалдарда ой шашыраңқылығы орын алады. Ал шашыраңқы ой баланың оны дұрыс түсінуіне кедергі жасайды. Неге? Өйткені ереже бойынша «Сын есім дегеніміз заттың сынын, сипатын, түрін, түсін, көлемін және т.б. сындық қасиеттерін білдіретін сөз табы» деп берілген. Ол үшін мұғалім тақтаға алманың суретін салып, оның сындық белгілерін оқушыларға тапқызып барып ереже шығарту да білімнің берік қалануын қамтамасыз етпек. Мәселен, *қызыл* сөзі алманың түсін; *үлкен*

көлемін; *хош иісті* – иісін; *шырынды* – сапасын; *тәтті* – дәмін, т.б. білдіретіндігін балаларға «ой шақыру» әдісі бойынша тапқызып, ең соңында өздеріне ереже шығартуға болады.






4. Қазіргі таңдағы білім жүйесіндегі барлық өзгерістің тірегі етіп «Нәтижеге бағдарлай оқыту» моделі алынса, оның шынайы түрде жүзеге асуы пән сабақтарында **оқушының функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға мән беру** арқылы мүмкін болмақ. Әдетте балаға теориялық тақырыптар түсіндіріледі де, оның практикалық маңызы, сөйлеу тіліндегі қолданысы елеусіз қалып қояды. Мысалы, қазақ тілінің Ұлы заңы - Үндестік заңы аясындағы ілгерінді ықпал, кейінді ықпал, тоғыспалы ықпал туралы оқушының білімі болғанымен, оны күнделікті өмірде қолданбайды. Оның себебі мұғалімдердің басым бөлігі сауаттылықты тек емлеге қатысты, орфографиямен және пунктуациямен байланысты деп түсінетіндігінде. Сондықтан сабақта ауызша тіл сауаттылығына, орфоэпиялық нормаларға назар аударылмайды. Оған нақты дәлел келтірейік. Білім жетілдіру институттарындағы дәріс үстінде мұғалімдерге өлең не қара сөз үзінділерін оқытамын. Бірақ бірде-бір рет өлеңді үндестік заңына сай оқыған мұғалімдерді кездестірмедім.



десем сенбессіз. Әйтсе де ащы шындық – осы. Ал ондай мұғалімдердің оқушыдан орфоэпиялық норманы сақтауды талап етпейтіні өзінен-өзі түсінікті. Өйткені оның өзі бұл заңның арғы жағына үңілмейді, оны қажетті деп те санамайды. Рас, мұғалімдер өлеңді мазмұнына сай мақаммен, ырғақпен әсерлі етіп оқиды. Бірақ орфоэпиялық норма мүлде ескерілмейді. Олар кез келген өлеңді қалай жазылса солай оқуға дағдыланған. Қазақ тілін оқытудың басты мақсаты оқушыны сөйлеуге үйрету болса, онда әдеби тіл нормаларын сақтай отырып сөйлеуге үйрету қажет емес пе? Орфоэпиялық норма – қазақ әдеби тілінің аса маңызды нормасы. Осы норма тіліміздің әуенділігі мен әуезділігін, сұлулығы мен салтанатын, В.Радлов айтқандай «бүкіл қазақ даласы ән салып тұрғандай» ерекше айтылу сырын тануға негіз болмақ. Олай болса тілдік норманы сақтауға дағдыландыру талабы қазақ тілін меңгерту үдерісінде теория мен практиканың бірлігіне мән бере оқытудың қажеттігін бекіте түседі.

5. Мектепте оқытылатын қазақ тілі сабақтарында баланың **ой қорытуына, өзіндік тұжырым жасауына, сол тұжырымын көрнекі түрде жеткізуіне мән беру** қажеттігі де дау тудырмайды. Ол міндет оқылған теориялық материалдарды сызба, кесте, диаграмма түрінде жинақтап беруге төселдіру арқылы шешімін табады. Бұл, әсіресе, баланың түсінуіне қиындық келтіретін тақырыптарды саналы игертуде үлкен рөл атқарады. Мәселен, етістік сөз табының аясында оқылатын «Етіс түрлерін» балалар үнемі шатастырып жатады. Сондықтан мұндай тақырыптарды өткенде теорияны сызба арқылы меңгерту ұтымды шығады. Етіс категориясындағы басты өзек – әрекет иесі (субъект) мен әрекет арасындағы қатынас. Осы түсінік сызба арқылы төмендегідей етіп берілсе, оқушы бұл тақырыптарды әрі жеңіл, әрі ұғымды етіп игерері сөзсіз.

**Өздік етіс****Өзгелік етіс****Ырықсыз етіс****Ортақ етіс**

Бұл сызбаларда жалпы етіс атаулы әрекет пен сол әрекетті істеуші арасындағы қатынасты білдіретіні анық байқалады. Мәселен, өздік етіс әрекеттің тікелей иесіне қатысын білдірсе, өзгелік етісте әрекетті іс иесінің өзі емес, өзге біреу арқылы жүзеге асыратыны ұғындырылады. Ортақ етісте бір әрекетті бірнеше субъект бірлесе атқарса, ырықсыз етісте әрекет істелгенімен, іс иесінің белгісіз болып қалатыны түсіндіріледі. Бұл жерде де, жоғарыда айтылғандай, тілдік құбылыстарға мән берудің нәтижесінде оқушының білімді жылдам әрі оңай меңгеруіне қол жеткізіледі.

6. Қазақ тілінің білім мазмұнына енген **әр тақырыптың астарындағы құндылықтарға мән беру** арқылы қазақ тілінің төл табиғатын, қайталанбас даралығын, өзіндік болмысы мен бітімін, ұлттық сипатын танытуға мүмкіндік арта түсері кәміл. Ал бұл мәселе назардан тыс қалған жерде схоластикалық білім беру белең алмақ. Сондықтан қазақ тілі сабақтарында оқушыға ұсынылатын тақырыптар ана тіліміздің сан алуан қасиеттерін қай жағынан таныта алатынын бағдарлай отырып, оны оқушының сезіміне әсер ететіндей жолмен жеткізудің жөні бөлек. Мәселен, тілді оқытуда ең оңай тақырыптың бірінен саналатын «Қаратпа сөзді» алайық. Осы тақырып бойынша, әдетте, қаратпа сөздің адамның, яғни, тыңдаушының назарын аудару үшін қолданылатыны, оның оқшау сөздер тобына енетіндігі, өзге

сөздермен байланысқа түспейтіндіктен, сөйлем мүшесі қызметін атқармайтыны түсіндіріледі. Сонымен бірге осы жерде қаратпа сөздердің тек адамға ғана емес, табиғаттағы өзге де нәрселерге: жан-жануарларға (Көксерек, тез кет), өсімдіктер (Келісесің бе, Аққайың?) мен өзге де табиғат заттарына (тау, жер, өзен, аспан, т.б.), адамның дене мүшелеріне (Жүрегім, нені сезесің?), тылсым күштерге (О, Алла, өзің жар бола көр!) қаратып та айтылатынына көңіл бөлінеді. Одан кейінгі кезеңде қаратпа сөздердің тыныс белгісіне қатысты түсінік беріледі. Ары қарайғы жұмыстар осылардың мысалын өз ойынан құрастырып я көркем шығармалардан тауып айтуға, жазуға арналады. Оқушы берілген тапсырманы дұрыс орындаса, ол қаратпа сөздерді түсінді деп саналады. Осымен іс – тәмам. Сонда қазақ тілін оқытудың мақсаты осы ғана ма? Тілдік бірліктің ережесі мен оның тыныс белгісін білсе жеткілікті ме? Онда «Білім өмірлік дағдылардың негізін құрауы тиіс» деген қағида қайда қалды? Білім қай тұста құзыреттілікке айналуы керек еді? Әрине, жоғарыдағы қаратпа сөз туралы түсінік те, оның тыныс белгісіне қатысты ұғым да қажет. Бірақ ол білімнің білікке, баланың өміртанымына айналуы үшін жеткіліксіз. Сонда не жетпей тұр? Жетпей тұрғаны – біріншіден, қаратпа сөздің адам қарым-қатынасының алтын көпірі екендігі туралы ұғым. Шын мәнінде адамдар арасындағы кез келген қарым-қатынас олардың бір-бірінің назарын аудару үшін қаратпа сөзді қалай жұмсауына байланысты. Баяншының қаратпа сөзі тыңдаушының назарын бұрып қана қоймайды, тілдесімге ықыласы мен жағымды қатынасын тудырудың да маңызды алғышартын қалыптастырады. Неғұрлым сыпайы, неғұрлым шынайы айтылған қаратпа сөз «сиқырлы күшке» барабар. Ол «саңыраудың құлағын ашып, мылқауға тіл бітіре алады». Сондықтан да қазақ «Жылы-жылы сөйлесең, жылан іннен шығады» дейді. Олай болса,

сол жылылықты туындататын алғашқы «тамыздық» – қаратпа сөз. Екіншіден, қаратпа сөз – әр халықтың ділінің, болмысының көрсеткіші. Қазақ дәстүрінде үлкенге құрмет, кішіге ізет жасау үлкен мәнге ие. Адамның кісілігінің өлшемі де осы қасиет болып саналады. Бұл да адамның қаратпа сөзді қолдану әдебінен бастау алады. Жол білетін, жөн білетін қазақ үлкенге *аға, апай, атай, әжей* деп, ал кішіге *қарағым, шырағым, ботам, балам, айналайын* деп қатынас жасайды. Қазақ ешқашан «*Әйел, мұнда отырыңыз*», «*Еркек, кезектің соңы сіз бе?*» деп сұрамайды. Ендеше қаратпа сөз – халқымыздың өзіне тән кішіпейілділігі мен сыпайылығына қоса оның бауырмалдылығы мен мейірімділігін танытатын құрал. Үшіншіден, қаратпа сөздің басым бөлігі өзге тілге аударылмайтын этнолингвистикалық сипатқа ие. Мәселен, *ағатай, шырағым, айналайын, бауырым* сөздерін өзге тілге аудару мүмкін бе?! Олай болса, қаратпа сөздің магиялық қуаты қазақ тілінің осындай өзгешелігін тану арқылы күшейе түспек.

7. Қазақ тілі сабақтарында **тақырыпаралық, салааралық, пәнаралық байланыстарға мән бере оқыту** да білім сапасын көтерудің бір тетігі саналады. Үзік-үзік меңгертілген білім оқушының тіл туралы біртұтас танымын қалыптастыра алмақ емес. Бұл орайда ғалым К.Ахановтың «Қазақ тілінің ұғымдарын тектік және түрлік ұғымдарға ажырата оқыту баланың сапалы білім алуын қамтамасыз етеді» деген қағидасы басшылыққа алынады. Бұл тәсілдің тиімділігі тілдік ұғымдарды қазақ дәстүріндегі «Жеті ата» жолымен оқыту арқылы көрінеді. Өйткені тілде бәрі біртұтас, бәрі өзара тығыз байланысты, бәрі бір бүтіннің құрамдас бөлшегі болып шығады. Сондықтан олар бірде тектік, бірде түрлік сипатқа ие болады. Мәселен, «Қосымша» деген тілдік ұғым «Жалғау» мен «Жұрнаққа» қатысы тұрғысынан қарағанда тектік те, ал «Сөз құрамына»

қатысы жағынан алғанда түрлік болып саналады. «Қосымша» «Жалғау» мен «Жұрнаққа» «әке» болса, ал «Сөз құрамы» үшін ол – «бала». Себебі «Сөз құрамынан» «Қосымшадан» өзге «Түбір» де тарайды. Сонда «Жеті ата» жолына салып қарағанда: «Жалғау» мен «Жұрнақ» – «Қосымшаның» баласы; «Қосымша» – «Сөз құрамының» баласы; «Сөз құрамы» – «Морфологияның баласы»; «Морфология» – «Грамматиканың» баласы; «Грамматика» – «Тіл білімінің» баласы; «Тіл білімі» – «Филологияның» баласы; «Филология» – «Гуманитарлық ғылымның» баласы; «Гуманитарлық ғылым» – «Ғылымның» баласы болып шығады. Ал ҒЫЛЫМ – ғаламды танудың кілті. Олай болса, біз оқытатын «Қосымша» жай ғана өз алдына жеке-дара тұрған тілдік бірлік емес, ол – осынау шексіз ғаламдағы ТІЛ атты сиқырлы әлемнің, оның ішіндегі бес жарым мыңнан аса тілдің арасындағы қазақ тілінің өзіне тән ерекшеліктері мен заңдылықтарын танытатын «аса маңызды тетік».

Әрбір тілдік ұғымды осылай тарата алатын бала, біріншіден, сол ұғымның басқа ұғымдармен сабақтастығын аша алады; екіншіден, тілдің жүйелі әрі өзгеше құбылыс екендігін ұғынады; үшіншіден, оның логикалық ойлау қабілеті дамытылып, тіл туралы саналы түсінігі қалыптасады.

Жас ұрпақтың мектеп қабырғасынан бастап тілдің діл қалыптастырушылық маңызы зор, ұлтты ұйыстырушы мәйек екенін саналы түсінуі арқылы белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге оң ықпал ететіні анық. Сондықтан оқушының тіл туралы дүниетанымы мен көзқарасының, саналы түсінігінің қалыптасуы оның негізгі қырларына мән бере оқыту арқылы ғана жүзеге асатынын есте тұтқан абзал.





Марина АБАЙҚЫЗЫ,  
Ақтөбе облысы,  
Мұғалжар ауданының  
Қандыағаш қалалық

№3 мектеп-гимназиясының мұғалімі.

## ДАРЫНДЫ БАЛАЛАРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗУ ЖҮЙЕСІНЕ КӨЗҚАРАСЫМ...

Дарынды балалармен жұмыс – кезек күттірмейтін өзекті мәселелердің бірі.

Дарынды, қабілетті балаларды іздеу, оларды оқыту мен тәрбиелеу қоғам үшін бүгінгі күні өте қажет, себебі дарынды адам, қабілетті адам басқаларға қарағанда көп пайда әкеледі. Өрбір таланты адам еңбекке бейім, ол шығармашылық тапқырлықпен жігерлі еңбек етеді. Сонымен дарынды, қабілетті, талантты бала деп баланың, ата-ананың, мектептің үздіксіз еңбегінің жемісін айтуға болады. Мектептің мақсаты - жан-жақты білімді, іскер, өздік ойлау жүйесі дамыған, адамгершілігі жоғары, қабілетті тұлға қалыптастыру, балалармен жүйелі жұмыс ұйымдастыру.

**Дарындылықты дамытудағы басты мақсат** - еліміздің зияткерлік қорын құру үшін адамзаттың ең талантты тобын пайдалану, жеке тұлғаның дарыны мен қабілетін жоғары деңгейге көтеру. **Міндеттері:** оқушылардың ақыл-ой қабілетін жетілдіру; шәкірттердің шығармашылық жеке дарындылығын дамыту; оқушыларды тәрбиелеуде олардың жан-жақты дамуын, еңбекке шығармашылық қатынасын, өмірлік, азаматтық белсенді позициясын қалыптастыруға және жоғары адамгершілік сапалары мен рухани

құндылықтарының дамуына ықпал ету; дарынды балаларды оқыту мен дамыту; дарынды, қабілетті балаларды оқыту мен тәрбиелеу үшін ұйымдастырылған педагогикалық-психологиялық жағдайларды жақсарту.

Дарындылықты зерттей бастасақ, көп сұрақтарға жауап беруге тура келеді: «Баланың дарындылығын қалай анықтауға болады? Дарындылығы анықталған баламен қалай жұмыс жүргізуіміз керек? Жоғары деңгейде қалай жұмыс жасауға болады?» т.б. с.с.

Мен өз іс-тәжірибемде мектепте дарындылықты анықтау психологиялық жағынан аңғарылатынын байқадым. Солай десем де, бала дарындылығы дәл мына жаста анықталады деп дөп айта алмаймын. Мектепте дарынды, қабілетті балалар жұмыс жоспарына сәйкес ұйымдастырылған іс-шаралар кезінде байқалып келеді. Анықталған балалармен мектеп психологі түрлі тренингтер өткізеді, тиісті сауалнама сұрақтарын беріп, анықтамасын айқындайды.

**Дарынды балалармен жұмыс жасау үшін мынадай талап қойылады:** дарынды баланы анықтау; арнайы бағдарламалар жасау; жаңа педагогикалық технологияны қолдану; ата-аналармен қарым-қатынас жасау; оқушыға берілген тапсырмалардың дұрыс және сапалы орындағанын қадағалау; ұйымдастырылған шараларға белсенді қатыстыру.

**Дарынды балалармен жұмыс үшін** оқушының аты-жөні, дарындылығы анықталған сала, дарындылық пен ерекше қабілеттерді дамытудың шарттары, дамытушының іс-әрекетті ұйымдастыру формалары таңдап алынуы тиіс. Мұғалім сонымен қатар оқушының жеке тұлғалық даму картасын үнемі назарда ұстауы қажет.

**Оқушылардың жеке даму картасы төмендегідей жинақталады:** оқушының аты-жөні; білім деңгейінің орташа көрсеткіштері; шығармашылық белсенділігінің көрсеткіштері; тәртіптілік деңгейінің көрсеткіштері;

психологиялық зерттеу көрсеткіштері.

Дарынды деп анықталған балаға осындай бағыттарды басшылыққа алып жұмыстарды жүргізуге болады. Осындай бағыттарды үнемі назарда ұстау арқылы әрбір пән мұғалімі оқушының ерекше көзге түсетін қабілеттерімен қатар олардың дамуына қажет болатын жағдайлар мен дамытушы іс-әрекетті ұйымдастырудың тиімді формаларын қарастырып, оны өз жұмысында тиімді пайдалана алады. Пән мұғалімі бала дарындылығын жүзеге асыруда шығармашылық әрекет жасайды, жаңашылдық енгізеді; проблемаларды көре біледі; болжай біледі.

Дарынды, қабілетті балалармен жұмыс жүргізуде бала бойындағы тапқырлық, бейімділік, қабілеттілік, таланттылық байқалады. Мұның бәрі де - оқушы бойындағы дарындылық қасиет.

Өмірдегі шынайы ғажап, адамзатқа маңыздылар дарындылар қолында, ал сол дарындылардың тағдыры біздің, яғни, ұстаздар қауымының қолында. Дарынды балаларға қызмет етуден жалықпайық, ұстаздар! Әріптестерімен тәжірибе алмастыру арқылы осы бағыт бойынша кәсіби деңгейіміз жоғарылай берсін демекпін.

---

*Қайсысы дұрыс, қайсысы бұрыс?*

## **БІР СӨЗДІҢ СЫРЫ**

«Қазақ тілінің сөздігінде» (А., 1999) «айрық» сөзі айрылатын, бөлінетін жер деген мағынада берілсе, «айырым» сөзі де айырылатын жер, айырық» деген мағынада айтылады.

Тағы бір үлкен еңбек - «Қазақша-орысша сөздікте» (А., 2008) «айрық» сөзі «развилка» деген мағынада жұмсалса, «айырық» сөзі де «развилка» деген мағынада қолданылған.

*(жалғасы 33-бетте.)*



Жақсыгүл ЖАППАРОВА,  
Ақтөбе облысы,  
Шалқар ауданының  
Тоғыз стансасындағы  
№7 орта мектептің мұғалімі.

# СӨЙЛЕМНІҢ БІРЫҢҒАЙ МҮШЕЛЕРІ

(8-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** сөйлем мүшелерін пысықтау, сөйлем мүшелерінен жасалатын бірыңғай мүшелерді, оның ерекшеліктерін оқыту.

**Сабақтың міндеттері:** **білімділік** - оқушылардың сөйлем мүшелері, айқындауыш мүшелер туралы білімдерін пысықтап қорытындылау, сөйлемнің бірыңғай мүшелері, оның ерекшеліктері, негізгі белгілерін түсіндіру; **тәрбиелік** - оқушыларды терең білімді болуға, ұжымдастыққа, қоғамдағы саяси жаңалықтарды білуге үйрету, туған елді, жерді құрметтеуге, ұлттық құндылықтарды бойына сіңіруге тәрбиелеу; **дамытушылық** - өткен сабақ пен жаңа сабақты байланыстыра түсіндіру, оны жазу мен сөйлеуде қолдана алуға үйрету арқылы оқушыларды өз бетімен жұмысқа баулу, білім-білік дағдысын арттыру, шығармашылыққа бейімдеу.

**Көрнекілігі:** техникалық құралдар, интерактивті тақта, компьютер; қосымша қолданылған әдебиеттер: М.Балақаев. Қазіргі қазақ тілі. Ш.Бектұров. Қазақ тілі. **Сабақтың типі:** жаңа сабақты меңгерту. **Түрі:** проблемалық сабақ. **Әдісі:** топтық жұмыс, тест тапсырмалары, талдау жұмыстары, ой-толғау.

**Пәнаралық байланыс:** әдебиет, тарих.

## **Сабақтың жүру жоспары:**

**I. Ұйымдастыру:** оқушыларды түгелдеу, қатысымын тексеру, сабаққа даярлау.

**II. Жаңа сабаққа жол.** 1. Қызығушылықты ояту.

Өткен сабақ материалдарын пысықтай келе жаңа сабақпен байланыстыру.

**III. Жаңа сабақ.** 2. Мағынаны тану. Мысалдарды талдау. Ереже шығару. Жаттығу жұмысы. Бірыңғай мүшелердің ерекшеліктері, негізгі белгілерін түсіндіру. Жаттығу жұмысы. Топтық жұмыс.

**IV. Сабақты бекіту.** 3. Қорытындылау . Ойтолғау. Тест жұмысы /жабық тапсырма/. Семантикалық карта /ашық тапсырма/. Ойтолғау /шығармашылық тапсырма/.

**V. Бағалау. VI. Үйге тапсырма.**

## **Сабақтың барысы. I. Ұйымдастыру.**

**II. Жаңа сабаққа жол.** 1. Қызығушылықты ояту.

Бүгінгі сабақтың ұраны: Мұқағали Мақатаевтың өлеңі- «Үш бақытым».

**1-слайд.** Өткен сабақ материалдарын пысықтай келе жаңа сабақпен байланыстыру

*I. Ең бірінші бақытым – Тілім менің...*

Интерактивті тақтадан мысалдар көрсету.

Ұлтты, халықты тек тілі арқылы ғана тани аламыз.

Ана тілінсіз ұлт әдебиеті, ұлт мәдениеті болмайды.

Ана тілі – айбарымыз, айбатымыз, ардағымыз.

Қазақ тілі – дамыған, жетілген, бай, икемді тіл.

Тілдің байлығы – бүгін де, ертең де, тіпті, ғұмыр бойы таусылмас қазынамыз сияқты.

Әр мысалдағы сөйлем мүшелерін сұрақ қою арқылы табу, олардың қандай сөз табынан жасалып тұрғанын анықтау.

### III. Жаңа сабақ.

#### 1. Мағынаны тану

#### 2-слайд. Мысалдарды талдау

Мысалдар	Сөйлем мүшелері	Сұрақтары	Сөз табы
1. Ұлтты, халықты тек тілі арқылы ғана тани аламыз.	бірыңғай толықтауыш	кімді	зат есім
2. Ана тілінсіз ұлт әдебиеті, ұлт мәдениеті болмайды.	бірыңғай бастауыш	не	зат есім
3. Ана тілі – айбарымыз, айбатымыз, ардағымыз.	бірыңғай баяндауыш	не	зат есім
4. Қазақ тілі – дамыған, жетілген, бай, икемді тіл.	бірыңғай анықтауыш	қандай	сын есім
5. Тілдің байлығы бүгін де, ертең де, тіпті ғұмыр бойы таусылмас қазынамыз сияқты.	бірыңғай пысықтауыш	қашан?	үстеу

Әр мысалдағы сөйлем мүшелерін таптық. Енді осы мысалдардан қандай ерекшеліктер байқадық?

Оқушылар төмендегі ерекшеліктерін айтады:

1. Мысалдардағы сөйлем мүшелері сан жағынан біреу ғана емес, бірнешеу болып бірыңғайласып тұр.

2. Белгілі бір сөз табынан жасалып тұр.

3. Олар бір ғана сұраққа жауап беріп, бір ғана ортақ мүшемен байланысып тұр.

Оқушылар айтқан ерекшеліктерді түзетіп, қосымша толықтырып, ережесін бірге шығарамыз.

**Ереже шығару.** Бірыңғай мүшелер

#### 3-слайд.

*Сөйлемдегі қызметі, тұлғасы, сұрақтары бірдей және бір ғана ортақ мүшемен байланысатын сөздер бірыңғай мүшелер деп аталады.*

Оқулықпен жұмыс. 62-жаттығу.


Жаттығудағы сұрақ-тапсырмаларды топқа бөліп орындату

1. Сөйлемде не жазғанда сөйлемнің бірыңғай мүшелері не үшін қолданылады?

2. Сөйлемнің бірыңғай мүшелері барлық сөз таптарынан бола бере ме? Мысал келтіріңдер.

**4-слайд. II. Ал, екінші бақытым – Халқым менің...**

**Бірыңғай мүшелердің ерекшеліктері, негізгі белгілерін түсіндіру.**



2. 63-жаттығу. Өлеңді екіге бөліп, екі топқа жазғызу.  
 Өлеңдегі тыныс белгілері қойылмаған бірыңғай сөйлем мүшелерінің тыныс белгісін қойып, ондағы сөйлем мүшелерін анықтау.

**5-слайд.**

Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ,  
 Қой мойынды қоян жақ бөкен қабақ  
 Ауыз омыртқа шығыңқы майда жалды  
 Ой желке үңірейген болса сағақ.

Теке мұрын салпы ерін ұзын тісті  
 Қабырғалы, жоталы болса күшті  
 Ойынды еті бөп-бөлек омыраулы,  
 Тояттаған бүркіттей салқы төсті.

Жуан тақыр бақайлы жұмыр тұяқ  
 Шынтағы қабырғадан тұрса аулақ,  
 Жер соғарлы сіңірлі аяғы тік,

Жауырыны етсіз біткен тақтайдай-ақ. /Абай/

**6-слайд. Бірыңғай мүшелердің тыныс белгілері.**

Тыныс белгісі	Ережесі	Мысалдары
I. Үтір. Үтір қойылады.	1) бірыңғай мүшелер өзара жалғаулықсыз байланысса	<i>Ұлтымыздың ұлы болмысын, ұлттық тұлғасын танып білу – отаншылдық қасиет.</i>
	2) <i>да, де, та, те</i> ыңғайластық жалғаулық шылаулар бірыңғай мүшенің әрқайсымен қайталанып айтылса	<i>Себебі өткенді де, бүгінді де жалғайтын – ұрпақтар көші.</i>
	3) <i>бірақ, сонда да, алайда</i> деген қарсылықты жалғаулықтылар арқылы байланысса, үтір аталған жалғаулықтың алдына қойылады.	<i>Заман жаңарады, бірақ өнегелі өткен із өшпейді.</i>
	4) <i>я, не, біресе, әлде</i> талғаулықты жалғаулықтар әр бірыңғай мүшенің алдында қайталанып байланысса, бірыңғай мүшелерден кейін үтір қойылады.	<i>Ұлы тарихтың ізі бірде әдебиетте, бірде өнерде, бірде ғылымда сайрап жатыр.</i>

Үтір қойылмайды	<i>пен, бен, және</i> жалғаулық шылаулары арқылы байланысса	<i>Ол - ұзақ ғұмырлы және көркем шежірелі дастан.</i>
	<i>да, әрі, не, немесе, яки</i> шылаулары қайталанбаса	<i>Небір гауһар асыл да, небір қайтпас батыр да - халықта.</i>
II. Сзықша	Кейбір бірыңғай мүшелердің алдында немесе соңынан жалпылау, сілтеу, сан есімдерден жұмсалатын жалпылауыш сөздер болады. * Егер жалпылауыш сөздер бірыңғай мүшелердің соңынан келсе, онда сзықша жалпылауыш сөздің алдына қойылады.	<i>Ұлтымыздың асыл құндылықтарын сақтау да, алға апару да - бәрі біздің еншімізде. Тіл, тарих, дін, діл, халық – бесеуі ұлтты ұлт етіп қалыптастыратын байлық.</i>
III. Қос нүкте	* Егер жалпылауыш сөз бірыңғай мүшелердің алдынан келсе, онда жалпылауыш сөзден кейін бірыңғай мүшелердің алдына қос нүкте қойылады.	<i>Халықтың ұлы болуы үшін, Абайша айтқанда, мыналар: ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек керек.</i>

3. 64 - жаттығуды ауызша орындату. Топтық жұмыс.

Әр топ мүшелеріне төмендегі тапсырмаларды орындату

1. Мәтіннің әр абзацын әр топқа оқытқызу. 2. Әр абзақтағы бірыңғай мүшелерді табу. 3. Қандай сұраққа жауап беретінін, қай сөз табынан жасалғанын анықтау.

**7-слайд. III. Бақытым бар үшінші – Отан деген ...**

**IV. Сабақты бекіту. 3. Қорытындылау.**

1. Тест тапсырмасын беру / жабық тапсырма/

**8-слайд.**

### Жауабын тексер

сұрағы, жауабы	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
нұсқасы										
I нұсқа	д	в	с	с	в	в	а	с	д	а
II нұсқа	в	д	д	а	с	а	с	с	а	д

**9-слайд. 2. Семантикалық карта.**

р / с	Сөйлемдер	бірыңғай сөйлем мүшелері					сөз табы		
		бастауыш	баяндауыш	толықтауыш	анықтауыш	пысықтауыш	зат есім	сын есім	етістік
1	Біздің Отанымыз – әрі бай, әрі кең байтақ қазақ жері.				+		+		
2	Отанды сүю отбасынан, өз үйіңнен, туған ауылыңнан басталады.			+					
3	Сайын дала Сарыарқа да, асқар Алатау да, кербез Көкшетау да -бәрі Қазақстанның көркем келбетін көрсетеді.	+					+		
4	Тәуелсіздік алған уақытымыз аз, алайда біз алған асу көп.		+				+		
5	Тәуелсіздіктің бір жеңісі – кейде толқып, кейде шалқып аққан Есіл бойындағы ару Астана.					+		+	
6	Не қиындық, не жаулық болса да бірлігі ұйыған елді ала алмайды.	+							
7	Отанымызды қорғайтын, тәуелсіздігімізді сақтайтын нәрсе мыналар: татулық, ынтымақ, бірлік, білім мен еңбек.	+					+		

р / с	жалғаулық				жалғаулықсыз	тыныс белгі			жалпылауыш сөз
	ыңғайластық	кезектес	қарсылықты	талғаулықты		үтір	сызықша	қос нүкте	
1	+					+			
2					+	+			
3	+					+	+		
4			+			+			
5		+				+			
6				+		+			
7					+	+		+	+

**10-слайд. 3.** Бірыңғай мүшелерді қатыстырып ойтолғау жазу.

Тірек сөздер: ана тілі, мемлекеттік тіл, қазына, байлық, ел, халық, Тәуелсіздік, егеменді, ерлік, елдік, Қазақстан, ұлт, ұлыс, ынтымақтастық, бірлік, татулық, халықтар достығы.

Тақырыптары: «Менің тілім, өз тілім, анам тілі», «Қазақстан және ЕҚЫҰ», «Біздің ел», «Ел мақсаты – ынтымақ, бірлік, достық», «Бірлігі жарасқан елміз», т.б.

## V. Бағалау.

**VI. Үйге тапсырма.** 1. 65-жаттығу 2. Бірыңғай мүшелер туралы оқу, ережесін жаттау. 3. Баспасөз материалдарынан, көркем әдебиеттерден бірыңғай мүшелі үш сөйлем жазып келу.

---

**Қанағат ТҮСІПҚЫЗЫ,**  
**Шығыс Қазақстан облысы,**  
**Күршім ауданының**  
**«Н.Островский атындағы**  
**№4 Күршім орта мектебі»**  
**мемлекеттік мекемесінің мұғалімі.**

# ЖАЛАҢ ЖӘНЕ ЖАЙЫЛМА СӨЙЛЕМ

(8-сынып)

**Сабак мақсаты: білімділік** - жалаң және жайылма сөйлем туралы түсінік беру, ерекшеліктерін түсіндіру, тапсырмалар арқылы жалаң және жайылма сөйлемдерді таба білуге үйрету; **тәрбиелік** - өз бетімен еңбек етуге тәрбиелеу, топпен жұмыс жасау арқылы ұжымшылдыққа тәрбиелеу; **дамытушылық** - оқушылардың ізденімпаздығын, байқампаздық қасиеттерін



дамыту, шапшаңдыққа дағдыландыру. **Типі:** жаңа білім меңгерту сабағы. **Түрі:** дәстүрлі сабақ. **Әдісі:** тест, іздендіру, түсіндіру, сұрақ-жауап, ой қозғау. **Оқыту формасы:** бірлескен ұжымдық іс-әрекет. **Көрнекілік:** интерактивті тақта, тапсырма салынған конверттер.


### Сабақтың барысы.

**I. Ұйымдастыру.** А, Ә, Б, В топтарына бөлу. Топ жетекшілерін сайлау. Топ жетекшілеріне бағалау қағаздарын беру.

**II. Өткен материалды қайталау** (деңгейлік тапсырмалар бойынша).

 - күрделі деңгей       - қалыпты деңгей  
 - төменгі деңгей.

Интерактивті тақтадан тірек сигналдары көрсетіледі.




Өз білмегеніңді кісіден сұра, Үлкен болмаса кісіден сұра. Мен өзімнің қазақ екенімді мақтан етемін. Ұрпағы өз тілінде сөйлеген ұлттың рухы биік. Мен ешкімді

жататынбайтын, дініне, нәсіліне бөлмейтін халқыма сенемін. Еліміздің болашағы жарқын.

Берілген сөйлемдерге синтаксистік талдау жасау, тірек сигналдарымен айшықтау.

Үлгі: T+T+б



□ - қалыпты деңгейдің тапсырмалары

Перфокартаны толтыр.

Мысалдар	Жақты	Жақсыз	Атаулы
Ұлыған боран.			+
Олар жастардан сыр тартуға ұмтылыпты.	+		

Мысалдар	Жақты	Жақсыз	Атаулы
Шоқан әңгімесін қайта жалғастырды.	+		
Досанның тауға қайта барғысы келді.		+	
Бішқынған долы дауыл.			+

Мысалдар	Жақты	Жақсыз	Атаулы
Бурабайдың табиғатын ауызбен айтып болмайды.		+	
Кеш болғанын білмей қалыппын.	+		
Ауыл. Топтанған адамдар.			+

△ - төменгі деңгейдің тапсырмалары

Оқшау сөздерді тауып астын сыз. Тиісті жерге тыныс белгісін қой.

1. Ер қадірін, әрине, халық ұмытпас.
2. Сірә, дәл осы бұлақ бұл аймақтың нәрі болса керек.
3. Ау, қызғыш құс, қызғыш құс,  
Қанатың қатты, мойның бос.
4. Саржан аға, мен сізді бір көрсем де ұмытқан жоқпын.

**III. Жаңа сабақ.** «Жалаң және жайылма сөйлем» деп тақырып жазылады. Оқушылар жаңа сабақты өз беттерімен меңгереді.

Интерактивті тақтадан сөйлемдер жазылған екі сызба беріледі, сол сөйлемдер бойынша оқушылар жалаң және жайылма сөйлемнің ережесін шығарып, ерекшеліктерін тауып түсінік береді.

<b>Жалаң сөйлем</b>	<b>Жайылма сөйлем</b>
Партизандар ұйықтап кетті.	Сөйлемді сауатты құрастыруға дағдылан.
Қар кетіпті.	Үлкенді сен сыйласаң, Кіші сені сыйлайды.
Жер түлеген.	Мазмұнына өрнегі жарасқан тәуелсіздіктің қасиетті Туы мәңгі желбіресін.

Оқушылар орындарында отырып сөйлемдерді сөйлем мүшелеріне талдайды. Әр топтан оқушы тақтадағы сөйлемдердің астын сызып, ережесін айтады. Жалаң және жайылма сөйлемнің айырмашылықтарын табады. Оқушылардың ережелері оқулықпен салыстырылып, дұрыс-бұрыстығы анықталады.

**IV. Жаңа сабақты бекіту.** Төрт үстелге төрт түрлі тапсырма салынған конверт қойылады. Оқушылар топпен үстелдерге ауысып жүріп тапсырмаларды орындайды.

**А үстелінің тапсырмасы.** Берілген өлең жолдарын қара сөзге айналдырып жаз. Ішінде жалаң және жайылма сөйлемдер болсын.

Жасымнан жетік білдім түрік тілін,  
Сол тілге аударылған барлық білім.  
Ерінбей еңбек еттім, еңбек жанды,  
Жарқырап қараңғыдан туып күнім.

**Ә үстелінің тапсырмасы.** Сигналдық кәртішке - «Бұйрықты бұлжытпай орындаймыз».

«Менің мектебім» тақырыбына сызбадағы үлгі бойынша шағын мәтін құрастыру керек.

Бастауыш + баяндауыш.

Күрделі бастауыш + сын есімнен болған бірыңғай баяндауыш.

Бастауыш+анықтауыш+баяндауыш.

Пысықтауыш+анықтауыш+баяндауыш.

Пысықтауыш+анықтауыш+бастауыш+баяндауыш.

Бастауыш+толықтауыш+пысықтауыш +баяндауыш.

Бастауыш+толықтауыш+баяндауыш.

Мектебім көп қабатты. Сынып бөлмелері кең, жарық. Мен 8-сыныпта оқимын. Сыныпта 26 оқушы бар. Мектепте әртүрлі мерекелер өтеді. Біз мерекелерге белсене араласамыз. Мен мектебімді мақтан тұтамын.

**Б үстелінің тапсырмасы.** Тест тапсырмалары.

**Сәйкестендіру тесті.**

- |                   |                             |
|-------------------|-----------------------------|
| 1. Атаулы сөйлем  | 1. Бүгін аспан бұлтсыз.     |
| 2. Жалаң сөйлем   | 2. Мені танимысың?          |
| 3. Жайылма сөйлем | 3. Оған таңдануға болмайды. |
| 4. Жақты сөйлем   | 4. Жаңбыр сіркіреп тұр.     |
| 5. Жақсыз сөйлем  | 5. Түн орталаған шақ.       |

1	2	3	4	5
5	4	1	2	3

**Баламалы тест.**

№	Сұрағы	Жауабы	
1	Атаулы сөйлем зат-құбылыстың, мезгілдің, мекеннің атауын ғана білдіреді.	Иә	Жоқ
2	Жалаң сөйлем тек тұрлаулы мүшелерден тұрады.	Иә	Жоқ
3	Жайылма сөйлем – тұрлаусыз мүшелер қатысқан сөйлем.	Иә	Жоқ
4	Жақсыз сөйлем – бастауышы бар сөйлем.	Иә	Жоқ
5	Жақты сөйлем – баяндауышы сөйлемге ұйытқы болатын сөйлем.	Иә	Жоқ

1	2	3	4	5
иә	иә	иә	жоқ	жоқ

**V. Сұрақ-жауап тәсілі арқылы жаңа сабақты бекіту.** Мен бүгінгі сабақта нені білдім ?

**VI. Қорытындылау.** Топ басшыларының бағалау парағы бойынша қорытынды бағасын шығару.

**VII. Үйге тапсырма:** 78-жаттығу.

# ҚҰРМАЛАС СӨЙЛЕМДЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ҮТІР

(9-сынып)

**Сабақтың мақсаты: білімділік** – оқушыларға құрмалас сөйлемдердің құрамындағы жай сөйлемдердің араларына үтірдің қойылу ерекшелігін меңгерту; **дамытушылық** - өз ойларын еркін жеткізе білуді, сауатты сөйлеп, жаза білуді дамыту; **тәрбиелік** – тақырыпқа қатысты талдауға алынған мысалдардың тәрбиелік мәнін ашып отыру, туған елін, жерін, тілін сүйе білуге, адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу. **Түрі:** жаңа сабақты бекіту. **Әдісі:** сұрақ-жауап, сын тұрғысынан ойлау.

**Сабақтың барысы. 1. Ұйымдастыру кезеңі:** сәлемдесу; түгелдеу; барлық зейіндерін сабаққа аударуларын талап ету.

**2. Үй тапсырмасын тексеру.** Оқшау сөздерге байланысты қойылатын үтір. Жаттығу жұмыстары.


**3. Жаңа сабақ. Ой қозғау сатысы.**

«Кішіпейіл болсаң, кішірейіп кетпейсің». Осы сөйлемді, яғни, мақалды бүгінгі сабағымыздың эпиграфы ретінде аламыз, оқушылар! Осы мақалдың мағынасын қалай түсінесіздер? (Біздерге кішіпейіл, үлкенге құрмет, кішіге ізетпен қарауды, қайырымды болуды үйретеді.)

– Бұл сөйлемнің бүгінгі сабағымызға қандай қатысы бар? Сөйлемнің құрылысына назар аударайықшы. Сөйлем түрін анықтайық.


(Сөйлем – құрмалас сөйлем.)

– Дұрыс айтасыздар. Бүгінгі жаңа сабақтың тақырыбы – «Құрмалас сөйлемдерге қойылатын үтір».



а) грамматикалық негізі – екеу, арасына үтір қойылады.

### Салалас құрмалас



ә) Жалғаулықсыз ыңғайлас, себеп мәнді салалас құрмалас сөйлемдердің арасына үтір қойылады.

Жалғаулықсыз  
ыңғайлас

Жемісті ағаш жер бауырлап өседі,  
Жетелі жігіт ел бауырлап өседі.

Жалғаулықсыз себеп-  
салдар салалас

Жеке бастың ісіне көпшіліктің ісін айырбастауға  
болмайды, бұл пікірден қайтуыңызды өтінем.

Сызбасы: себеп мәнді, салдар мәнді

б) Сабақтас құрмалас құрамындағы жай сөйлемдердің ара жігіне де үтір қойылады.

Өркөкірек болғанмен, ұлылыққа жетпейсің.

**«ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ОЯТУ».** Сабағымызда адам бойындағы адамгершілік, кішіпейілділік, қайырымдылық сияқты қасиеттерге баса көңіл бөліп, сабақ тақырыбымен байланыстырып отырамыз.

**Үш топқа сөздер ұсынылады:**

- адамгершілік,
- жақсылық,
- жамандық,
- өнеге.

Осы сөздерді қатыстырып құрмалас сөйлем құрастырыңыз.

- Енді назарымызды оқулыққа аударып, кітаппен жұмыс жүргіземіз. Әр топтан тақтаға оқушылар шығады.

**179-жаттығу бойынша.**

1, 2, 3-сөйлемдерге үш топтан оқушы шығады.

Сөйлемнің тыныс белгісін қойып, сөйлем мүшелеріне талдаңыздар (үлестірме топтамалар ұсынылады).

**180-жаттығу бойынша.**

Сабақтас құрмаластарды теріп жазып, мағынасын ашып

түсіндіру. Тақтаға үш топтан үш оқушыға үш сөйлемді жазғызамын. Қалған оқушыларды ауызша проблемалық сұрақтар қою арқылы сөйлетемін.

Мысалы: Үлкен кісі аялдамадан автобусқа мінді де, отыратын орын таба алмай ұзақ тұрып қалды. Жастар жағы терезеге қарап, орын беруді де ойламады. Осы қасиеттері дұрыс деп ойлайсыздар ма?

**Жеке жұмыс.** Үлестірме топтама тапсырмалары:

1. \_\_\_\_\_ , бірақ ешнәрсе көрінбейді (қарсылықты салалас)
2. \_\_\_\_\_ да, \_\_\_\_\_ (ыңғайлас салалас)
3. Әрі \_\_\_\_\_ , әрі \_\_\_\_\_ (ыңғайлас салалас)
4. \_\_\_\_\_ , \_\_\_\_\_ (себеп-салдар салалас)
5. Кейде \_\_\_\_\_ , кейде \_\_\_\_\_ (кезектес салалас)
6. \_\_\_\_\_ біресе \_\_\_\_\_ , біресе \_\_\_\_\_ (кезектес салалас)

**Ой толғаным.** Топтық тапсырма.

1-топқа еркін сөйлету мақсатында тақырып ұсынылады. Шағын әңгіме, ой толғау құрастыру. Құрмалас сөйлемдерді қатыстырып, тыныс белгілерін дұрыс қоя білу.

«Егер сен бай болсаң, қайырымдылық көрсете алар ма едің?» (ой толғау).

2-топ. «Екі жақты күнделік»

<b>Мәтіннен үзінді (180-жаттығу бойынша)</b>	<b>Оқушы жауаптары (өмірмен байланыстыр)</b>	<b>Мақал-мәтелдер (ой қорыту)</b>
Қазақ халқы қайырымды болудың қажеттілігін балаға ес кіргеннен бастап айтып, бойына сіңіріп отырған.		Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі.



<p>Бұрынғының ауқатты адамдары алдына келген мүгедек-мүсәпірлерге мал-мүлік беріп, ел қатарына қосқан.</p>		<p>«Ұлық болсаң – кішік бол».</p>
--	--	-----------------------------------

3-топ. Эссе жазу: «Қазақ тілі сабағы бүгін мен үшін...».

1. Құрмалас сөйлем бойынша алған түсінігімді нығайта түстім.

2. Тыныс белгілерін (үтірді) дұрыс қоя білуді үйрендім.

3. Еркін сөйлеп, жаза білуге дағдыландым.

4. Мен – сауатты шәкіртпін.

5. Адамгершілігі мол, қайырымды болуды үйрендім

Осы секілді сөйлемдермен ойымызды қорытындылаймыз.

**Қорытындылау.**

**Үйге тапсырма.**

1. 181-жаттығу. Құрмалас сөйлемдерді табу.

2. Тарихта аты қалған қандай қайырымдылық істерді білесіңдер? Сол туралы жазып келіңіздер.

**Бағалау.**

*(басы 16-бетте)*

Сондай-ақ, «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігінде» (А., 2005) «айрық» сөзі «айрық жол» мағынасында көрсетілген, бірақ «айырық» түрі туралы сөз жоқ.

Осы жағдайға назар аударсақ, мұнда бірізділік жоқтығы байқалады, оқушыларды сауатсыздыққа ұрындыратын жол сияқты көрінеді.

Біздің ойымызша, «айырық» түрі көкейге қонымды.

Ал, Сіз қалай ойлайсыз, оқырман?

*Редакциядан.*

## РЕТТІК САН ЕСІМДЕР

**Сабақтың мақсаты:** білімділік - оқушылардың сан есімдер туралы білімін кеңейту, реттік сан есімнің жасалуы туралы түсінік беру; **дамытушылық** - сан есімдерге байланысты қызықты грамматикалық тапсырмалар орындау арқылы оқушылардың ойын дамыту; **тәрбиелік** - сан есімдерге қатысты халықтық тұрғыдан тәрбие беру.

**Түрі:** аралас сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, қазақ халқының қашықтық өлшемдері арқылы тапсырмаларды сайыс орындау. **Көрнекілік:** интерактивті тақта арқылы қызықты грамматикалық тапсырмалар, ұлттық өлшемдер, жаңылтпаштар, мақал-мәтелдер.

**Сабақтың барысы.** 1. Ұйымдастыру.

2. Үй тапсырмасын тексеру.

Сынып «Білгірлер» және «Тапқырлар» болып екі топқа бөлінеді. Әр тапсырма орындалған сайын топ белгісі қашықтық көлемімен танысып алға жылжып отырады, сонымен қатар өте жақын және жақын өлшемдермен танысады.

Үй тапсырмасы сұрақ-жауап арқылы тексеріледі.

**Аттам жер.** 1.Сөзжасам дегеніміз не? 2.Сөз дегеніміз не? 3.Сөз тұлғасы неден тұрады? 4.Жалғаудың неше түрі бар? 5.Жұрнақтың неше түрі бар? 6.Күрделі сөздерге қандай сөздер жатады? 7.Түбір дегеніміз не? 8.Морфология нені зерттейді? 9.Қазақ тілінде қанша сөз табы бар? 10.Атауыш сөздерге нешеуі жатады? 11.Одағай нені білдіреді? 12.Көмекші сөзге не жатады? 13. Зат есімнің сұрақтары.

14. Дерексіз зат есімдерге мысал келтір. 15.Туынды сын есімдер қалай жасалады? 16.Сан есім қандай сөз табы? 17.Сан есімнің мағыналық түрлері. 18.Есептік сан есімнің сұрақтары. 19.Қазақтың сан есімдермен аталатын қандай ойындарын білесіңдер? 20.Қазақта қандай киелі сандар бар?

**Бөрік тастам.** Екі топ кезектесе сан есімдері бар мақал-мәтелдер айтып жарысады. Қай топтың мақалы бітсе - жеңілгені.

### **3. Жаңа сабақ.**

**Сұрағы:** нешінші?

**Сипаты:** заттың саналу ретін білдіреді

**Жасалуы:** есептік сан есімдерге, егер ол дауысты дыбысқа бітсе, -ншы,-нші, ал дауыссызға аяқталса, -ыншы, -інші жұрнағы жалғанады. Кейде олар цифрмен де беріледі.

(Оқулықтағы ереже бойынша мысалдар арқылы түсіндіріледі.)

**Емлесі.** 1. Мен 6-сыныпта оқимын. 2. ХХІ ғасыр – жаңару ғасыры. 3. 1993 жылы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасының тұңғыш Конституциясы қабылданды.

**4. Оқулықпен жұмыс.** Оқушылар оқулықтағы ережені бір қайталап алады. 164-жаттығуды орындаймыз. Берілген сан есімдерді реттік сан есім етіп сөзбен әр топтың оқушылары кезектесе тақтаға жазады.

**Иек артпа.** (Екі топ та жазбаша тиісті сан есімдерін жазады).

1. .... жылдың ..... желтоқсаны – Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алған күні.

2. .... жылдың ..... тамызында Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданды.

3. .... жылы Қазақстан Республикасы егемен ел болды, Президент сайланды.

**Қозы көген жер. Қызықты сөздер** (Оқушылар үлгідегідей сөздерді өздігінен табады, ол сөздерді реттік сан есімге айналдырады және жұрнақтың жалғануын түсіндіреді).

Кекіл: к+2+л

Күш: к+3

Қонақ: қ+10+ақ

Күбір: кү+1

Бесік: 5+ік

**Қырық қадам. Ұлттық ырымдар мен тыйым сөздер.**

1. Алты жыл аш болсаң да асықтың етін мүжіме. 2. Сәби тоңқайып екі аяғының астынан қараса, күткен жолаушы келеді немесе қонақ келеді.

Екі топ кездескен есептік сан есімдерді реттік сан есімге айналдырып септейді.

**Тас лақтырым. Сәйкесін тап!**

1 асым	→	тұз
1 ұрттам	→	қамыр
1 жайым	→	сөз
1 ауыз	→	су
1 шымшым	→	ет
1 үзім	→	қазы
1 елі	→	нан

**Ат жетер жер.** Есте сақтау диктанты.

Төстессе бес дос,

Сен де төстес.

Үш тасты ұстасшы,

Үш тас та тұтасты.

**Ат шаптырым.** Шығармашылық жұмыс.

Сурет бойынша реттік сан есімді қатыстырып әңгіме құра.

**Қорытындылау.**

**Өзінді тексер.**

Реті	Сұрағы	Жауабы	
1	Нешінші реттік сан есім сұрағы ма?	Иә	Жоқ
2	Реттік сан есім рим цифрымен берілсе, жұрнақ орнына (-) қойылмайды.	Иә	Жоқ
3	Ай, жыл атауынан кейін дефис қойылмайды.	Иә	Жоқ
4	Сан есім дауыстыға бітсе, дауыссыздан басталатын жұрнақ жалғанады.	Иә	Жоқ
5	Реттік сан есім заттың есебін білдіреді.	Иә	Жоқ

**Үйге тапсырма.** Оқушылар берілген жас мөлшерлері бойынша әр мүшелді біріншісі, екіншісі деп анықтау керек және сандарды сөзбен жазып келеді.

- .....- 25 жас (жігіттік шақ)
- ..... -61 жас (орта жас)
- .....-73 жас (қарттық)
- .....-37 жас (ақыл тоқтату)
- .....-97 жас (қалжырау)
- .....-109 жас (шөпшек сүю)
- .....- 49 жас( орта жас)
- .....-121 жас(немене сүю)
- .....- 13 жас (ер жете бастау)
- .....- 85 жас (кәрілік)

**Оқушыларды бағалау.** Оқушылар өзінің жинаған ұпайлары бойынша бағаланады.



Гүлжан САДЫҚОВА,  
Шәкір Жексенбаев атындағы  
жалпы орта білім беретін  
мектеп-балабақшасының мұғалімі.  
Батыс Қазақстан облысы,  
Бөкей ордасы ауданы,  
Ұялы ауылы.

## ЖАЛПЫЛАУ ЕСІМДІГІ

(6-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** а) оқушыларға жалпылау есімдігі туралы түсінік беру; ә) оқушылардың іскерлігі мен біліктілік дағдыларын жетілдіре отырып, ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту; б) Отанын сүйеге, ана тілін қастерлеуге, шапшаңдыққа тәрбиелеу. **Түрі:** ойын сабақ. **Әдісі:** сұрақ-жауап, кітаппен жұмыс. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет.

**Көрнекілігі:** топшамалар, видеопроектор, компьютер.

**Сабақтың барысы.**

**I. Ұйымдастыру:** *оқушыларды түгелдеу; сынып бөлмесінің сабаққа даярлығын қадағалау.*

**II. Үй тапсырмасын тексеру:** *сөзжұмбақ; сөйлем талдау; ереже айту.*

**III. Жаңа сабақ.**

*Барлық бала, күллі әлем, барша оқырман, бүкіл қазақстандықтар* сөз тіркестерінің ішіндегі барлық, күллі, барша, бүкіл деген сөздер жалпылау есімдігі деп аталады.

Жалпылау, жинақтау мағыналарын білдіретін есімдіктің түрі.

**IV. Тапсырмалар. «Кім жылдам?» ойыны.** Берілген сөз тіркестерінен есімдіктің мағыналық түрлерін ажырату.

1. Сонау аспан 2. Мен оқимын 3. Қанша бала 4. Бәріміз

бірге 5. Оның ағасы 6. Күллі дүние 7. Өз үйім 8. Сол жылдар

9. Қайда кетпек 10. Осы үй.

«**Кім тапқыр?**» ойыны. Берілген өлең жолдары мен берілген сөйлемдерден есімдіктердің түрлерін табу.

### 1-топшама

**Өз** бойына өз күші сенімді боп,  
*Ойласам жазалар деп ұлық мені.*

### 2-топшама

Күлгенде гүл төгілер тісі - меруерт,  
Ондай жан **бұл** жалғанда жаралмасты.

### 3-топшама

**Солардың** қолы жеткен заманында,  
Жолдас болып шеп бұзған қамалында.

### 4-топшама

Іш ауырса, тіс ауырса апам дәрі береді,  
**Барлық** бала, **барлық** ана оны жақсы көреді.

### 5-топшама

Өлгенін **бәрі** естіді – ұлы-қызы,  
Батты Жүсіп батырға қайғы-сызы.

### 6-топшама

Ғажайып түсімде **мен** бір іс көрдім,  
Көп болып **бұл** түсімнің жоруын тап.

### 7-топшама

**Бұл** оқиғадан туып кеткен жайлар ешқашан ұмытылмас өмір дастаны тәрізденді.

### 8-топшама

**Оны** қуаныш пен алғыс аралас бір тәтті күйдің торабына салды.

### 9-топшама

Бізбен бірге **ол** кісі де біздің жерді қарап тұр.

### 10-топшама

Ал **мына** бір шатыраш тақтайындай жерлерде егін егіледі.

## 11-топшама

Неге екенін білмеймін, Алматының әсем көркіне **өз** басым тойып көрген емеспін.

## 12-топшама

**Мен** оған қанша қызыға қарасам, **ол** сонша сұлулана береді.

**V. Кітаппен жұмыс.** 200-жаттығу: 2 қатарға беру, ауызша. 201-жаттығу: сөйлемдерді оқып, жалпылау есімдіктерін тіркескен сөзімен теріп жазу.

## VI. Семантикалық карта

Мысалдар	жіктеу	сілтеу	сұрау	өздік	жалпылау
Ол – қазақ, қазақтың оқыған азаматы.					
Өзіне ешқандай зиян келтірмейді.	+				
Күллі қазақстандықтар тәуелсіздікті қолдайды.				+	
Мынау не сарқыраған? Қалайша сарқылмаған?					+
Анау – аспан, Мынау – бақ.			+		
		+			

**VII. «Ілесіп отыр» ойыны.** Үш оқушы тақтаға шығады: 1) сөз, 2) сөз тіркесі, 3) сөйлем құрайды.

Осы жалпылау есімдіктеріне сөз тіркесі мен сөйлемді оқушылар өздері құрайды.

1. Барлық 2. Күллі 3. Бәрі 4. Барша 5. Бүкіл.

**VIII. «Сырлы сезім»** (шығармашылық жұмыс). «Мен кіммін?», «Менің ортам» тақырыптарына есімдіктерді қатыстыра отырып, шағын әңгіме жазу.

## IX. Венн диаграммасы

**Өздік есімдігі**

**Жалпылау есімдігі**

**X. Үйге тапсырма:** ереже жаттау, «**Бар қуаныш сыйлаған**» тақырыбына ойтолғау жазу.

## XI. Қорытынды. Бағалау.





**Самал БЕРІКҚЫЗЫ,**  
**С.Меңдешев атындағы жалпы**  
**орта білім беретін**  
**мектептің мұғалімі.**  
Батыс Қазақстан облысы,  
Жаңақала ауданы.

## «АҚСАҚ ТЕМІР МЕН АҚЫН»

*(7-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** білімділік - балладаны талдай отырып, Әмір Темір сияқты тұлғаны таныту, білімдерін арттырып жан-жақты түсінік беру; дамытушылық - оқушылардың сөз құдіреттілігіне назар аударуын және еркін пікір білдіре білу қабілеттерін дамыту; тәрбиелік - тарихи деректерді алға тарта отырып, оқушыларды шыншыл, саналы болуға, батылдық пен тоқтамға келе білуге тәрбиелеу.

**Түрі:** семинар-талдау, шығармашылық сабақ.

**Әдісі:** баяндау, түсіндіру, сұрақ-жауап, ой қозғау, салыстыру, кубизм, топтастыру.

**Жүргізілетін жұмыс түрлері:** кітаппен, дәптермен (энциклопедиялық) жұмыс, сөздікпен жұмыс, топтық жұмыс.

**Көрнекілігі:** интерактивті тақта, автордың, Темірдің портреті, авторды бағалаған пікірлер, глобус, дүние жүзі картасы, XIII-XIV ғ. Қазақстан картасы, энциклопедиялық деректер.

**Пәнаралық байланыс:** тарих, география, қазақ тілі.

**Сабақтың барысы. I. Ұйымдастыру.**

Сыныптың сабаққа кірісуін қадағалау, тексеру.

- Оқушылар, біз бүгінгі сабақта әр жауабымызды гүлге айырбастап, үш топ «Білім», «Зерде», «Дарын» болып топтық жұмыс жүргіземіз.

- Олай болса, сұлулықтың, әдеміліктің рәмізі гүл болып құлпырамын десек, сабаққа белсенді қатысайық.

## **II. Үй тапсырмасын тексеру**

**Кубизм әдісі.** («Ақсақ Темір мен ақын» балладасының сюжетін негіздейтін сауалдар. Қай сан түссе, сол санның сұрағына жауап алынады).

- 1) Баллада дегеніміз не, ерекшелігі неде?
- 2) Балладада қай жер туралы сөз болады?
- 3) Хафиз ақын Ақсақ Темірге қандай баға берді?
- 4) Темірді тізе бүктіріп, рақымшылдыққа алып келген не?
- 5) Самарқанды мүсәпір жан кім үшін садаға етіп еді?
- 6) Балладада Ақсақ Темірдің қай жерлерді жаулап алғандығы айтылады?


«Темірді тізе бүктірген алып күш» (ойтолғау).

## **III. Үй тапсырмасын қорыту.**

**Автор**

**Қалижан**

**Бекхожин**



Кім ?

Қандай ?

Не істеген?

## **Авторға берілген бағаны оқытып талдау.**

Біз үшін анығы - Қалижан Бекхожиннің өзі қоғамдық өмірдің талап тілегінен туып, оған жауап бере білген, уақыт сынынан өткен туындылары халықтың өлмес қазынасынан әлдеқашан орын алған, олар біздің бүгінгі, ертеңгі рухани тіршілігіміздің салмақты бөлігін құрайды.

(Серік Қирабаев).

## *Ақсақ Темір*



### **Кім?**

Қолбасшы  
Билеуші  
Әмірші  
Жиһангер

### **Қандай ?**

қаһарлы  
айбынды  
қатыгез  
жауыз

### **Не істеген?**

Жер жүзін билеген,  
бастарын кесіп  
күмбез жасаған,  
елдерді басып  
алған, аямаған.

### ***IV. Жаңа сабақ. Тарихи деректермен жұмыс.***

(Картадан Шираз, Самарқан, жалпы Темір әулеті мемлекетін көрсету, 14км<sup>2</sup> млн)

### ***Энциклопедиялық жұмыс.***

(Оқушылар Ақсақ Темір туралы өздері іздеген тарихи деректерін айтады.)

- Ақсақ Темір (1336-1405) - барлас тайпасынан шыққан Тарағай бектің баласы.

- Дүниежүзін таңдай қаққызып өзіне қаратқан Темір «Орта Азияның Ақсақ барысы» атанған.

- 1370ж. Самарқан әмірі Хусейнді жеңіп, Мауераннахрды билеп алады.

- 1405ж. Қытайға жорық кезінде Отырарда қайтыс болған. Сүйегі Самарқанда Гүр-Әмір кесенесіне жерленген.

- 27 мемлекетті басып алып, билік жүргізген.

- XIV ғ. 90 ж. Ақсақ Темір мемлекеті Иран мен Ауғанстан, Кіші Азия, Еділ бойы, Кавказды, Қазақстан мен Орта Азияны қамтыды.

### ***Түсіндіру, баяндау әдісі.***

\* Неге «Ақсақ Темір» деп танылғаны хақында тарих беттерінен іздесек.

Түркістанда болған бір ұрыста аяғынан қатты жараланып, аяғының мүкісі сонан пайда болған. (тарихи дерек бойынша)

- Ал ел арасындағы аңыздарға сүйенсек.

Темірді анасы құрсағында көтеріп жүргенде жаяулап келе жатқан ана шаршап-шалдыққаннан ешнәрсені байқамай, сонау жерден бір топ аттылы билеушілердің жолын кесіп өтеді. «Әйел басымен алдымнан өтпеуі тиіс» деген қатыгез пікірдегі билеуші жүкті әйелді ішінен тепкізіп, өлмеші қылады. Ана толғағы жетіп баласын өмірге әкеледі де, өзі жан тапсырады. Сол тепкіден Темірдің аяғына зақым келеді. Кейіннен Ақсақ Темір атанып кетеді.

\* **Әмірдің төрт ұлы:** Жиһангер (1356-1376), Әмір Шейх (1356-1394), Мираншаһ (1566-1408), Шаһруһ (1377-1447).

**Орта Азияға** Азияның Ақсақ Барысы. **Ирандықтарға** Тимурлэнг. **Еуропалықтарға** Тамерлан.

\* Темір өз кезінде игі істер де жасаған. Қатыгез билеуші болғанмен, ол халықтың ақыл-ойына, зердесіне тиіспеген, ислам дінін қолдап, медресе салдырған. Түркістандағы өмірлік бағасы бар Қожа Ахмет Йассауи кесенесі Темірдің пәрменімен салынып қаланды.

\* **Ақсақ Темір әулетінен шыққан даңқты ұрпақтар:** Ұлықбек (1394-1449) - Темірдің немересі, атақты астроном, жұлдыз жорамалшы, кемеңгер. Лақап аты – Мұхамед Тарағай; Захир әд-Дин Мұхамед Бабыр - Темір әулетінен шыққан мемлекет қайраткері, қолбасшы, Моғол империясының негізін қалаушы, тарихшы, ақын. Түркі-Шағатай тілінде жазған еңбегі «Бабырнама» деп аталады.

**Қосымша мәлімет:** 1941 ж. 21 маусымында болған тарихи оқиға, Ақсақ Темірдің киелілігі мен құдіреттілігін көрсететін және дәлелдеген деректі баяндау.


**Сұрақ - жауап әдісі.**

- Оқушылар, балладаның негізгі идеясы - сөз құдіреттілігі, ақындық - Алланың сыйы екендігі.

Дүниені қан қаксатып билеген, әмір жүргізген жиһангердің Хафиз ақынға жасаған рақымшылдығы, берген бостандығы, бір сәтке тізе бүктіріп ойлантқан - өлең, сөз күдіреті. Ақсақ Темірге батыл үн қатуы, баға беруі, жауабы, шебер сөйлеуінің арқасы, бар қаруы – тіл мен сөз. Сөздің қадірі, ақындық туралы ұлылар мен халық тегін айтпаған.

### *Салыстыру әдісі.*

**Пәнішілік байланыс** (Өздері оқыған шығармалармен салыстыру, талдау).



### **Ортақ идея:**

*Сөздің күдіреті арқылы тоқтамға келіп, ойланып, рақымшылдық жасау.*

### *Сөздік жұмыс.*

**Кәллә** – «бас» деген мағынада.

**Гәп** – бір нәрсенің мәні, айтар сөзі.

**Шираз** – Иран жері.

**Жейхун** – Әмудария өзенінің көне атауы.

**Зулфұқар** – алмас қылыш, алдаспан.

**Шайыр** – ақын.

**Шаһар** – қала.

**Деңгейлік тапсырмалар. Талдау әдісі.** (Ақсақ Темір қоржынынан арнайы сауалдарға жауап беру).

1) - *Не гәп бар, Ширазымды жау шапты ма?*

*Аптығып неге келдің алышқ мұнда?*

Кімнің сөзі, аптығып кім келеді және қандай хабар айтады?

2) Саудаға түскен қандай жер? Ақсақ Темір алдына келіп тұрған Хафиз ақынға сонша неге қаһарын төгіп ашуланды?

3) Ақсақ Темір өзін мақтауға бұйырғанда Хафиз ақын күдіреті күшті Темірге қандай баға берді?

4) Ақсақ Темір ақынға қандай сұрақ қояды?

Хафиз ақын қандай жауап қайтарады?


5) Қандай жер-су атаулары кездеседі?

Шығармада қандай тарихи тұлғалар мен Шығыстың белгілі ақындары, билеушілердің есімдері аталады? Оларды атап, қысқаша анықтама беріңіздер?

6) Балладаны көркемдік ерекшелігіне қарай талдау.

**Теңеу, аллитерация, ассонансты табу.**

*V. Білімді бекіту. Сөзжұмбақ «Бекхожин».*



1. Ақсақ Темір қай рудан шыққан? (Барлас)

2. Баллададағы басты кейіпкер (Темір)

3. Ақсақ Темірге ұқсас билеушінің бірі (Ескендір)

4. Мүсәпір жан, кейін ақын аталатын кім? (Хафиз)

5. Балладада аталатын шығыс ақыны (Фердоуси)

6. Бекхожиннің әкесінің аты (Нұрқожа)

7. Бертін келе Жейхун өзені қалай аталды? (Әмудария)

8. Ақсақ Темірді райынан қайтарған кім? (Ақын)

**VI. Үйге тапсырма беру:** балладаны қайталап оқу, талдау; сөз құдіреті туралы мақал-мәтел, нақыл, қанатты сөздер жазу.

**VII. Қорытынды.** Оқушылардың жинаған гүлдерінің санын көру арқылы топ бойынша бағалаймын.

---

---

**Гүлбаршын ҚҰСПАНОВА,**  
**Шәкір Жексенбаев атындағы**  
**жалпы орта білім беретін**  
**мектеп-балабақшасының мұғалімі.**  
Батыс Қазақстан облысы,  
Бөкей Ордасы ауданы,  
Ұялы ауылы.

## ШӘКӘРІМ. «ҚАЛҚАМАН-МАМЫР»

(9-сынып)

**Сабақтың мақсаты :** білімділік - ақын өміріне қысқаша шолу, поэманың тақырыбы мен идеясын ұғындыру; тәрбиелігі - салт-дәстүрімізді білуге, оған құрметпен қарауға, адалдыққа, достыққа берік болуға тәрбиелеу; **дамытушылығы** - ақынның өзге де шығармаларымен танысуға дағдыландыру, шығармашылыққа, шапшаңдыққа, ізденіске баулу. **Типі:** жаңа сабақ. **Түрі:** аралас сабақ.

**Әдісі:** СТО, сұрақ-жауап, баяндау. **Көрнекілігі:** видеопроектор, қима қағаздар, Шәкәрім, Абай кітаптары,

бейнелеу өнері, ән-күй, математика.

**Сабақтың барысы. I. Ұйымдастыру.****II. Үй тапсырмасы**

(Үй тапсырмасына орай сұрақтар «Тіке тест» арқылы жүреді).

1. Ауыз әдебиетінен мол сусынды Абай кімдерден алды?	Ұлжан, Зере
2. Абай Құнанбайұлының шын есімі кім?	Ибраһим
3. Абай қай жылы дүниеге келді?	1845
4. Құнанбай қандай адам болған?	Шешен, ақылға бай, қажы, болыс
5. Әкесі Құнанбай туралы Абайдың айтқан өлеңі.	«Арғы атасы қажы еді»
6. Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы, Ол ақынның білімсіз бейшарасы. Қай өлеңнен үзінді?	«Өлең- сөздің патшасы, сөз сарасы»
7. «Ызалы жүрек, долы қол, улы сия, ащы тіл» деген өлең жолдары қандай көркемдегіш тәсілмен берілген?	Эпитет
8. Әбдірахман кім, оған арнаған өлеңі қалай аталады?	Ұлы, «Әбдірахман өлгенде»
9. Абайдың неше қарасөзі бар?	45
10. 17-қарасөзінде «Ақыл, қайрат, жүрек» кімге келіп жүгінеді?	Ғылымға

**III. Жаңа сабақ.****1. Қызығушылықты ояту («Құпия кілт»):**

1. Абайдың туысы болып келетін ақын.
2. «Бес арысымыздың» бірі.
3. «Адамдық борышың» өлеңінің авторы.

**2. Жаңа сабақты слайд арқылы түсіндіру.****Шәкәрім Құдайбердіұлы (1857-1931)**

Шәкәрім 1857 жылы Шыңғыстауда дүниеге келді. Абайдың ең үлкен ағасы Құдайбердінің баласы. Шәкәрім 6 жасқа толғанда әкесі қайтыс болады. Абай өз қамқорлығына алады. Түрік, араб, парсы тілдерімен қатар орыс тілін де жетік біледі. Құнанбай әулетінің дәстүрі бойынша ел ішінде билік құрып көреді, көп болмай ол істен



бас тартады. Фердоуси, Низами, Сағди, Физули, Науаи сияқты шығыс классиктерінің шығармаларымен танысады. А.С.Пушкиннің “Дубровский” повесін поэма етіп қазақ тіліне аударады. 1905-1906 жылдары қажылық сапармен Меккеге барады. Прозалары: “Түрік, қырғыз һәм хандар шежіресі”, “Мұсылмандық шарты”, “Бәйшешек бақшасы”, т.б. Әр алуан тақырыптағы өлеңдер жазды. Шәкәрім үш үлкен поэма жазды: “Жолсыз жаза” (Еңлік-Кебек) “Қалқаман-Мамыр”, “Нартайлақ пен Айсұлу әңгімесі”. Шәкәрім Құдайбердіұлы 1931 жылы құрбан болды.

### **3. «Топтастыру» стратегиясы.**

**Аудармашы, қажы, ақын, жазушы, ойшыл.**

Өткен адам болады көзден таса,  
Өлді- өшті, оны ешкім ойламаса.  
Ол кетсе де, белгісі жоғалмайды,  
Керектісін ескеріп ұмытпаса.

Естіп, біліп, көз көріп, ойға салмақ,  
Өткен істен адамзат бір үлгі алмақ  
Қызықпақ, не жек көрмек, жиіркенбек,  
Бастан кешкен әр істен белгі қалмақ.

### **«Қалқаман-Мамыр» поэмасы.**

Композициялық құрылымы

**Оқиғаның басталуы:** Туыстық байланыс

**Оқиғаның байланысуы:** 1. Мамырдың бойжетуі.

2. Қалқаман мен Мамырдың кездесуі.

3. Қос ғашықтың бірге қашуы.

**Оқиғаның дамуы:** Мәмбетей мен Көкенайдың баба сөзіне келіспеуі.

**Оқиғаның шиеленісуі:** Мамырдың өлімі.

**Шарықтау шегі:** 1. Қалқаманға шығарылған үкім.

2. Қалқаманның елден кетуі.

**Шешімі:** Елдің күйзелісі. Қалқаман ұрпағы.

## **ІУ. Оқулықпен жұмыс. 1. “Түсініктеме парағы”.**

*Еркек-шора:* еркек балаша киінген қыз. *Бастаңғы:* әкешесі үйде жоқта қыз-бозбала мал сойып, құрбыларын жинау. *Оғаш:* оғаш, қателік. *Халал:* адал. *Асық:* ғашық. *Шаһит болу:* дін жолында қаза болу, “ақ өлім”.

### **2. «Ізден, тап»**

1. Мамырдың соңғы сөзі.
2. Әнет бабаның Қалқаманға шығарған үкімі.
3. Қалқаманның елімен қоштасу сөзі.

### **V. «Білім мен дәстүр» сыны.**

(Жеті қалташаға жеті сұрақ салу)

#### **1-топшама**

1. Мамырды неге еркек-шора дейді?
2. «Жеті қазынаға» нелер жатады?

#### **2-топшама**

1. Қалқаман мен Мамыр алғаш қай жерде кездесіп сөйлеседі?

2. «Жеті қат көкті» ата

#### **3-топшама**

1. Мамыр дүниеден қалай озды?
2. «Жеті атаны» ата.

#### **4-топшама**

1. Әнет баба Қалқаманға қандай үкім шығарды?
2. «Жеті жұтты» ата.

#### **5-топшама**

1. Қалқаман Бұхараға кімдерді паналап кетті?
2. «Жеті күнді» ата.

#### **6-топшама**

1. Бұл поэмада қандай соғыс сөз болады?
2. «Жеті жоқты» ата

#### **7-топшама**

1. Көкенай кім, мінезі қандай?
2. «Жеті жетімді» ата.

## **VI. Ой толғаныс бөлімі.**

«Жеті атасын білмеген жетесіз», «Салтыңды қадір тұт»

(эссе жазу).

### **ҮІІ. «Сыңарын тап» (бекіту сұрақтары).**

#### **Сұрақтар арқылы аққудың сыңарын табу.**

1. Қазақтың Сыр бойында жүрген жылы (1722 жылы)

2. Әрі би, әрі молда, әрі ғұлама кім? (Әнет баба)

3. Қалқаманның әкесі кім? (Олжай)

4. Ауыл үлкендерін жинап той жасаған хан (Сәмеке)

5. Мамыр Қалқаманға қашан, қай жерге келуді сұрады?

(Бүрсігүні, қалың қамыс)

6. Мамыр қызбалаша киінгеніне неге өкінді? (Әкесі құда

түсірмекші болды)

7. Екі жастың қосылуына не бөгет болды? (Туыс, аталас

болуы)

8. Қалмақтың бастаушысы кім? (Саван Раптан)

9. Елі Қалқаманды не себепті іздемеді? (Қазақ-қалмақ

соғысы)

10. Қалқаманның ұрпағы қай жүздің ішінде жүр? (Ұлы

жүз).

### **ҮІІІ. Үйге тапсырма:**

1) поэманы оқып, мазмұндау; 2) Қалқаман мен Мамырдың алғашқы жұмбақтап айтқан жерін жаттау; 3) Шәкәрім шығармаларымен танысу.

### **IX. Бағалау (жетон бойынша).**



## ҚАБДЕШ ЖҰМАДІЛОВ. «ҚОЗЫКҮРЕҢ»

**Сабақтың мақсаты:** әңгіменің мазмұнымен тереңірек таныстыру, әңгіменің тақырыбы мен жазушының идеялық мазмұнын мәтінге сүйене отырып ашу. **Білімділік:** өткен сабақта алған білімдерін тиянақтау, өз ойларын қорытынды жасай білуге дағдыландыру, оқушылардың әңгімені толық оқып меңгергендерін тексере отырып әңгімедегі кейіпкерлер туралы өзіндік пікірлерін қалыптастыру, жазушының жеткен биіктігін, шеберлігін таныту. **Дамытушылық:** түрлі тәсілдер арқылы оқушылардың байқағыштық, тапқырлық, сөз астарын түсіну, өз ойын жазбаша да, ауызша да жүйелі айту қабілеттерін дамыту, әдеби шығарма идеясын тануға үйрету, сөздік қорын молайту. **Тәрбиелік:** әңгіме идеясын негізінде оқушыларды туған жерді сүйуге, достыққа, адалдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу. **Әдісі:** сатылай-кешенді талдау, сұрақ-жауап, ой толғау, салыстыру, зерттеу, сұхбат-хат. **Көрнекілігі:** интерактивті тақта, оқулық.

**Сабақтың барысы.** I. Ұйымдастыру. II. Жаңа сабақ.

**1. Қабдеш Жұмаділовтің өмірі мен шығармашылығы туралы оқушылардың зерттеуін оқыту.**

- «Қозыкүрең» қай повестен алынған үзінді? «Қозыкүрең» аталу себебі неде...?

- Өткен сабақта біз әңгіменің мазмұнымен таныстық. Бүгін сабақта толықтай талдап қорытындылаймыз.

## 2. Әңгімеге композициялық талдау:

Әңгіменің басталуы -	Қонаққа бару,
Әңгіменің дамуы -	Қозыкүрең туралы әңгіме,
Әңгіменің байланысуы -	Еділ жағасында,
Әңгіменің шиеленісуі -	Саяқбайдың ескертуі,
Әңгіменің шарықтау шегі -	Қозыкүреңнің қашуы, Қозыкүреңнің туған жерге келіп жетуі.
Әңгіменің шешімі -	Достың сыйы

### 3. Сұрақ-жауап:

- 1) «Ашаршылықта жеген құйқаның дәмі аузыңнан кетпес» дегенді қалай түсінесіңдер?
- 2) Ел басына нәубет төнген отызыншы жылдардағы ашаршылық туралы не білесіңдер?
- 3) Саяқбай жылқышының Қозыкүреңге көп жанашырлық жасауының себебі неде? Саяқбай қандай адам?
- 4) Қырғыз бен қазақ халқының ұқсастығы, ортақ салт-дәстүрлері туралы не білесіңдер?

### 4. Кейіпкерлерге мінездеме беру.



### Салыстыру. Қозыкүрең мен Құлагер

Ұқсастығы	Айырмашылығы
Жүйрік Тұлпар Ақылды Есті	Қозыкүрең бәйге аты емес.

### 6. Семантикалық картамен жұмыс.

№	Шығармадан үзінді	Төреғұл	Саяқбай	Капитан	Жігіттер
1	«Пәлі, мына қазақтарды қарай гөр! Бәсе, Ағыбай кеудесінде жаны болса, осы жайлауға бір соғатын шығар деп ойлап едім өзім де... Кәне, балалар, қонақтардың аттарын ұстандар!»				
2	«Қойыңызшы, ақсақал. Сіз де қайдағыны айтады екенсіз. Екі мың шақырым жерге пойызбен келген мал түгіл, өзіңіз үйді тауып барсаңыз да жетер»				
3	«Қуғаннан пайда жоқ. Қозыкүрең бәрібір жылқы баласына шалдырмайды. Әуре болмандар»				
4	«Қап, маңайда машинаның да болмағанын қарашы! Мен онда дизертирдің сазайын тартқызайын қазір!»				

## 7. Әңгімеге сатылай-кешенді талдау.

1) **Авторы:** Қабдеш Жұмаділов. 2) **Тақырыбы:** "Қозыкүрең". 3) **Жанр түрі:** проза (повесть). 4) **Идеясы:** Достыққа адалдық, туған жерге сүйіспеншілік. 5) **Әдеби-теориялық ұғым:** портрет (Сүліктей жирен айғыр. Меңсіз, қан жирен түсті. Жасы сегіз-оннан аса қоймаған, толысқан, азулы айғыр), теңеу (сүліктей қаракөк, теңгедей-теңгедей теңбіл.) 6) **Мақал-мәтел:** «Ер арыса - аруақ, ат арыса - тулақ», «Жиеннің назары қатты болады», «Берген жомарт емес, алған - жомарт». 7) **Жер-су аттары:** Алатау, Ұзынбұлақ, Шұрық, Еділ, Орал. 8) **Түйіні, тәрбиелік мәні:** Туған жерді сүйуге, адалдыққа, адамгершілікке тәрбиелеу.

## 8. Ой толғау: «Достықты қалай түсінесіңдер?»

9. Сұхбат-хат (Қозыкүреңге, Төреғұлға, Ағыбайға, Саяқбайға, Қабдеш Жұмаділовке жазған сұхбат-

хаттарын оқыту).

10. Зерттеу (Жылқы малының қасиеті, жасы, түсі туралы зерттеулерін оқыту).

11. Сөздікпен жұмыс.

*Ақалтеке* – түрікмендік жүйрік жылқы тұқымы. *Бесті* – бес жастағы жылқы. *Қу мүйіз* – көп нәрсені бастан кешірген, ысылған, төселген. *Өрелеу* – аттың алдыңғы аяқтары мен артқы бір аяғын шалып байлау, шідер салу.

III. Үйге тапсырма беру: «Туған жерді сағындың ба, Қозыкүрең?»

IV. Бағалау.

---

---

Гүлзат МЫРЗАҒАЛИҚЫЗЫ,

Ақтөбе облысындағы

М.Құсайынов атындағы

дарынды балаларға арналған

мамандандырылған мектеп-интернаттың

мұғалімі.

## «ӨТЕГЕН БАТЫР» ДАСТАНЫ

(5-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік - жыр алыбы Жамбыл жайында мәлімет беру, дастанның мазмұнын, идеясын тану, білімдерін тереңдету; **дамытушылық** - оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыру, танымдық қабілетін дамыту, шығармашылық ойлауын арттырып, көркемдегіш сөз құралдарын табуға баулу, мәнерлеп оқу, пікір айтуға, сөйлей білуге машықтану; **тәрбиелік** - елін, жерін сүйуге, өзіндік пікірін

ашық айта білуге, бір-бірінің пікірін тыңдауға, жұмыстарына баға беруге тәрбиелеу.

**Түрі:** білік пен дағдыны қалыптастыру.

**Әдісі:** түсіндіру, талдау, тест, баяндау.

**Көрнекілігі:** ақынның портреті, интерактивті тақта, карта, гүлдер.

**Пәнаралық байланыс:** тарих, география.

**Сабақтың барысы. I. Ұйымдастыру.** Оқушылармен амандасу, оқу құралдарын тексеру.

Ақын портреті үстінде сұрақтар жасырылады. Балалар ұяшықтағы сұрақтарға дәл жауап бергенде ақын портреті ашылады.

1. Мағжан Жұмабаев кім? Ол жайында не білесің?

2. Ақын шығармашылығы жайында не айтасың?

3. Ақынның білімді адамның бойында болады деп көрсеткен қасиеттері.


4. Білімнің адам өмірінде алар рөлі қандай, ол үшін не қажет?

## **II. Жаңа сабақ.**

Болашақ ақын 1846 жылы ақпан айында қазіргі Жамбыл облысындағы Жамбыл тауының бөктерінде дүниеге келген. Әкесі Жапа кедей болғанмен, ат үстіне мығым, найзагер кісі болған екен. Жамбылдың аталарынан әріректе өнерпаз, сері, палуандар, ділмар шешендер шыққан.

Жамбыл 35 жасында, яғни, 1881 жылдың күзінде Іле бойында өткен бір үлкен жәрмеңкеде атақты ақын Құлманбетпен айтысып жеңіске жетеді. «Айтыстың арыстаны» атанған Жамбыл өткір, уытты жырлармен қатар кең тынысты ұзақ эпикалық туындылар шығарады. Халық эпосы мен ертегілерінің және тарихи жырлардың дәстүрінде ақын «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» сынды белгілі поэмаларын туғызды.






*Жамбыл жырлары теңіз түбінде шашылып жатқан маржан секілді. Оны жинап алып халқының қолына беру - біздің әрқайсымыздың азаматтық борышымыз.*

*Сәкен Сейфуллин.*

### III. Кластер әдісі.



Өтеген батыр (1699-1773) - XVIII ғасырдың I жартысында жоңғар басқыншылығына қарсы күрескен қазақ батыры. “1756 жыл шамасында Абылайдың Қытаймен бейбіт болу саясатына қарсы шығып, Жиделібайсында 17 жыл жүріп қайтыпты” деген аңыз да бар.

Өтеген батыр - ел арасында аңызға айналған адам. Оны алғаш жырлаған Сүйінбайдың бабасы Күсен ақын. Өтеген батыр жайында тарихи дерек жинаған тарихшы


Делебаевтың материалына қарағанда, Тілеміс, Майкөт ақындар да батырды дастан етіп жырлаған екен. Бұлардың ішінде бізге жеткені - Жамбылдың «Өтеген батыр» дастаны. Өтеген батыр туралы дерек-аңыздар жинауға әдебиетшілер Е.Ысмайылов, Қ.Тұрғанбаев, Н.С.Смирнова, С.Бегалиндер қатысқан. Алматы облысының Бозой мен Қарой аралығында Өтеген батыр есімімен аталатын жерлер бар.

### **Жиделібайсын жерін картадан оқушы көрсетеді.**

Ақмешіт қаласының іргетасы Сырдың жағасындағы «Қамысты қаладан» басталған. Ықылым заманаларға көз жіберсек, Жиделібайсын жері - осы жер.

*Әзілхан Нұршайықов.*

### **IV. Композициялық құрылымына талдау.**



### **V. Талдау жұмысы.**

**Өлеңнің көркемдік ерекшелігі және өлең құрылысына талдау.**

Ө/те/ген а/ман/-е/сен кел/ді дей/ді,	11б	а
А/ра/лап//та/лай жер/ді//көр/ді дей/ді.	11б	а

Бір жай/лы//қо/ныс із/деп//он же/ті жыл 116 б

Ел-жұр/тын//аман-е/сен//көр/ді дей/ді... 116 а

4 тармақты, 3 бунақты, 11 буынды қара өлең ұйқасы.

Теңеу: *қойдай шулап, құрдай жайнап.*

Эпитет: *жақсы жер, жақсы қоныс, жабайы арпа, қара шеңгел.*

Асонанс: Айтады көрген менен білгендерін,

Аралап жиһан кезіп көрген жерін.

## **VI. Төрт жолды өлең.**

1. Батыр.

2. Айлалы, қайратты.

3. Қорғайды, жеңеді, аттанады.

4. Біз батырларды құрметтеуіміз керек.

5. Ер.

## **ҮІІ. Өтеген батырға хат.**

- Сәлеметсіз бе, Өтеген батыр! Мен сіздей батыр, батыл, ержүрек, тепсе темір үзетін жігіт болғым келеді.

Түсінбегенім: елім деп, жерім деп он жеті жыл жүріп шұрайлы жерді тапқаныңызда, бір сәтте халқыңызды тастағаныныңыз қалай? Егер мен сіздің орныңызда болсам, халқымды көндірер едім. Бірақ сіздің ерлігіңізді кейінгі ұрпақ әркез үлгі етіп есінде ұстайды.

Хат жазушы: 5-сынып оқушысы Ақниет Сағи.

- Сәлеметсіз бе, Өтеген аға? Сіз өз халқыңыз үшін он жеті жыл жырақта жүрдіңіз. Жиделібайсынды тауып, еліңіздің жақсы тұрмыс кешкенін қаладыңыз, ал халқыңыз сіздің тіліңізді алмады. Олар сізге риза болуы қажет еді, өйткені он жеті жыл жақсы қоныс іздеу үлкен шыдам мен төзімді қажет ететін қиын шаруа деп білемін. Хат жазушы: Гүлім Гинет.

**VІІІ. Философиялық стиль.** Өтеген батыр сияқты 17 жыл елің үшін жер кезер ме едің?

Бибігүл Нұрғазина: Егер мен Өтеген батырдың орнында болсам, қайсар да қайратты мінезіммен елімді Жиделібайсын

жеріне көшіруге бар күшімді салатын едім. Шиеленісті шешіп, жұртымды қаһарлы орыс қолына тастап кетпес едім.

Айжарықова Әйгерім: - Мен Өтеген батыр секілді он жеті жыл елім үшін шұрайлы жер іздер едім. Әйтпесе елімді орыстар басып алады ғой. Сондықтан Жиделібайсындай жерді табуға күш салар едім.

**IX. Блиц-тест. Оқушылар дұрыс жауапты қолдарындағы үш түрлі гүл арқылы көрсетеді.**

**1. Жамбыл қай жылы дүниеге келді?**

- а) 1846;                      ә) 1847;                      б) 1848.

**2. Ақынға бата беріп, ақындық өнердің қыр-сырын үйреткен кім?**

- а) Сарбас;                      ә) Абай;                      б) Сүйінбай.

**3. Ақын ең алғаш кіммен айтысты?**

- а) Сарбас;                      ә) Құлманбет;                      б) Сары.

**4. «Өтеген батыр» дастанының тақырыбы:**

- а) баю, дәулет жинау;                      ә) жақсы қоныс;                      б) табиғат.

**5. Дастандағы халық арасына алалық салатын кейіпкерлер:**

- а) Байсары, Ерсары;                      ә) Кендебай;                      б) Толағай.

**X. Үйге тапсырма: жырдан үзінді жаттау; туған жерге байланысты сурет салу және мақал-мәтел жаттау.**

**XI. Бағалау.**

---

---

## «КІМ ЖАЗЫҚТЫ?»: ӘЖІБАЙ ТАҒДЫРЫНА КІМ КІНӘЛІ?


**Сабақтың мақсаты:** а) роман тақырыбындағы әжібайшылықтың (феодалдық қатал езгі) әшкереленуін, қазақ әйелдерінің аянышты тағдырын оқушы көзімен сынату; ә) өмірдегі әділдік пен зұлымдықтың ара жігін айыра білуге тәрбиелеу; б) таным белсенділіктерін, сөйлеу қабілеттерін арттыру. **Түрі:** сот сабағы. **Әдісі:** пікірталастыру, салыстыру.

**Көрнекілігі:** сызба-кестелер, ұнтаспа, айыптаушы, қорғаушылардың заттық дәлелдемелері. **Пәнаралық байланыс:** тарих, құқық пәні.


### Сабақтың жүрісі.

I. Ұйымдастыру: психологиялық ахуал туғызу; сабаққа қатысты тексеру.

II. Шәкірттердің өз бетімен дайындалған сот сабағының көрінісін көрсету.



## Айыптаушылар



Әжібай Тасболат

Оқушылар мұғалімнің жетелеуімен Сұлтанмахмұт Торайғыровтың «Кім жазықты?» романындағы кейіпкерлер бейнесін талдау арқылы өз көзқарастарын дәлелдейді, яғни, әр оқушы сабақ барысында романдағы кейіпкерлер бейнесін сомдап, жаңа өмір көзқарасымен ескілікті сынауы тиіс. Бұл өткенге баға беріп, болашақ жас ұрпаққа үлгі етерлік өнегелі, тәрбиелі пікірлермен ұштасқан сабақ болып өтуі керек.

Сот үдерісі қозғалысы төмендегі ретпен дамып, оқушылар тұжырымды ойлары мен өз пікірлерін дәлелдеп шығады.

Хатшы (Сот үдерісіне қатысушыларды түгелдеп, сот төрағасының келуін хабарлайды)

Сот төрағасы (Роман желісін сөз етіп, айыптаушылар мен қорғаушыларға сөз береді)

Прокурор (айыптаушы)

Бала тәрбиесіне немқұрайлы қараған әке Тасболат пен әке жолына ермеймін деген Әжібайдың бастарына іс түскенде өз перзенттерінің болашағын мал мен байлыққа айырбастаған әрекетін қылмысқа жатқызатынын айтып, өз дәлелдемелерін келтіреді. (Осы дәлелдемелерден оқушы-айыптаушының білім, білік дағдысы ерекшеленеді).

1. Айыпталушыларға сұрақтар қойып, жауаптарының тыңдайды.

2. Куәгерлерді жауапқа тартады.

Сот төрағасының жетелеуімен куәгерлер Әжібайдың анасы, немере ағасы Байбол, Әжібайдың әйелдері, Аппақай мен ағасы, Әжібайдың қыздары жауап береді.

Сөз кезегі қорғаушы-адвокаттарға беріліп, өз дәлелдеме-

лерін келтіреді. (Әжібайдың, Тасболаттың қорғаушылары).

Әжібай мен Тасболатқа сөз беріледі. Олар кешегі күн мен бүгінгі өмірді байланыстыра отырып, өздерінің мойындаған істерін қылмыс деп санағысы келмейді. Өздерін жақтайтын куәгерлердің сөздеріне ереді.


Осылай оқушылардың өз пікірлері сот сабағы барысында жанданып, рөлге еніп, өз сараптамаларын дәлелдеу үшін бар білімдерін салады.

**Сот төрағасы** сот үдерісі қорытындысын шығарады: «Кім жазықты?: Әжібай ма, Тасболат па? Заман ба?»

Сот төрағасы шешімімен келіспеген жағдайда баспасөз қызметкерлері талас тудырып, сабақты жандандырады.


(Бұл сот үдерісіне ақпарат-баспасөз қызметкерлері (оқушылардың өздері) қатысып, сабақ қорытындысында өз мақалаларын газет бетіне шығарып, тақтаға іледі.)

Сот үдерісі нәтижесінде Әжібай мен Тасболат бейнелері топтастырылып, нәтижесі шығарылады.



Қорытынды:

1. Өз қатесін түсінді.
2. Адалдыққа бет бұрды.
3. Болашаққа жол тапты.
4. Қайырымдылығы оянды.



1. Қатесін түсінбеді (Бар ойы атақ-даңқ болды).
2. Баласын, келіндерін кінәлады.
3. Тасболат күні өткенін мойындағысы келмеді.

Оқушылар пікірінен соң мұғалім қорытындысы шығарылып, бүгінгі күн көзқарасымен баға берілді.

Отбасылық, әлеуметтік, философиялық тұрғыда қазақ қоғамын аждаһадай бүріп, тынысын тарылтқан қайталанбас образдар галереясы арқылы өмір мәнін аша білгендігі үшін оқушылардың тиісті бағалары қойылды.

**Үйге тапсырма:** «Ата көрген оқ жонар», «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» тақырыбының біріне шығарма жазу.



Гүлназ СҮЛЕЙМЕНОВА,  
Ақтөбе қаласынағы  
№30 орта мектебінің мұғалімі.

## ӘБДІЛДА ТӘЖІБАЕВ. «СЫРДАРИЯ»

**Сабақтың мақсаты:** білімділік - ақынның өмірі мен шығармашылығы, олардың тақырыптары, бөлінетін салалары және «Сырдария» өлеңінің тақырыбы, идеясы, лирикасын меңгертуге жағдай туғызу, ақын сезіміне ортақтастыру, параллелизм жөнінде мағлұмат қалыптастыру; туған жерге деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялату, ана мен табиғи байлықты теңестіре отырып, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру; **дамытушылық** - өлеңнің негізгі түйінін таба білуге, лирикалық өлеңді түсіне білуге, одан ләззат ала білуге баулу. **Әдіс-тәсілдері:** түсіндіру, талдау, жинақтау, проблемалық сұрақ-жауап, өз бетімен жұмыс, сын тұрғысынан ойлау стратегиясы. **Қажетті құрал, көрнекілік:** оқулық, өзен суреттері, ақындар портреттері, географиялық карта, Әбділда шығармалары, талдау таблицалары, ОТҚ (ұнтаспа), қосымша оқулықтар.



## Сабақтың барысы.

### I. Қызығушылықты ояту сатысы:

Музыка қосылып, оқушыларға ой тастау.

«Ой шақыру». - Не тыңдадық?

- «Су» дыбысын естігендегі әсерін әдеби тілмен баяндату.


### II. Мағынаны ажырату сатысы:

#### а) «Топтау».

Қазіргі жағдайы.

ГЭС

1. Қаракұм
  2. Фархад
  3. Чардарин
- х/м пайдасы  
а/ш балық



өсетін мекендейтін ұзындығы  $S_{\text{бассейні}} - 219$  мың км<sup>2</sup>  
шөптер балықтар 2212 км

ә) Қазақстан географиялық картасынан өзенді көрсету.

#### б) Автор өмірі туралы мағлұмат беру.

- Оқушылар, енді оқулықтарыңды ашып, жаңа материалға қараңдар. Автор туралы оқып, негізгі мәселелерді қамтып топтастырыңдар, оқып отырып жазыңдар.

пьесалар

поэмалар



сыршыл өлеңдер

**Сыршыл өлеңдері:** «Тараспен әңгіме», «Елден сәлем», «Күзет әні», «Ат үстінде», «Келіншекпен кеңес», «Қойшы жыры», «Достық жыры», «Оркестр».

**Поэмалары:** «Абыл», «Аққу», «Кілемшілер туралы ертегі», «Толағай», «Мерген».

**Пьесалары:** «Жомарттың кілемі», «Көтерілген күмбез».

**в) Өлеңмен оқушылардың танысуы.**

- Олай болса, өлеңді ең алдымен өзіміз оқып танысып аламыз.

**г) «INSERT» стратегиясы. Сөздік жұмысы.**

Нені білемін?	Нені білгім келеді?

**ғ) Ақындармен танысу.** Өлеңде айтылатын ақындар туралы мағлұмат беру.

**д) Лирикалық талдау.**

Тақырыбы:  
«Сырдария»

Өлеңнің Сырдарияға арналуы қай жерден байқалады?

(Неге маған жырламасқа Сырда туған елімді.) 1936ж. шығарған.

Тілі

Өлеңнің жанры не? (лирикалық шығарма)

Неге? (Ақынның ішкі сезімі көрініп тұр.)

**Көркем, жұлдызды (тірек) сөздерді теріп жазғызу.**

**ж) Өлеңді мәнерлеп оқыту.**

**з) Өлеңді құрылысына қарай талдау.**

Бі/лем се/ні, / сү/йем се/ні// I (8) (а)

Сыр сұ/лу/ы қарт а/нам. // II (7) (б)

Сен/сің/ ме/ні әл/ди/ле/ген,/ III (8) (в)

Ту/ған се/нен/- мен ба/лаң// IV (7) (б)

### кезекті ұқсас

Жаз/са Та/рас Дне/пр/ді, I (7) (а)

Жаз/са Пуш/кин Е/діл/ді, II (7) (а)

Не/ге ма/ған жыр/ла/мас/қа III (8) (б)

Сыр/да ту/ған е/лім/ді. IV (7) (а)

### қара өлең ұйқасы

#### и) Қосымша мәлімет сұрау.

Сыр өңірінен шыққан ақын-жазушылар...

Сырдарияны шығармаларына арқау еткен ақын-жазушылар...

### III. Ой толғанысы. Шығармашылық жұмыс.

1) - Біздің туған жерімізде қандай өзендер бар? (Жем, Елек, Ойыл...)

- Туған жерге деген ыстық сезімдеріңді шағын мәтін немесе өлең жолдары арқылы білдіріп көріңдер. (5 жолды өлең).

#### 2) Түйін шығару.

- Сабақтан қандай қорытынды шығарар едіңдер? (мақал-мәтелмен).

### IV. Бағалау.

Оқушылардың өз-өздерін бағалауы, дәлелдеуі.





Бағдат ТҰРҒАНБАЕВА,  
Ақтау қаласындағы  
«№ 12 жалпы орта білім беру мектебі»  
мемлекеттік мекемесінің  
мұғалімі.

## БІР ӨЛЕҢІ БАР ҚАЗАҚТЫҢ МҰРАСЫНДАЙ

*(Әдеби-сазды кеш)*

Мұқағали Мақатаевтың өмірбаянымен оқушыларды таныстыру, поэзияға деген қызығушылықты арттыру, өлеңдерін мәнерлеп оқуға дағдыландыру, қазақ халқына, тілге, Отанға деген сүйіспеншілік сезімдерін арттыру, адамгершілікке, мейірімділікке тәрбиелеу; ақын портреті, слайдтар, кітап көрмесі, ақын туралы жазылған пікірлер, плакатка жазылған өлең жолдарынан үзінді, техникалық құрал-жабдықтар (мультимедиалық проектор, аудиоаппаратура).

**1-жүргізуші:** - Қайырлы кеш, қадірлі ұстаздар мен қымбатты оқушылар және кешіміздің қадірменді қонақтары! Бүгін біз ақиық ақынымыз Мұқағали Мақатаевтың 80 жылдығына арналған «Бір өлеңі бар қазақтың мұрасындай» атты поэзия кешіне жиналып отырмыз.

(Ақынның «**Арыз жазып кетейін**» өлеңі оқылады.)

**2-жүргізуші:** - Иә, болашаққа қара өлеңімен арыз жазып кеткен хас талант ақынның өлеңі ғой бұл.

(«**Поэзия**» өлеңі оқылады.)

**1-жүргізуші:** - Мұқағали Мақатаев поэзиясының тамшысы, көлге татитын алтын арқауы да, ақындық мұрат-

мүддесі де осы өлеңі сияқты.

**2-жүргізуші:** - Осындай ақындық мұрат-мүддесін дәл танытқан, қазақ поэзиясының аспанында ерекше нұрланып жанып, жарқырап өткен біртуар ақын Мұқағали Мақатаев 80-ге толды. Құдіретті поэзияның тас қалаушысы атанған Мұқағали Мақатаевтың 80 жылдығын неге тойламасқа?!

**1-жүргізуші:** - Өзі тебіреніп жырлап өткен Қарасаз өңірінде, құнарлы топырақта, қасиетті мекенде 1931 жылдың ақ қыраулы ақпан айында Мұхамедқали дүниеге келген екен.

**2-жүргізуші:** - Сол кезде аупарткомда өзінің білімімен, адамгершілігімен көпке үлгі болып жүрген Мұхамедқали есімді жігіт болыпты. Сол жігіттей елеулі азамат болсын деп бұл есімді нағашысы қойған. Жеңгелері Пайғамбардың аты аталатын бұл есімді атауға жүрексініп, оны Мұқағали атап кеткен екен. Ақынның өзі де есейген шағында «Бұл есімнің қадір - қасиетін түсініп алып жүре алам ба?! Одан да Мұқағали болып қалғаным дұрыс шығар» деп құжатқа да осылай жаздырып алған дейді.

(«Менің анкетам».)

**1-жүргізуші:** - Мұқағали Тиын әжесінің бауырында өсті. Тиын әжесі мейірімі, кісілігі мол, адуынды да бола білетін адам еді. Әкесі Сүлеймен 1941 жылы соғысқа аттанғанда Мұқағали небәрі 10 жаста еді. Ақынның алғашқы өлеңі сол соғысқа кеткен әкесіне деген сағыныштан туған.

Сол жерде Сырымбеттей тау бар ма екен,  
Жайдақтың шөбі шүйгін қаулар ма екен?

Мінеки, көп ай болды, хабары жоқ,  
Әкем кеп көңілімізді аулар ма екен?

Әкеміз бір әкеден жалғыз еді,

Судағы жаңа біткен жалбыз еді.

Мінеки, көп ай болды, хабары жоқ,

Біз-дағы әкемізге зармыз енді!

**2-жүргізуші:** - Әкесі Сүлеймен соғыстан оралмады. Үйде

жесі, туған анасы, екі інісі бар еді. Мұқағали Алматыдағы Шет тілдер институтында неміс тілі факультетінде оқып жүріп, артындағы үй ішінің тұрмысы ауыр болғандықтан, оқуды еріксіз тастап ауылға қайтыпты. Өзінің зеректігінен бе, аздаған оқуынан ба, Мұқағали неміс тілін едәуір білетін.

**1-жүргізуші:** - Сонау он жаста бастау алған бала ақынның кіршіксіз сәби үні биікке самғады, өлең артынан өлең, дастан артынан дастан тізіліп, жинақ артынан жинақ көре бастады. Олар: «Жылап қайттым өмірдің базарынан», «Соғады жүрек», «Дарифа-жүрек», «Жырлайды жүрек», «Хош, махаббат», «Өмір-өзен», «Қарлығашым, келдің бе?», «Шуағым менің», т.б.

**2-жүргізуші:** - Халық сөзін сөйлеген ақын жары, ақынның Алмагүл, Шолпан, Майгүл атты үш қызы мен Жұлдыз, Айбар атты ұлдарының анасы Лашын апайдың естелігіне көз жүгіртелік. «Мұқағали біздің ауылдық кеңеске хатшы болып келген 1948 жылы еді. Екеуміз бір мерекелік кеште таныстық. Мұқағали ұзын бойлы, маңдайы кере қарыс әдемі жігіт болды ғой. Бірден көз тартатын. Екеуміз сол кеште қосылып ән шырқадық. Кейін өзі ғашықтығын білдіріп хат жазды. Өке-шешем оның өткір, биязы, иманды екенін білетін, қарсылық білдірген жоқ. Ақыры той жасалды. Үйленгеннен кейін екі жылдан соң Қарасазға көшіп келдік. Мұқағали орыс тілінен сабақ берді. Аудандық газет оны ұнатып жұмысқа алды» дейді ақын жары.

**1-жүргізуші:** - Мұқағали ата балаларды жанындай жақсы көретін. Қандай ашуы келсе де балаларды көргенде майдай ериді екен. Балажан ақынның қабырғасын қайыстырған 10 жасар қызы Майгүлдің мезгілсіз қазасы болды.

(«Майгүлге» өлеңі оқылады).

**2-жүргізуші:** - 1957 жылы ақын қазақ радиосында диктор болып қызмет атқарған. Ендеше ақынның алтын қордан жазылып алынған өз дауысына құлақ түрелік. (Мұқағали

ақынның өз дауысындағы өлең тыңдалады.)

**1-жүргізуші:** - Ақиық ақын өлендерін үлкен де, кіші де сүйсіне оқиды, тамсана оқиды, таңырқай оқиды. Ақын өлендерінің өміршеңдігі олардың мағынасы терең мазмұнында, кез келген адамның жүрегіне қона кетер қарапайымдылығында жатса керек. Ендеше, құрметті тыңдарман, ақын өлендеріне жазылған әндерге кезек берейік.

(Ән: «Саржайлау», «Өмір сүрейік алмасып»).

**2-жүргізуші:** - Туған жерге, елге, халқына, Отанына, ана тіліне деген махаббат сезімі ақын ретінде оның басты тақырыбы еді.

(«Отан», «Нені аңсаймын?», «Бір өлеңі бір елдің мұрасындай» өлендері оқылады.)

**2-жүргізуші:** - Ақындықпен айналысқан отыз жыл ішінде ол көзімен көргендерін, ақындық санамен түйсінгендерін қазақтың қара өлең үлгісімен төгілтіп жырлай берді, жырлай берді.

(«Жігіттер, мақтанбалық», «Сатқан емен», «Ей, өмір» өлендері оқылады).

**1-жүргізуші:** - Мұқағали поэзиясы ана мен бала махаббатын жырлайды. Қыз бен жігіттің ғашықтық сезімін, адамның ары мен тазалығын жырлайды. Олай болса ақынның осы тақырыптағы өлендеріне кезек берейік.

(«О, махаббат, сен әлі тірі ме едің?», «Махаббат диалогы» өлендері оқылады).

(Ән: «Сенің көзің түпсіз терең тұңғиықтан жаралған»).

**2-жүргізуші:** - Ақын жүрегі сезімтал ғой. Ол замандастары мен кейінгі ұрпағының өзін өлендерімен бірге есіне алып жүрерін алдын ала сезді ме?..

**1-жүргізуші:** - Осы орайда сазгер Нұрғиса Тілендиевтің мына сөздері еске түседі: «Мұқағали дүниеден өткен соң қатты күйзелдім. Жүрегім әлсіреп, екі ай емханада жаттым. Арада екі ай өткен соң жұмысқа кеттім. Бешпентімнің

талтасынан хағ шықты. Мұқағалидың жазуы: «Аға, мен  
ғой. Дертім қозып барады. Не боларын білмеймін. Мынаған  
назар аударып көріңіз» депті. Бұл «Есіңе мені алғайсың» әні  
еді.

**(Ән: «Есіңе мені алғайсың».)**

**2-жүргізуші:** - Ақын шығармаларының үлкен бір  
саласы – оның поэмалары. Ең асылы, ең биігі – «Аққулар  
ұйықтағанда». Осы поэмасын оқыған жазушы Ғабит  
Мүсірепов ақынға қатты риза болып, алтын қаламсабын  
сыйлаған екен. Бұл поэма 1973 жылы «Жалын» жинағына  
жарияланды. Енді поэмаға кезек берейік.

(«Аққулар ұйықтағанда» поэмасынан үзінді оқылып,  
көрініс көрсетіледі).



**1-жүргізуші:** - 2000 жылы ғасыр жабылар тұста, кештеу  
болса да асыл ақынның ақиық жырлары өз бағасын алды.  
Көзі тірісінде ресми билік тарапынан тиісті бағасы берілмей  
келген ақынға «Аманат» атты жыр жинағы үшін Қазақстан  
Республикасының Мемлекеттік сыйлығы беріліп, ол «Ғасыр  
ақыны» болып танылды. Бұл бүкіл қазақ халқы үшін үлкен  
қуаныш болды.

**2-жүргізуші:** - *Жалғасы бар, жырымның жалғасы бар,  
Жырларым жылдарыммен жалғасыңдар.  
Сел-жырым ақтарылса арнасынан,  
Селкілдеп тау мен тасың зорға шыдар.  
Жалғасы бар, жырымның жалғасы бар,-*



деп тебірэнген ақын жырының жалғасындай болып, біздің мектебімізде Мұқағали жырынан үлгі алып, өз сезімдерін жырмен өрнектеп жүрген шәкірттеріміз бар. Ендігі кезекті қауырсын жырларымен шашу шашсын деген ниетте шәкірттерімізге береміз...

**1-жүргізуші:** - *Білемін керемет бір күн келеді,  
Жайнайды, жасыл бағым гүлденеді.  
Көремін, керемет бір күн кешемін,  
Болашағым, сенімен бірге өсемін,* - деп өз заманымен ғана емес, болашақпен бірге өмір сүретінін ақын білді, ол жырларының болашағына сенді.

**2-жүргізуші:** - Жылдар өтер.. Әлі небір ақындар дүниеге келер. Бірақ қара өлеңнің құдіретін аспанға бір-ақ көтерген Мұқағали есімі қашанда биіктен көрінер. Мұқағали поэзиясы әрбір мезгілмен бірге, әр ұрпақпен бірге мәңгілік жасай бермек.

*Тірлігінде шекпен кимей, шен алмай,  
Еңбегінің қызығын да көре алмай,  
От боп жанып өтіп кеткен ақынға  
Мәңгілік қып өмір берген өлеңді-ай!* - деп Айтақын

Әбдіқал жырлағандай, өлеңімен рухани азық, халқына бақыт сыйлаған ақиық ақын Мұқағали Мақатаевтың рухына арналған әдеби-сазды кешімізді тәмамдаймыз. Уақыттарыңызды бөліп көңіл қойып тыңдағандарыңызға көп-көп рахмет!



# «АҚҚУЛАР ҰЙЫҚТАҒАНДА» ПОЭМАСЫ

(8-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** **білімділік** – оқушылардың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы жайында игерген материалдарын нақтылау, шығармашылықпен жұмысқа үйрету; **дамытушылық** – шығармаға жан-жақты талдау жасау арқылы оқушылардың сөздік қорын байыту, дамыту, дүниетанымдарын кеңейту; **тәрбиелік** – оларды ізгілікке, адамгершілікке, қоршаған ортаны қорғай білуге тәрбиелеу.

**Типі:** білімді бекіту сабағы.

**Түрі:** дәстүрлі емес.

**Әдіс-тәсілдері:** Блумның мақсат қою технологиясы, топтық жұмыс, проблемалық сұрақтар, хат жазу (РАФТ әдісі).

**Пайдаланылған әдебиеттер:** «Аманат», «Өмір-өзен», «Дарига-жүрек» жыр жинақтары, «Қазақ әдебиеті», «Ұлан» газеттері.

**Пәнаралық байланыс:** биология, тарих, саз өнері.

**Көрнекі құралдар:** интерактивті тақта, аудиодиск, тақырыптық слайд материалдары, үлестірме материалдары.

**Сабақтың барысы. I. Ұйымдастыру:** амандасу, түгелдеу, сабаққа жұмылдыру.

Психологиялық дайындық. Тренинг. «Тілек тілей білеміз бе?»

**II. Үй тапсырмасын сұрау.**

**Топтық жұмыс.** Әр топтың Мұқағали өмірі мен

1-топ: Ақынның өмірі. 2-топ: Ақынның шығармашылығы.

3-топ. Ақын туралы естеліктер.

### Жаңа сабақ.

Мақсаттар жүйесі	Оқушылардың іс-әрекеті
Білім	«Аққаулар ұйықтағанда» поэмасына мазмұндық жоспар жасау.
Түсінік	Мұқағали – суреткер ақын. Шығарманы құрылысына қарай талдау.
Қолдану	Ақынның тіл шеберлігі. Поэманың тілдік-көркемдік ерекшелігіне талдау.
Талдау.	Дәрменсіз ата-ана, тәуіп шал, жылқышы қарт.
	Шығарма кейіпкерлеріне мінездеме беру.
Жинақтау	Ақкуды атқан Ана кінәлі ме? (проблемалық сұрақтар).
Бағалау (сыни көзқарас, өзіндік пікір)	Ақку – киелі құс. Жолыңда құрбан жан балам... (ойтолғау, хат жазу, мәтін бойынша сурет салу).

**I. Білу.** «Аққулар ұйықтағанда» поэмасына оқушылармен біріге отырып мазмұндық жоспар құрғызу. Топтық жұмыстар.

	Тақырыбы	Басты оқиғалар
I.	Тау басына біткен көл	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Жетімкөл жетімсірейді.</li> <li>2. Беу, дүние-ай, Жетімкөл қандай еді?!</li> <li>3. Жетімкөлдің шипасы.</li> <li>4. Дәстүр жалғастығы.</li> <li>5. Аққулар айдынына оралмады.</li> </ol>
II.	Ауру бала немесе шарасыз отбасы	<ol style="list-style-type: none"> <li>1. Баланың науқасқа шалдығуы.</li> <li>2. Баласын күзеткен ананың ойы.</li> <li>3. Тәуіп шалдың айтқан емі.</li> <li>4. Ананың шешімі.</li> <li>5. Аққулар ұйықтап жатыр тербетіле...</li> <li>6. Ата дәстүрді аттау.</li> <li>7. Оқыс атылған мылтық.</li> <li>8. Жетімкөлден сән кетті.</li> </ol>

Ш.	Жылқышы қарт. Шарасыз ана.	1.Көзінен жас, көңлінен зар төгілген байғұс ана. 2.Халық ырымы. Аққуды атқан оңбайды. 3.Еркінен, есінен айырылған ана. 4.Өліп жатқан бала, шарасыз ана. 5.Қасиет. Сор. Қасірет.
Эпилог	Аққулар... Аңыз көп қой олар жайлы	1.Аққу туралы аңыз. 2.Халық айтса, қалт айтпайды.

**II.Түсіну.** «Мұқағали – суреткер ақын». Поэмадағы сюжеттік оқиғалар негізінде мазмұндату (интерактивті тақтада орындалады).

1. Басталуы: Жетімкөл туралы аңыз. Аққулар – айдың еркесі.

2. Дамуы: Ауру бала, тәуіп айтқан ем.

3. Байланысуы: Ұзақ түн. Дәрменсіз ата-ана.

4. Шарықтау шегі: Аққуды атқан ана. Астан-кестен көл беті.

5. Шешімі. Аққудың киесі. Жалғыз ұлдың өлімі. Кие қасіретін тартқан ана.

**III. Қолдану.** Ақынның тіл шеберлігі. Топтық жұмыстар. Әдеби-теориялық ұғымдарға талдау, тілдік теңеулерді табу. Оқулықпен жұмыс, дәптерде орындау.

№	Поэмадан үзінді	Эпитет	Кейіптеу	Теңеу	Дәйектеме
1.	Тәтті үн, аппақ нұр...				
2.	Маужыраған түн, салбыраған шымылдық...				

Сөздікпен жұмыс: «сор», «қасиет» сөздерінің мәнін ашыңдар.

**IV. Талдау.** Шығарма кейіпкерлеріне мінездеме беру (интерактивті тақтада орындалады).

Кейіпкерлер	Іс-әрекеті, адами қасиеттері
Баланың анасы	Нағыз ана. Балажан, баласы үшін аққуды атты, баласы үшін бәріне де даяр, қамқор жан.
Баланың әкесі	Адал жан, халық дәстүрін қастерлейді.
Тәуіп шал	Мейірімсіз, таяз ойлы.
Жылқышы қарт	Түсінігі мол, көргені көп.

### V. Жинақтау. Ауызша сұхбат (проблемалық сұрақтар).

1. Жетімкөл неге жетімсіреп қалды, аққулар неге қонбай кетті?
2. Аққуды атқан ана кінәлі ме? Бұл шешімге келу анаға оңай түсті ме?
3. Қазіргі заманда жылқышы қарт сияқты табиғат жанашырлары бар ма?
4. Поэма қандай мәселені көтеріп отыр? Осы жерде Жетімкөл, аққулар туралы автор не себепті сөз қозғап тұр?
5. Жылқышы қарттың «Аққуға кезенерде ырым жасап, Тым құрыса саусағыңды қанаттың ба?» деген сөзі нені меңзейді?
6. Бүгінгі таңда аң-құстарды қорғау мәселесі қандай деңгейде, осы мақсатта не істелініп жатыр?

### VI. Бағалау. Төмендегі тақырыптарға ой-толғау жазу. (Сүгірдің «Аққу» күйі ойнап тұрады).

1. Аққу – сұлулықтың рәмізі, киелі құс.
2. Жолыңда құрбан жан балам...
3. Табиғат-ана шырылдайды көмек сұрап...
4. Аққуды атқан анаға хат.

### Үй тапсырмасын беру.

Зерттеу, ізденіс жұмысы. Аққудың түрлері туралы материал жинақтау. Аққулар туралы аңыздарды қарастырып келу, аққуға қатысты ырымдар мен тыйымдар.

### Бағалау. Қанипа Бітібаеваның әдісімен жүргізіледі.

### Кесте құру.

Өз бағасы	Сынып бағасы	Мұғалім бағасы	Қорытынды баға

# МҰҚАҒАЛИ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНА САЯХАТ

(10-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік - оқушылардың мәнерлеп оқу, жаттау, өлең табиғатын түсіну дағдысын қалыптастыру, ақын шығармаларының идеялық мазмұнын негізінде өлең құрауға, талдай білу жолдарына үйрету; **тәрбиелік** - оқушыларды сөз өнерін бағалай білуге тәрбиелеу; **дамытушылық** - оқушылардың ойлау, сөйлеу, өз ой-пікірін еркін жеткізе білуін дамыту, эстетикалық талғамын жоғары өлең шығаруға, көркем сөйлеуге үйрету. **Түрі:** саяхат сабақ, тіл ұстарту элементтері аралас сабақ. **Әдіс-тәсілдері:** жеке және топтық жұмыс, СТО стратегиясы (ой-қозғау, болжау, мағынаны ажырату). **Көрнекілігі:** қанатты сөздер, интерактивті тақта, электронды оқулық. **Пәнаралық байланыс:** музыка, қазақ тілі, бейнелеу өнері.

**Сабақтың барысы.**

**I. Ұйымдастыру** (Оқушыларды үш топқа бөлу).

**II. «Қызығушылығын ояту».** Үнтаспа арқылы Мұқағали Мақатаевтың «Ей, өлең!» өлеңін таныстыру.

*Ей, өлең, маған тиген еншім едің,*

*Бой жазайын, қасыма келші менің.*

*Менің саған шамалы жақсылығым,*

*Сен де маған, әрине, көншімедің.*

Балалар үнсіз тыңдап отырады. Оқушыларға ой-қозғау

сұрақтарын қою

1. Көз алдарыңызға қандай көрініс елестеді?
2. Кімге қандай ой келді?
3. Өлең, ақын деген түсінікті қалай түсіндірер едің?

**III. Негізгі тақырыпқа арналған дәйексөз.** «Қазақтың тілін білген адам Мұқағали поэзиясын сүймеуі мүмкін емес. Мұқағали поэзиясын сүйген адам еліне, жеріне ие, табиғатқа жанашыр бола алады». (Күләш Ахметова).

### 1. Топтардың сайысы. «Мәнерлеп оқу»

I	II	III
«О, махаббат»	«Жаратушым»	«Жақыным-жаным»
1. Махаббат туралы өлеңдерін мәнерлеп жатқа оқу. 2. Сол өлең, жалпы тақырып бойынша түсінік беру. Өлеңдер: «Не айтсам саған жаным-ай», «Махаббат бейуақытта табыспайды», «Сен гүлімсің», «Есіңе мені алғайсың».	1. Дін, жаратушы, құдайға сену хақындағы өлеңдерін оқу. 2. Ақын өмір сүрген тұстағы атеизм, ақын көзқарасын түсіндіру. Өлеңдер: «Сатқан емен...», «Я, Жаратушы Аллам!», «Я Аллам!», «Дін – ғылымның анасы».	1. Ұлы мен қызы, бауырлары мен жарына, досына арналған өлеңдерін оқу. 2. Ақынның сезімтал жан екендігін түсіндіру. Өлеңдер: «Л-ға», «Анашым», «Майгүліме», «Ұлыма», «Қызыма».

**2. «Мұқағалитану».** Интерактивті тақтада сөйлемдердің басы беріледі, соңын өз беттерінше аяқтау.

1. Мұқағали Мақатаев.....дүниеге келген.
2. Оның өлеңдерінің тақырыбы.....
3. Мұқағали ақынның достары.....
4. Біз Мұқағалидың.....
5. Ақынның.....мерекесі.....

6. Ақынның ұрпақтары.....

7. Мұқағали өлеңіне жазылған әндер.....

3. «Ақындыққа жақындық». Әр топ өлең ұйқастырып кұрайды.

I

II

III

Ағажан! Сендей жан жоқ балажан! ..... ..... ..... .....	Біреулер бар Құдайды жоқ деп соғар. ..... ..... ..... .....	Махаббат - дастан, Жырлап ең бастан, ..... ..... ..... .....
---	---	--

4. «Мұқағалиша анкета»: а) екі оқушыға «Менің анкетам» өлеңін рөлге бөліп оқыту; ә) әр топ оқушылары өз өмірбаянын өлең анкета түрінде немесе 5 жолды өлең стратегиясы арқылы жазу

1. Есімдік: Мен

Мен туғанмын

2. Сан есім: 1995

Аташ атты ауылда

3. Мекен үстеуі: Баутин ауылы

Туған жылым - 1995

4. Табиғаты: күнінде дауыл

Құрдастарым колледжде

5. Сезім+қимыл+іс-әрекет:

Болған жоқпын бақшада,

куантып ата-анамды дүниеге келгенмін.

Білімім бар орташа.

#### IV. Топтық жұмыс.

Әнсіз өмір өмір ме, қаңсымай ма,

Өзегінді өртеп дерт жаншымай ма?

Махаббатқа арнап бір ән шығарсын,

Шәміл-ау!

Шәмші қайда?

Шәмші қайда?

Шәмшіге айт,

Тағы да бір таңдандырсын,



Жындандырсын жүректі, жандандырсын!

Мәңгі өлмес Махаббатым айта жүрер,

Мәңгілік өлмейтұғын ән қалдырсын!

*Мұқағали Мақатаев.*

Мұқағали әндерін оқушылар орындауында тыңдау: «Саржайлау», «Бейбіт күн тілегі», «Сәби болғым келеді».

**V. Сабақты қорытындылау.** Мұқағали өлеңдері – мәңгі жасай беретін мол мұра. Бүгінгі сабақта ақынның өлеңдеріне саяхат жасап, барлау жүргізіп, өзіміз де ақынша жыр жазып, жырынан сусындап, өмірін өлеңінен танып, беймәлім жайттардың бетін ашып, ән бұлағына қанып қалғандай болдық. Ақын биыл 80 жасқа толар еді, өзі айтқандай, «ақ қырау тұрған ақпанда, ағаштар сырға таққанда» еске алып шығармашылығын сендердің шығармашылық бастауларыңмен байланыстырып, поэзияға құштарлыққа жетелемек мақсат болды.

*Мәзір етіп мәпелеп жемісін,*

*Мәуелесе баққа толып өрісім,*

*Барлығы да,*

*Поэзия, сен үшін!-деп Мұқаң жырласа,*

*Күйінішті, сүйінішті өлеңің,*

*Татып дәмін мен де өсіп келемін.*

*Өлген жоқсың, сен әрдайым тірісің,*

*Біздер үшін, қазақ деген пенденің!* - деп оның ісін

жалғастырсаңдар - ұлыға құрмет, ұлтқа ұран болар еді.



## МЕНІҢ МҰҚАҒАЛИЫМ

«Соңында жоқтай алар ұрпағы барлар ғана ұлылар са-  
натына қосыла алады. Енді, міне, ақынның қаламынан  
шыққан әр сөз, әр сөйлеміне үңіле қарап, өзімізше түсінуге  
тырысатын кезеңге біз де жеттік» деп Фариза Оңғарсынова  
жазған сөздермен өз ойымды бастағым келіп отыр. Ақын  
Мұқағали атамыздың әр өлеңінің әрбір жолынан өмірдің  
шынайы ырғағын көруге болады. Ақын өлеңдері өмірінің  
күнделігі сияқты. Ол өзінің басынан кешкен әрбір күнді  
қағазға түсіретіндей. Оның өлеңдеріндегі ақ қардай жан  
ниеті, сайран сезімі бірден жүрегіңді баурап алады.

Мұқағали ақынның өзінің туып-өскен Қарасазының  
табиғатын керемет әсерлей жырлаған шығармаларынан  
өзімнің ауылым Милысайға арналғандай теңеулерді іздеймін.  
Өзім жеткізе алмаған әсерлі сөздерді осы Мұқағали атамның  
жыр сандығынан таптым. Мен Қарасазды, Шалкөдені көрген  
жоқпын. Алайда Мұқағали атам менің туған жерім – Милы  
ауылын жырлағандай сезіндім.

Табиғат Мұқағали атамыздың шығармашылығының  
жаны деп ойлаймын. Ғажайып табиғат суреттері болмаса,  
Мұқағалидың өлеңдері қайталанбас сұлу болуы мүмкін бе?!  
Табиғат ақынға қанатты шабыт береді.

*Тау бұлағы да ағады,*

*Ой бұлағы да ағады.*

*Әрқайсысы өзінше тепкілейді жағаны.*

*Бірі жылжып барады,*

*Бірі мөңкіп барады,  
Бәрісі де, не шара, аға алмайды жоғары.  
...Бірі жатыр күркіреп,  
Бірі жатыр жылмиып,  
Бірі қалды көлдерде  
Көмейіне құм құйып.*

Міне, «Тау бұлағы да ағады» өлеңінде ақын табиғат суреттерін көрсете отырып, бұлақты адам ойына теңейді. Бұлақтың төмен қарай ғана ағатыны сияқты кейбір ойлардың да кемерінен аса алмай тоқырап, көмейіне құм құйылатынын, жоғарыдан көрінбей қалатынын жеткізіп, оқырманға белгілі бір ой салады, сезім туғызады, алға жетелейді, адамның рухани, ішкі жан дүниесіне жол тартады.

Мұқағали ата жыл мезгілдерін адам өмірінің кезеңдерімен теңестіріп, көктемді балалық шақ, жазды жастық шақ, күзді есейген шақ, қысты кәрілік шақ деп қарастырады. «Көктемде сайрандадық, жасардық, күз енді жазатын мезгіл» депті ақын бір естелігінде. Мен де күздің сондай күндерінде қолыма кітап алып, ақын өлеңдерін оқып ойланып-толғанғанды ұнатамын.

*Сап-сары жапырақтар...  
Сап-сары жапырақтар...  
Сауылдап құлап жатқан атырапқа.  
Біреудің жанарында,  
Біреудің табанында,  
Сап-сары жапырақтар жоғалуда.*

Осы өлеңінде ақын жапырақтардың түсуі, құс әнінің естілмеуі, гүл солуы, яғни, күз мезгілінің көрінісін сипаттағанда адам өмірінің соңғы жемісті кезеңін көрсетіп отырады.

Ақынның «Өмір сүрейік алмасып» өлеңінде ақын жаны табиғатпен астасады. *Жапырақ-жүрек, жас қайың!  
Жанымды айырбастайын.*

*Сен адам бола бастасаң,  
Мен қайың бола бастайын,  
Келісесің бе, жас қайың?*

Тебіреніске толы ақын жаны табиғат сырының бір бөлшегіне айналғандай. Ақиық ақын өзінің жанын табиғаттың тамаша көркі - жас қайың жанымен ұштастырады. Мұқағали ақын басқаша, жаңаша өмір сүруді аңсады.

Өз өмірінің қиыншылықтары мен соққыларынан түңілген ақын жүрегіндегі жараны жырмен жазды. Ақын жыр соңында:

*Өмірге өмір жалғасып,  
Анамыз жерге жармасып,  
Бірде адам, бірде қайың боп,  
Сүрейік өмір алмасып,-* дейді. Өлең адам

жаны мен табиғаттың байланыстылығынан туып отыр.

Мен осы шығармада өзімнің жас ерекшелігіме қарай Мұқағали атамның тек бір ғана қырынан, яғни, табиғат туралы өлеңдерінен сыр шерттім. Ақынның әлі де өзгеше сырға толы өлеңдерінен өз сырымды табатыныма сенімдімін.

Иә, артында өлмес мұра қалдырған ақын кімнің де болса сырласы, мұндасы болып қалары сөзсіз. Өмір туралы толғанған ақын сөзі былай екен:

*Өмір деген – бұйым емес қолдағы,  
Өмір деген – ұлы бекет жолдағы.  
Қаның кеуіп қаталаған кезіңде,  
Сусыныңды қандырсаң бір - болғаны.  
Мына күн де, мына аспан да, дала анау,  
Бәрі бізден, бәрі бізден қалады-ау!  
Өмір дейтін – тағатсыз бір қозғалыс,  
Өмір дейтін – өлемін деп қарамау.*

Қандай дана сөздер, тура ойыңмен ұштасып жатқандай. Өмір деген ұлы бекетке ойыңды сусындатып, шөліңді қандырған ақын рухына мың рет тағзым етемін.

Бекқожа ЖЫЛҚЫБЕКҰЛЫ,  
Лев Гумилев атындағы  
Еуразия ұлттық университеті, ф.ғ.к.  
Астана қаласы.

## БАЯН ӨЛЕҢ ЖӘНЕ ӨЛЕҢДЕГІ БАЯНДАУ

Қазіргі қазақ өлең өнерінде белгілі бір оқиға немесе өмір өткелдерінің үзік оқиғалы деталдарын жалаң баяндай салатын өлеңдер де жиі кездеседі.

*Өңі қара көмірдей,  
Қаны иектен шұбырып,  
Жұдырықтан темірдей  
Жатты ол жерде жсығылып.*

*Қорғаймын деп халықты  
Сақал-шашы азарған.  
Жолдарды өткен қауіпті  
Еді нағыз қаһарман!*

*Революция күнінде  
Бірге болып елімен,  
Сонау Сиваш түбінде  
Қалып еді өлімнен.*

*Атты әскерді басқарып  
Шығып еді қоршаудан.  
Тауды бұзып, тас жарып,  
Болды кезі жол салған.*

*Кім сенеді сол ерді  
“Халық жауы” дегенге?  
Қан-қан болып ол өлді,  
Қатып тастай еденге.*

*Алды да ауыр тынысын,  
Көз жұмды есі кіре алмай.*

*Ешкім өлі-тірісін*

*Келеді әлі біле алмай [1. 33].*

Бұл өлеңде халықты қорғаймын деп сақал-шашы ағарған, атты әскерді басқарып, қоршауды бұзып шыққан нағыз қаһарманның “халық жауы” аталуы және оның ауыр азап үстінде көз жұмуы баяндалады да, оның өлі-тірі екендігін әлі ешкімнің біле алмай келуімен өлең аяқталады. Бұнда белгісіз бір қаһарманның басынан өткізген өмір өткелдері өлеңге деталь ретінде алынады. Өлеңде лирикалық “Меннің” көңіл-күйі немесе образды суреткерлік мүлде көзге түспейді. Сондықтан мұндай өлеңдерді **баян өлең** деп атауға болатын секілді. Осындай белгілі бір оқиға немесе өмірбаянды әңгімелеп беретін баян өлеңнің бәрі де детальдық құрылымдағы өлеңге жатады.

*Дүние алыс-жұлыс!*

*Досыңның өзі*

*Шатақ іздеп*

*Шадырайып шыға келеді.*

*Тамырлары*

*Білем-білем боп*

*Адырайып шыға келеді.*

*Көзі бақырайған*

*Қорқағың да*

*Бұзылып тұр.*

*Ынжығың да*

*Кіжініп тұр.*

*Айнала түгел,*

*Шап берсең,*

*Тап бергелі тұр.*

*Маңдайыңды айырып*

*Қақ бөлгелі тұр.*

*Мүсәпірің де  
Кісәпір сияқты,  
Қолына түссең,  
Жаныңды шырқыратып  
Қысатын сияқты.*

*Дүние алыс-жұлыс.  
Құдайдың құдіреті-ай!  
Ең жақының да  
Сенен жырылып  
Қиыс шығып кеткендей...  
Құмырсқаға дейін  
Сойыл көтеріп,  
Көбелекке дейін  
Мүйіз шығып кеткендей [2. 144,145].*

Көк түріктер сарынымен жазылған бұл өлең де “Досыңның өзі шатақ іздеп шадырайып шыға келеді. Тамырлары білем-білем боп, адырайып шыға келеді” деп, “дүниенің алыс-жұлыс” кейпін саңылау қалдырмай баяндап беруге тырысады. Алайда ақынға бұл дүние “Құмырсқаға дейін сойыл көтеріп, көбелекке дейін мүйіз шығып кеткендей” сезілмеген болса, өлеңнің нүктесінің қойылуы да екіталай еді. Өйткені “алыс-жұлыс дүние” шексіздікке толы да, өлеңнің көлемі шекті нәрсе. Сондықтан бұл өлең өмірдегі ең түйінді деген детальдарды ғана баяндауды өлеңге сұрыптап алған. Бұл өлең түр жағынан:

*Сөз иесі мен болдым.  
Шұғай құзында,  
Қара құмда отырушы едік,  
Киік жеп, қоян жеп отырушы едік.  
Халық тамағы тоқ еді,  
Жауымыз тегіс жыртқыш құстай еді,  
Біз жемтік едік.  
Осылай отырған шақта  
Оғуздардан елші келді [3. 59]*

деген сияқты Көктүріктер тасқа қашап жазған жырлармен сарындас болса да, алайда ішкі құрылым жағынан баян өлеңдердің ең типтік өкілі деуге болады. Нақтылап айтқанда, ақын Темірхан Медетбектің бұл сарындағы өлеңдері біздің көне түрік дәуіріндегі жырларымыздың дәстүр жалғасының нақты көрінісі екендігі айдан анық. Тарихи өлең-жырларымыздың түр жағындағы ерекшеліктерін бұлай жаңғыртып, жаңаша мазмұнмен толықтыру – ақындық арынға жеке дара өзіндік бағыт-бағдар сыйлайтындығы шындық. Дегенмен, бұл арада оның ата мұраларымыздың түр жағына ғана еліктеп, өлеңнің ішкі құрылымдық жүйесіне нағыз өлеңдік көзқараспен көз тастай алмау жалаң түршілдікке апарып соғатындығы белгілі. Өйткені “поэзияға жалаң баяндау араласқаннан кейін-ақ болмағаны” [4. 148] деген шындыққа жүгінуге тура келеді.

Баян өлеңдер әдетте үшінші жақпен баяндалудан тыс, бірінші жақпен де бейнелене береді.

*Алдымда талай жол жатыр*

*Әлі ізім оған түспеген.*

*Алдымда талай таң жатыр*

*Ауасын әлі ішпеген*

*Алдымда талай шың жатыр*

*Басын басып аспаған.*

*Алдымда талай гүл жатыр*

*Қып-қызыл шоғын шашпаған.*

*Алдымда талай түндер бар*

*Бұл өмір жайлы ойланған.*

*Алдымда талай күндер бар*

*Жақсылықтарға тоймаған...*

*Ұмтылып келем барымда,*

*Сол үшін жұмсап қуатты.*

*Алдымда бәрі, алдымда,*

*Артымда түк жоқ сияқты [5. 338].*



“Алдымда талай жол жатыр әлі ізім оған түспеген” деп басталатын бұл өлең баяндау үрдісін осы бір сарында жалғастыра келе, “Ұмтылып келем барымда, Сол үшін жұмсап қуатты. Алдымда бәрі, алдымда, Артымда түк жоқ сияқты” деп өлеңнің соңына нүкте қояды. Бұнда суреттеу немесе лирикалық “Меннің” өзімен сырласуы кездеспейді. Сондықтан мұндай өлеңдерді авторлық баяндаумен жазылған баян өлең демеуге амалымыз жоқ. Бұл арада лирикалық “Мен” мен авторлық “Меннің” айырмашылығы айқын көрініп тұр. Біз бұл түйінге өте нәзіктікпен назар аудармасақ, екеуін бір-бірімен шатастырып алатындығымыз-шындық. Әдетте, біздің лирикалық “Менді” жетік меңгере алмаған ақындарымыз авторлық “Меннің” жетегінде кетеді де, өлеңдерінде ылғи баяндауға бой алдырады. Баяндау араласқан жерде өлеңнің өңі бозғылт тартатындығы бесенеден белгілі.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. С. Мәуленов. Ақшамның қызыл қанаты. А., «Жазушы», 1994.
  2. Т. Медетбек. Таңдамалылар. 1 том. А., «Жібек жолы», 2005.
  3. М. Жолдасбеков. Асыл арналар. А., «Жазушы», 1990.
  4. М. Мақатаев. Шығармалары. 4 том. А., «Жалын», 2002.
  5. Ж.Қадыров. Жайсаң жаз. А., «Жазушы», 1980.
- 
-

Қаракөз СҮЛЕЙМЕНОВА,  
Темірбек Жүргенов атындағы  
Қазақ ұлттық өнер академиясының  
“Театр өнерінің тарихы мен теориясы”  
кафедрасының аға оқытушысы,  
өнертану ғылымдарының кандидаты.

## «АЙМАН-ШОЛПАН» МУЗЫКАЛЫҚ КОМЕДИЯСЫНЫҢ ТЕАТР ӨНЕРІН ДАМЫТУДАҒЫ РӨЛІ

Музыкалық драма театрлардың атауына сәйкес репертуардан орын алатын шығармалардың басым бөлігін музыкалық қойылымдар құрайды. Атап айтар болсақ, еліміздегі көп жылғы тарихы бар Семей, Қарағанды, Павлодар, Астана, т.б. өнер ұжымдарының негізгі шығармашылық бағыты - осы. Өздерінің шығармашылық қалыптасу, даму кезеңінде аталған өнер ұжымдары музыкалық қойылымдардың ұлт мәдениеті үшін маңыздылығын, актерлік шеберлік пен ән орындаушылық өнердің кәсіби деңгейде дамуындағы алар орнын анықтады. Мәселен, алғаш Қазақ ұлттық опера және балет театрының шымылдығын ашқан Мұхтар Әуезовтің «Айман-Шолпан» музыкалық комедиясы еліміздегі барлық театрлардың ізденісіне сын болып келеді. Бұл пьеса - тәуелсіздікпен қатар іргетасын қалаған Жүсіпбек Аймауытов атындағы Павлодар облыстық қазақ музыкалық драма театрының да шымылдығын ашқан көркем дүние.

Мұнданегізгі сюжеткүлкі мен думанға негізделіп, оқиғаның өрістеуінде тартыс Көтібар мен Маманның, Арыстан мен Әлібектің арасында дамып отырады. Шығармадағы бірі байлығын, енді бірі батырлығын бетке ұстаған кейіпкерлер

көркемдік ансамбль құруда орынды әдіс-әрекетке бағынған. Ал қыздарды мақтап немесе пьесадағы комедиялық тартысты тереңдетпеуге күш салған Жарас бейнесі Ерсайын Тәпенов сахналаған қойылымның басты дiңгегі болған. Бұл рөлдегі Құрманғазы Айтмырзаевтың пластикалық қимыл-қозғалысы, аяқ астынан жол тауып кететін тапқырлығы комедиядағы автор суреттеп берген мінезіне сай шыққан. Актер қойылымда бастан-аяқ суырыпсалма әдісін орынды қолдана білуімен де ерекшеленді. Қ.Айтмырзаев кейіпкерлер арасындағы тартыстың элеуметтік-моральдық сипатына назар аударатырып, Жарасты халық өкілі ретінде бейнелейді. Белгілі театртанушы ғалым Бағыбек Құндақбайұлы «Спектакльдің сәтті шығуында Жарас рөліндегі дарынды жас актер Қ.Айтмұрзаев үлесі мол. Оның жасаған бейнесі қысылтаяң жерден жол тауып кететін ақылды да айлалы, ертедегі қазақ ауылындағы қулардың тұлғасын еске түсіреді. Сахнада сынаптай сырғыған оның тынымсыз қимыл-әрекетінің бәрі де мазмұнды, белгілі бір мақсатқа құрылған. Сөзіне, бет әлпетіндегі өзгерістерге, көз жанарындағы ойнақылық сәттерге кәміл сенесің» [1. 448] деп актердің орындаушылық шеберлігіне кәсіби баға берген.

«Қыздарды қайтсем де алам» деген сөзімен-ақ өзіне сенімділігі байқалатын Әлібек рөліндегі Мұхтар Байжұмановта ақылдылық та, албырттық та бар. Ол кейіпкерінің қыздарды ажырата алмаған тұстағы психологиялық қобалжуын шынайы ойынымен ашып береді. Жалындаған Арыстан рөліндегі Жұмахан Доспаевтың батырға тән тұлғасы мен кескін-келбетінен жастық қызулықтың қанық бояуын аңғаруға болады. Жоғарыдағы еңбегінде театртанушы осы екі актердің рөл шығарудағы ізденістеріне, ойын бедеріне талдау жасап, оң пікірін білдірген.

Мұхтар Әуезовтің қаламына арқау болған Айман мен Шолпан – XIX ғасырдың әдет-ғұрып, салт-дәстүр шеңберінен шыға алмаған бай қыздары. Зерттеуші Қуандықов «Драматург Айман мен Шолпан тұлғаларына ақыл-парасат сәулесін төгеді. Бірақ бұлар да өз заманының, өз ортасының қыздары. Олар бастарын сергелдеңге салған бай мен батырға қосылып тыным табады, сонымен ел арасындағы дау-шардың басылуына себепші болады. Өрісі осы ғана. Драматург те, көрушілер де қос аруға бай қыздары деп қарамайды, малды мен күштінің қолында кететін, бас еркі жоқ қазақ әйелдерінің бірі деп таниды» [2. 76] деп ашып көрсеткен-ді. Кереку сахнасындағы Айман мен Шолпан керісінше, өз теңіне қосылуды армандаған, бас еркіндігіне ұмтылған арулар бейнесінде көрінді.

Павлодарлық труппаның бір ерекшелігі – режиссер Ерсайын Тәпеновтің алғашқы көріністерде Айман мен Шолпанды екі орындаушыға, ал екінші бөлімде басқа екі актрисаға ойнатуы болды. Айман рөліндегі Рауза Тәжібаева мен Талжібек Атамбек бас еркіндігі жоқ жас қыздың махаббатқа, лирикаға толы сезімін өзіндік орындаушылық қабілеттерімен, көрікті жүріс-тұрыстарымен береді. Екі бөлімдегі актрисалардың ойындары бірін-бірі толықтырып, Көтібар батыр тудырған даудың оң шешіміне жол ашты. Жалпы қойылымға лирикалық сипат берген, драмалық әрекеттерді музыкалық комедия элементтерімен ұштастырудың маңыздылығына мән берген төрт актрисаның той кезіндегі жарқын да көңілді әндері мен тұтқынға түскеннен кейінгі мұңды, қайғылы әуендерінің әлеуметтік сипаты айқын деп айта аламыз. Бұл шығарманың құрылымдық, жанрлық сипатын Рымғали Нұрғали «Драматургияның басқа жанрларына қарағанда комедия финалы көбіне тартыстың жағымды шешімімен, жамандық жеңіліп, жақсылық үстем болған баянды күймен

аяқталады...» [3. 218] деп талдайды.

Шығармада өзіндік қалпымен, сатиралық-сарказмдық бояуы қалың шыққан кейіпкер – шал. Сансызбай Бекболатов батырдың жанында өзін де батыр санайтын, оның даусын, жүріс-тұрысын, әрбір әрекет-қимылын комедиялық жанрдың өзіндік үлгісіне қарай бағыттап отырады.

Шығарма ансамблінің көркемдікке, тұтастыққа негізделуінде Мұхтархан Манап – Көтібар, Гүлзира Саймасаева – Теңге, Қуандық Тұрманбаев – Балпық, Аманкелді Жукин – Жантық, т.б. актерлік топ орасан еңбек сіңірді.

Драмалық шығарманың басты компоненттерінің бірі сахналық декорацияны автор, режиссер, актер бірлігін одан әрі тереңдетуші құрал дейміз. Сондай көркемдік тұтастықты көздеген суретші Е.Камкенов комедияда киіз үй керегелері, алтыбақан бағандары арқылы Маман байдың отауын, ауыл көрінісін берген. Халық әні «Гүлдерайымның» «Айман-Шолпан» музыкалық комедиясының лейтмотиві ретінде танылғанын білеміз. Бұл қойылымда да симфониялық оркестрдің сүйемелдеуімен берілген осы ән және Иса Байзақов пен Жаяу Мұса әндерінің әуендерін қолдану (дирижер Б.Рахымжанов) біріншіден – жанрлық ерекшелікті танытып, екіншіден – спектакльдің көңілді атмосферасын құраған.

Осындай ізденістерімен еліміздегі көптеген музыкалық театрлардың репертуарын байытуда білімділігі мен біліктілігін танытып жүрген Е.Тәпеновтің тапқыр тәсілдері Жүсіпбек Аймауытов театрында да сәтті қадам жасауына мүмкіндік берді.

Аталмыш комедияны Мұхтар Әуезов атындағы академиялық драма театрында 1992 жылы сахналаған Әзірбайжан Мәмбетов режиссурасына сол кездегі баспасөз беттерінде түрлі ой-пікірлер айтылғанын білеміз. Онда

режиссерлік шешімнің ерекшелігі алғашқы көріністен-ақ байқалғандығы баса аталған. Ә.Мәмбетов режиссурасының тапқырлығы мен жаңалығы – қойылым алғаш басталғанда сахнаны кейіпкер-манекендердің айналып өтуі болды. «Қоюшы-режиссер мен спектакльге қатысқан бүкіл творчестволық топтың әйгілі комедияның негізгі өзегін айнытпай сақтай отырып, оның өн бойында өздерінің бүгінгі уақытқа, замана өзгерістеріне, қазақи мінез болмыстың қазіргі бұлтарыстарына көзқарастарын білдірсек деген ұмтылысы анық бой көрсетеді» [4].

Нарықтық қатынастар қарсаңында қойылған шығармада қоғамдық өзгерістер барысын Әлібек бейнесінде ашып көрсетеді, яғни, Ә.Мәмбетов оны бүгінгі қоғам өкілі, нарық заманының адамы ретінде таныған. Жоғарыдағы мақалада «Әртіс Ж.Қайырлиевтың орындауындағы Әлібектен бүгінгі күндердегі іскер, иненің көзінен өтетін пысық, білім мен біліктілікті қатар меңгерген, нарық заманы тудырған жігіттерді жазбай тануға болар еді» [4] деген ой айтылғанмен, Ж.Қайырлиевтің сөзді тез, тұтығып айтуы айтарлықтай кемшілік болған.

Қойылымда Жұмабай Медетбаев (Маман), Әшірәлі Кенжеев (Көтібар), Гүлнар Ералиева, Қымбат Тілеуова (Айман), Ләйла Әбзелбаева, Данагүл Темірсұлтановалардың (Шолпан) шебер ойын үлгілері музыкалық спектакльдің көркемдік тұтастығын биіктетіп, жаңа заман лебіне жаңа үн қосты. Дегенмен, спектакльге Е.Аманшаевтың интермедия жазуы, классикалық туындылардың ішіндегі шоқтығы биік жалғыз комедияның негізгі мақсат-мүддесінен ажырап, тек жеңіл күлкі мен әзіл-қалжыңға ғана құрылуы драматургтың ой-тұжырымынан тыс қалғандығын аңғартады. Бұл туралы Б.Құндақбайұлы «...Кейіпкерлердің өлең айтып, би билейтін музыкасы да қазақтың ұлттық әуеніне үйлеспейтін басқа бір бөтен шығармадан көшірілген сияқты. Режиссер ойы өзінше

қызық көрінгенмен, ұлы жазушы шығармасына жаңаша көркемдік қан жүгіртетін бейнелеу тәсілі болып шықпаған. Көрерменді таң қалдыратын сахналық эффектін қолдау қажет. Бірақ ол эклектика емес, режиссерлік жүйелі ойдан, шығарма табиғатын танудан туындауы қажет» [5. 161] деп кәсіби тұрғыда шығарманың негізгі бағыт-бағдарын ашып көрсеткен-ді.

Музыкалық комедияның жанры табиғатында күрделі болғандықтан режиссураның да, орындаушылық шеберліктің де қиыннан қиыстырып, жол табар шешімдерінің ұтымды әдіс-тәсілдерге құралып, шынайы болуы қажет. Қазақ ұлттық музыкалық комедияның көшбасшысы - «Айман-Шолпанды» 1934 жылдан бері қызықты оқиғалар тізбегінің тапқырлығымен дараланатын, айтар ойының өзіндік салмағы бар дүние дейміз. Қазақ музыкалық және драмалық театрлардың репертуарынан мықтап орын алған бұл шығарманы араға біраз уақыт салып, осы академиялық театр сахнасына 2003 жылы режиссер Есмұқан Обаев қойды. Мұндағы ұлттық бояу-нақышта әрленген кейіпкерлер костюмдері, қазақ ауылының сұлулығын, байлығы мен берекесін суреттеген декорация комедияның идеялық мақсатына қарай негізделіпті. Сонымен қатар «Әлқисса» ұлт-аспаптар ансамблі сүйемелдеген (дирижер С.Мәлімбаев) вокальдық көріністер спектакльге жарқын атмосфера берген.

Қандай қойылым болмасын көркемдік дүние тудыруда маңызды саналатын сахналық компоненттер, яғни, жарық, музыка, костюм, грим, декорация, т.б. кейіпкер мінезінің шынайы ашылып, олардың әлеуметтік орнын, ортасын бағдарлауда, режиссер тұжырымының нақтылыққа құрылуында атқаратын рөлі зор. Мұнда сол компоненттік үйлесімділікті басты мақсат еткен суретші Есенкелді Тұяқов сахна кеңістігін ұтымды пайдаланып, екінші бөлімде актерлерді Көтібар ауылы ретінде көрсетеді.

Пьесада егіз қозыдай бір-біріне өте ұқсас деп суреттеле-  
тін сұлулардың рөліндегі актрисалар олардың сахналық  
бейнесін шынайы бере алмады. Мұхтар Әуезов  
қолтаңбасында жігіттер қайсысы Айман, қайсысы Шолпан  
екенін біле алмай дағдарып қалатын-ды. Бұл қойылымда,  
керісінше, гримге мән бермегендіктен Айман мен Шолпан-  
ның әпкелі-сіңлілі қыздар екендігі байқалмай қалды.  
Рөлдердегі Данагүл Темірсұлтанова, Наз Жекенова (Айман),  
Зәуре Көпжасарова, Назгүл Карабалиналардың (Шолпан)  
Маман бай қыздарының мінезі мен әлеуметтік орнын, тарихи  
болмысын түсіне алмағандығы байқалады. Тәжірибелі  
актриса Д.Темірсұлтанова Айманның ақылдылығын,  
парасаттылығы мен тапқырлығын беруге тырысқанымен,  
вокальдық ән орындау тұстарында дауыс диапазонының  
шектеулігі байқалып тұрды. Ән мен сахналық қимыл-  
қозғалыс гармониясының шынайылыққа бағытталып, бір-  
бірімен өзара үндесе отырып, автор мен режиссердің негізгі  
айтар ойын жеткізудің қиындығы әрбір өнерпаз үшін күрде-  
лі мәселе. Мұндай орындаушылық өнердің табиғилықты,  
ізденістің жан-жақтылығын қажет ететіні де сондықтан.

Жалпы алғанда, фольклорлық сипатта өрбіген  
қойылымның ансамбльдік тұтастығы берік. Бос жүрген  
бірде-бір кейіпкер жоқ. Ән айту мен әрбір сөздің астарын  
ашуға бар күш-жігерін жұмсаған Ерлан Білал – Әлібек, Ғани  
Құлжанов – Арыстан, Кеңес Нұрланов – шал, Ержан Түсіп  
– өзбек жігіті, Бекжан Тұрыс – Жарас ойындарында ізденіс  
байқалады. Әсіресе, жылдам қимыл-қозғалыспен сахнаның  
бірде оң жағына, бірде сол жағына шығып, жігіттер мен  
Көтібар батырдың қас-қабағын бағып, істің оң шешім  
табуында күлкілі әрекеттер ойлап табатын Бекжан Тұрыс  
ойыны есте қалды. Е.Обаев трактовкасында Жарас парақор  
болып шыққан. Байлық иесі Әлібек пен батыр Арыстаннан  
буылған теңге алып, қулықты да жанына серік еткен ол қай



кезде де қоғамнан орын алған сыбайластықты байқатып отырады.

Сондай-ақ спектакль ансамблінде Көтібар – Айдос Бектемір, Теңге – Ғазиза Әбдінәбиева, Маман – Төлеубек Аралбай өзіндік ізденіс бедерімен, өзіндік таным-түсініктерімен шынайы ойын көрсетті.

Е.Обаев қойылымында кейбір актерлік ойындардың кемшін тұстары байқалғанымен, музыкалық комедияның көрермендер жүрегіне жол тапқандығын айту керек. Өйткені режиссердің бүгінгі ұлттық рухымыздың жаңғыру, жандану тұсында музыкалық шығарманың көркемдік сипат-болмысын дәстүрлі бояу-бедермен әрлеудегі еңбегі зор.

Еліміздің шығыс өңіріндегі көп жылдық тарихы бар Абай атындағы Шығыс Қазақстан облыстық Семейдің қазақ музыкалық драма театрында да әр кез қойылып отыратын аталмыш комедия актер-режиссер Бауыржан Төлековтің режиссурасымен 2009 жылы қойылды. Мұнда режиссер комедия мен драманың өзара үндестігін тапқан. Ол қыздардың жарқын өмірге ұмтылысына, бай қыздары болғанмен екі отау-шаңырақтың иесі екендігіне мән берген. Спектакльде Бекен Имаханов (Маман), Сапарбек Әшімбеков (Көтібар), Сәндібала Бекбаева (Айман) мен Сұлушаш Төлекова (Шолпан), Әсем Баирова (Теңге), Қуаныш Долдаевтар (шал) комедияның негізгі айтар ойын түсініп әрекет етеді. Алайда әуез бен әуеннің, дауыс пен дикцияның тазалығы жолында кемшіліктерге бой алдырған Айман мен Шолпан рөліндегі актрисаларға ізденістің қажеттігін атап өткен жөн.

Сонымен бүгінгі ұлттық рухымыз бен руханиятымыздың қайта жаңғыруы тұсында көркемдік сипаты халықтың салт-дәстүр бояуымен әрленген «Айман-Шолпан» музыкалық комедиясы қай театрдың да репертуары мен шығармашылығында көркемдік маңыздылығы жоғары, рухани-эстетикалық болмысы айқын шығарма екендігін

дәлелдеді. Мұндай ұлттық классикалық туындылар айтар ойымен, негізгі бағдар-бағытымен ғасырлар бойы өзекті мәселелерді қозғайды. Ұрпақ үшін ұлы жазушы-драматург Мұхтар Әуезовтің өзіне ғана тән дара қолтаңбасы, оның мәңгілік махаббат сарынын жырлаған шығармаларындағы әрбір сөздің астарлы мәні мен мағынасы сақталуы қажет. Сондықтан мұның бағасын, көркемдік салмағын төмендетпей, керісінше, уақыт өткен сайын арттыру режиссер үшін де, актер үшін де маңызды. Режиссерлік шешімдер мен орындаушылық шеберлікке сын болған аталмыш туынды еліміздегі іргелі өнер ошақтарында көркемдік сапасы жағынан жетістіктерге де, кемшіліктерге де орын берген. Дегенмен, қазақ театры мен мәдениетіне қосар үлесі сүбелі бұл музыкалық комедияның ғұмыры ұзақ деп айта аламыз.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

- 1 Б.Құндақбайұлы. Заман және театр өнері. А., «Өнер», 2001.
- 2 Қ.Қуандықов. Тұңғыш ұлт театры. А., «Жазушы», 1969.
- 3 Р.Нұрғалиев. Арқау. Екі томд. шығ. А., «Жазушы», 1991.
- 4 Б.Файзуллин. Тың күш, көне қойылым // Алматы ақшамы. 13.11.1992.
- 5 Б.Құндақбаев. Мұхтар Әуезов және театр. А., «Ғылым», 1997.

---

Жақсы бата - жанға азық

### **ТӨЛЕ БИДІҢ БАТАСЫ**

Атасызға ата бол,  
Батасызға бата бол!  
Арып-ашқан қаріптің  
Жел жағына жота бол!

Панасызға пана бол,  
Кек сақтамас бала бол!  
Дос сүйініп, қас сыйлар,  
Асу бермес дана бол!

(Ақ бата. А., "Өнер", 2001 ж., 50-бет.)

**Майра ӘБІЛОВА,**  
**Сәкен орта мектебінің мұғалімі.**  
Қарағанды облысы,  
Шет ауданы,  
Успен (Нілді) ауылы.

# **«СӘКЕНТАНУ» ҚОЛДАНБАЛЫ КУРСЫ**

*(7-8-сынып)*

## **Түсінік хат**

Қазақ поэзиясының қанатын кең жаюына зор үлес қосқан ақын, дүбірлі даланың дауылпазы, қоғам қайраткері, ұстаз, драматург Сәкен туралы сөз, айтылар әңгіме азаймақ емес. Мектебімізде ақынның өмірінен толық дерек бере алатын мұражай бар. Өлкетанушы мұғалім Нұржанов Файзулланың Сәкен оқыған мектепте тағы бір мұражай ашуға мұрындық болғанын мақтанышпен айта аламыз.

Ақынға арналған игі шаралар біздің мектепте үнемі жүргізіліп отырады. Сәкентану курсы әр аптада бір күнге белгіленген. Бұл күндері курсқа қатысатын оқушылар Сәкен өлеңдерімен, поэмаларымен танысады, мұражайдағы көнекөздер айтқан естеліктерді тыңдайды.

Мектепте жыл сайын Сәкен күндерін өткізу дәстүрге айналған. Сәкендей төзімді, табанды болуға тәрбиелейтін веложорық, жаяу экспедициялық жорықтар ұйымдастыру жақсы жолға қойылған. Сәкеннің кіндік қаны тамған Қарашілік қыстағына жасалған Успен – Қарашілік- Ортау экспедициялық жорығы танымдық-тәрбиелік іс-шараның

ең маңыздысы болды. Ауылымыздың тумасы, экономика ғылымының кандидаты Қарашолақов Сәбит Амантайұлы жыл сайын оқу қортындысы бойынша екі оқушыға Сәкен стипендиясын тағайындап отырады.

Бағдарлама жеке тұлғаның танымдық іс-әрекетін қалыптастыруға бағытталған. Сын тұрғысынан ойлау технологиясына негізделген. Республикаға танымал Құсиын Айтқалиев, Қанипа Біттібаевалардың іс-тәжірибелерін басшылыққа алып, шығармашылық жұмыс жасауға лайықталған.

### **Күтілетін нәтиже**

1. Теориялық білімдерін практикада қолдана білу біліктерін қалыптастыру.

2. Көркемдеп сөйлеудің амал-тәсілдерін игеру. Сөйлей білудің қалыптасқан жүйесін, орфографиялық және орфоэпиялық нормаға сай сөз қолданыстарының қыр-сырын ұғынуға тиіс.

3. Сценарий жазуға, сахналық көрініс дайындауға үйрену.

4. Жобалау дағдыларын дамыту.

5. Оқушының зерттеушілік қабілетін ояту, ғылыми жұмысқа бағыттау.

### **Курстың мақсаты**

Ел болашағы үшін жанын пидаеткен ірі қоғам қайраткері, ақын, жазушы, драматург, ұстаз, журналист, публицист Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармаларын оқушыларға жаңаша қырынан тереңдете меңгерту, ақын өмірінің бізге беймәлім тұстарына зерттеу жүргізу.

Сәкен шығармаларындағы туған ауыл тарихының тыныс-тіршілігін зерделеу, жазушы шығармаларында кездесетін ауыл адамдарының прототиптерін анықтау, әдеби кейіпкерлердің ұрпақтарымен кездесу, персонаждар өмірінен естеліктер жинақтау.

## Курстың міндеті

Оқушыларды жалпы азаматтық құндылықтарды танып білуге, ізденімпаздыққа, өзін-өзі тәрбиелеуге, сапалы көзқарас қалыптастыруға, өнерге сергектікке, шешендікке тәрбиелеуге бағытталған. Сөздерді керекті жеріне орналастыра білу керек екендігін шәкірт санасына жеткізуге негізделген.

### Оқушылардың дайындығына қойылатын талап

1. Сәкен Сейфуллиннің жаңашыл ақын екендігі, өзіне тән ерекшеліктерін айқындау. Оның поэзиясындағы *Экспресс*, *Альбатрос*, *Аққу*, *Асау тұлпар*, *домбыра* рәміздік образдар екеніне көз жеткізу.

2. Ақын шығармаларындағы этномәдени мұраларды жетік біліп, жер-су аттарының тарихи құндылығын есіне сақтай білуге үйрету.

3. Ана тілін ардақтай білу, көздің қарашығындай сақтау, құрметтеу.

4. Сөз саптай білу, тыңдаушының ой-қиялын баули білу.

5. Белгілі бір шығарма үзіндісіне аннотация, пікір, эссе, ой-толғау дайындай білу.

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. «Қазақ тілі мен әдебиеті» журналы. 2004-2008ж.

2. «Дауыс пен көрініс» журналы. 2004-2008ж.

3. С.Мірсейітова. «Кәсіби шеберлік мектебі». А., 2004-2008ж.

4. Қ. Бітібаева. «Абай шығармаларын оқыту», «Әдебиетті оқыту технологиясы», «М.Әуезов шығармаларын оқыту».

5. С.Сейфуллин. Өлеңдер жинағы». I кітап.

6. Т.Кәкішев. «Қызыл сұңқар» (естеліктер жинағы).

7. Ж. Мұхаметнұрұлы «Мұқағали дәрістерінің бағдарламасы».

8. «Өспен: ел мен жер шежіресі». 2007ж.

**«Туған жерім, өз елім» (1 сағат).** Сәкен Сейфуллин өмірі мен қызметі және шығармашылығы. Сәкеннің өмір деректерінен мәлімет. Өскен ортасы, туған жері - Қарашілік қыстағы. Ол жерде алғашқы орнатылған мемориалдық тақта. Сәкен шығармашылығын зерттеуге арналған экспедициялық топтар туралы. Сәкен мұражайы туралы мәлімет.

**«Нұра» (1 сағат).** Ақынның туған жерге деген шексіз сүйіспеншілігі суреттелген. Оқушыларға ақынның бұл өлеңі Омбы оқытушылар семинариясына түсерде жазған шығарма жұмысының қорытынды бөлімі екенін түсіндіру. Бұл жұмыстың емтихан комиссия мүшелері атынан әділ бағасын алғандағы туралы. Туған жер туралы натюрморт.

**«Жайлауға көшу» (1 сағат).** Жаз жайлауға, қыс қыстауға көшіп жүрген ауылдың тыныс-тіршілігі кинодағыдай әдемі суреттермен берілген. Ауыл жайлауға көшкендегі әр адамның өзіне тән жауапкершілігі, әдеп-ғұрпы да ақын назарынан тыс қалмаған.

**«Жайлауда қымыз ішу» (1 сағат).** Жаздыгүні бие байлау, қымызмұрындық жасау дәстүрі ауыл ішінде әлі де бар. Осы салт-дәстүр қонақжай бәйбіше бейнесі арқылы шынайы суреттелген.

**«Түс» (1 сағат).** Өлеңдегі ақынның айтқан ойы астарлы жұмбақ күйінде берілген. Қуарған, солған көп шыбықтар оқымаған, құл болған, күң болған жастар бейнесі сияқты. Өлеңнің идеялық мағынасы ең соңғы шумақта берілген. Өлеңде мағынасы түсініксіз сөздер («Пайтахіт») кездеседі.

**«Кім басшы, аға, халыққа?» (1сағат).** Бұл өлеңде ақын халықтың мұң-мұқтажын жоқтайды. Елге пана болар ел басшысының образын сомдағысы келеді. Оқушыларға ақын өлеңінің Абай өлеңдерімен сарындас екенін түсіндіру.

**«Қазақ сабағы» (1 сағат).** Ақынның студент болып Омбы семинариясында оқып жүрген кезі суреттелген. Ақынның тұрмыс-тіршілігінің жүдеулігі, ата-анасына,

кұрбы-кұрдасына деген сағынышы шынайы суреттелген.

Ақын бұл қиыншылықтың өтпелі екеніне сенеді.

«Өнер тап, жолдастығы жоқ дейді ойым» деп өзінің ұстанған позициясының дұрыстығына кәміл сенеді.

**«Надан бай» (1 сағат).** Байлығы мен маңыраған малына мастанған байдың образы шебер суреттелген. «Қараша, желтоқсан мен сол бір екі-ай» өлеңімен салыстыра оқыту.

**«Оқымаған қазақ» (1 сағат).** «Надан бай» өлеңіндегі идеялық мазмұны бұл өлеңде өз жалғастығын тапқан. Ақын байлықтан өнерді жоғары қояды. Ахмет өлеңдерімен сабақтастыра оқыту, рухани сабақтастық үлгісін таныту.

**«Ақын» (1 сағат).** Өлеңнің идеялық мазмұнын ашу. Шынайы таланттың ел сезбегенді сезіп, ел арқаламаған азапты арқалауы. Ақынның поэзияда біртұтас ұғымға айналғандығы. Ақынның қасиетті де киелі өлең-жыр арқылы халыққа мінсіз қызмет жасауы. Сол үшін төсектен безініп, түн ұйқысын төрт бөліп өлең жазуы.

**«Інішегіме» (1 сағат).** Бұл өлеңнің тақырыбын ашу үшін Ыбырайдың «Кел, балалар, оқылық» өлеңімен салыстыра талдау. «Мүсәнләфләр» сөзінің мағынасын ашу.

**Шығарма (2 сағат).** Тақырыбы «Ғылым үйрен, нұрға толсын кеудең жас». Ғылым, білім ізденудің бүгінгі таңдағы үлкен мәселе екендігі, өзектілігі.

**«Жетімге» (2 сағат).** Әке-шешесінен айырылған жетім баланың психологиялық ахуалы. Бүгінгі таңдағы жетімдер проблемасы - өзекті мәселе. Мұхтар Әуезовтің «Жетім» әңгімесіндегі Қасым бейнесі.

**«Айт күні» (1 сағат).** Діни мейрам – ізгіліктің, адамгершіліктің бастауы. Бұл күні ренжіскен адамдар бір-біріне кешірім жасайды. Тоқшылық мерекесі. Ұлттық ойындар ойналатын, әдеп-ғұрып, салт-дәстүр сақталатын нағыз ұлттық той. Қазақтың кешегі өмірінің бейнелері, өткен күндер картиналары бар.

**«Боранда» (1 сағат).** Сарыарқа табиғатының ерекшелігі жөнінде. Нілді өңірінің бораны, Сүйірбайдың желі. Мағжанның «Қысқы жол» өлеңінің поэтикалық ерекшелігімен салыстыру.

**«Бабаларыма» (2 сағат).** Ақынның тегі туралы мәлімет. Мұғалім бұл тақырыпта ақын пір тұтқан бабалар туралы сөз қозғайды. Аңыздар, ел аузындағы шежіре тарих. Өлеңнің жазылуы тарихы туралы ой-толғаныс. Өлеңдегі пессимистік сарын. Оның себептері, «Тар жол, тайғақ кешу» романымен байланыстылығы.

Қамыққан көңіл арқылы қаһарлы күндердің сұсты келбетін шынайы суреттеп, ауыр күресте шынығып шыққан күрескер образын жасайды. «Тар жол, тайғақ кешу» романында айтылатын оқиғалармен үндестік сезіледі.

**«Қамыққан көңілге» өлеңі (1 сағат).** Ақын бұл өлеңінде жаратылыстың құшағында еркін өскен қазақ баласына темір шынжырлы тар қапастың тозақ отынан да қиын екендігін ашына жырлайды. Тұтқынның халін сұлу, нәзік жанды, сезгіш жүректі қарындас аяйтын сияқты. Қамыққан көңілді мөлдіреген сұлу көздері жұбататын тәрізді. Ақын жүрегін сыздатқан ауыр мұң мен қайғылы шер ақ қағазға өлең болып жосылып түседі.

**«Мен - тәуелсіз елдің ұрпағы» өлеңі (1 сағат).** Талай жерде құрбан болып кете жаздаған тәуелсіздігімізді пәле-жаладан аман сақтағай, ғұмырлы болғай деп тілейік. Тілеулі, бірлікті, ынтымақты, ел бола білейік! Бұл – біз сияқты мыңдаған қазақ жастарының бүгінгі тілегі.

**«Қашқынның ауылы» өлеңі (1 сағат).** Бұл өлеңде пессимизм, өкініш, түңілу сарыны, күрестен қашу мотиві жоқ. Қайта туған жерге деген сағыныш сезімі басым. Сұлу қыз, батыл жігітті мадақтау, еркіндік пен бостандықты мадақтау пафосы.



**«Сыр сандық» (2 сағат).** Досқа жазылған хат түрінде берілген. Сезім мен сыр, ой мен образ. Ақылдылық пен арамдық, талант пен күншілдік, мансап пен ұждан, достық пен қастандық туралы тебірене жырлайды. *Ақын мұзбалақ, зеңгір тау, сыр сандық сый перне, алтын сарай* образдары арқылы көркемдік мұрат, әсемдік идеяларын оқырман қауымға айқара ашып салды.

**«Аспанда», «Біз» (1 сағат).** Ақын өлеңдеріндегі өмір мен тіршілік пердесі. Өмір сыйы, оның қуанышы мен қайғысы, шаттығы мен уайымы. Ақын поэтикасындағы орын алатын ұшақ, экспресс, жұмысшы, домбыра секілді образ-рәміздер.

**«Жұмыскерлерге» (1 сағат).** Тас қопарып, жер үңгіп, шыңырау қазып шығарған, темір жол салып, жер қыртысын сыдырған еңбек адамының бейнесі. Өлең Нілді руднигінің жұмыскерлеріне арналғандығымен құнды.

**Сәкен Сейфулин туралы өнер адамдарының ойлары мен пікірлері (1 сағат).** Сәкен Сейфуллин оқыған мектеп-мұражайына саяхат жасау. Өлкетанушы ұстаз Нұржанов Файзолланың дәріс сабағын тыңдау, Галина Серебрякованың «О других и о себе» (М., 1968) еңбегіндегі Сәкен туралы пікірлермен танысу. С.Талжанов «Сейфуллиннің Сәкені» повесі (Алматы, 1959) бойынша Кітап күнін өткізу.

**«Бұлшық ет», «Біздің Сәуле», «Сәрсен» (2 сағат).** Ақынның жаңа заман адамын сұлу мүсінді, қайратты, сыптай, жаны таза, биік мұрат жолындағы күрескер етіп көрсетуі. Өлеңдердің идеясы мазмұндас, көркемдігі деңгейлес шығармалар.

**«Сәкен жүріп өткен тар жол, тайғақ кешулер» (1 сағат).** Атаман Анненковтың азап вагонында қыстың сақылдаған сары аязымен 47 күн арпалысқан Ақмола совдепшілерінің аянышты тағдыры туралы деректермен танысу. «Омбыдағы ересектер оқитын орта дәрежелі педагог мектебінің оқушысы Дүйсенбі Әсиұлы Омбы уезі, Сілеті елінің қазағы, жасы

26-да. Әсиулы демалысқа шықты» деп 1919 жылы 25 мартта куәландырылған кішкентай қағаз Сәкенді әлемнің астында шарлатпаған жер қалдырмады.

**«Анамның хаты», «Анаға жауап», «Ауыл байғұс, мінекей» (1 сағат).** Ақын жүрегіндегі анаға деген ұлы махаббат оты. Анаға деген сағыныш. Туған жерге деген сағыныш. Ана жүрегінің дархандығы, теңдігі, сабырлығы, алыптығы. «Жамалеке» бейнесі – ақын өмірінің идеялы, өмірлік нысаны.

**Ардағы ауылымның Сәкен аға (1 сағат).**

Сәкен Сейфуллиннің өмірі мен шығармашылығының әр кезеңдерінен әдеби-драмалық-музыкалық қойылым дайындау.

**Сәкен өлеңдерінің құрылысы (1 сағат).** Сәкен өлеңдеріне сатылай кешенді талдау жасату, өлеңнің негізгі түйіні, тәрбиелік мәні туралы ой-толғаныс жазу.

**Сәкен жайлы не жазылды? (1 сағат).** Мектеп кітапханасында Сәкен туралы жазылған көркем шығармалар мен естеліктер топтамасына шолу жасау.

«Тұғыры биік тұлға». Сәкен Сейфуллин туралы зерттеулер, естелік, мақалалар. Алматы, «Үш қиян», 2002.

«Сәкен сүйген арулар». Тұрсынбек Кәкішев. Алматы, «Атамұра», 1997.

Х.Бекхожин. «Сұңқар туралы аңыз» (поэма). Алматы, 1958.

№	Оқылатын басты тақырыптар	Сағат саны	Сабак түрі	Пәнаралық байланыс	Әдіс - тәсілдер
1	«Туған жерім, өз елім»	1	Ізденіс	Әдебиет	ИнСерт кестесі
2	«Нұра»	1	Ой-толғау	Әдебиет, география	Өздік жұмыс

3	«Жайлауға көшу»	1	Салыстыру	Әдебиет «Жазғытұры». Абай.	Венн диаграмасы
4	«Жайлауда қымыз ішу»	1	Салыстыру	Әдебиет	Қара сөзге айналдыру
5	«Түс». («Пайдахит» сөзінің мағынасын түсіну)	1	Ізденіс	Әдебиет	Өздік. Жұптық. Топтық.
6	«Кім басшы, аға, халыққа?». (Абай өлеңдерімен рухани үндестік. Стильдік талдау жасау)	1	Пікірталас Ой-толғау	Әдебиет. Абай өлеңдері.	Топтық жұмыс.
7	«Қазақ сабағы». (Мағжан, Міржақып өлеңдерімен рухани үндестік)	1	Ізденіс	Әдебиет	Топтық жұмыс.
8	«Надан бай». (Абай. «Қараша, желтоқсан мен сол бір екі –ай»)	1	Салыстыру	Әдебиет	ББҮ
9	«Оқымаған қазақ». (Міржақып, Мағжан, Ахмет үндестіктері)	1	Салыстыру	Әдебиет	ББҮ

10	«Ақын» өлеңінің тақырыбы мен идеясы. Ахметтің «Ақын ініме өлеңімен рухани үндестігі.	1	Салыстыру.	Әдебиет.	Даралық пен ұқсастық.
11	«Інішегіме». Ыбырай мен Сәкен. «Кел балалар - оқылық!» Мүсәнләф-ләр» (араб сөзі) заманы, тілеуі бір деген мағынада.	1	Ізде-ніс.	Әдебиет.	Вен диаграммасы.
12	Шығарма: «Ғылым үйрен, нұрға толсын кеудең жас».	2	Шы-ғарма.	Әдебиет.	
13	«Жетімге» (Қазіргі кезде жетім балалар, Қарағанды-дағы жетімдер үйі туралы).	2	Пікір-талас	Баспасөз. Теледидар	Технология.
14	«Айт күні». Бүгінгі ұр-пақ және дін мәселесі.	1	Ой-толғау.	Көркем әдебиет. Баспасөз.	Мақала.
15	«Боранда» Міржақып, Мағжан өлеңдерінің поэтикалық ерекшелік-терімен салыстыру.	1	Ізде-ніс .	Көркем әдебиет.	Венн диаграммасы.

16	«Бабалары-ма» (шағым) өлеңінің жазылу тарихы.	2	Ізде-ніс.	Әдебиет.	Түртіп алу стратегиясы.
17	«Қамыққан көңілге» Поэзияның мәні, мазмұнды-лығы, өлеңді қара сөзге айналдыру.	1	Дәріс.	Әдебиет.	Пирамидалық оқиғалар.
18	Мен тәуелсіз елдің ұрпағы.	1	Шы-ғарма.		Әдебиет.
19	«Қашқын-ның ауылы» өлеңі қалай жазылды?	1	Ізденіс	Әдебиет.	ИнСерт кестесі.
20	«Сыр сандық» өлеңінің жазылу тарихын зерттеу.	2	Ізде-ніс.	Әдебиет.	ИнСерт кестесі. Пирамидалық оқиғалар.
21	«Аспанда» және «Біз» өлеңдеріндегі шынайы достық сезімдердің берілуі.	1	Дәріс.	Әдебиет.	Топтық, жұппен жұмыс.
22	«Жұмыскер-лерге» өлеңіндегі Нілді зауытының жұмыскер-лерінің портреті (естеліктер жинақтау).	1	Дәріс.	Әдебиет.	Интервью Аннота-циялық талдау.

23	Сәкен Сейфуллин туралы өнер адамдарының ойлары мен пікірлері.	1	Дәріс.	Әдебиет.	Альбом жасау.
24	Ақын өлеңдеріндегі еңбек тақырыбы: «Бұлшық ет», «Біздің Сәуле», «Сәрсен».	2	Дәріс.	Әдебиет.	Реферат.
25	Сәкен жүріп өткен тар жол, тайғақ кешулер.	1	Шолу сабағы.	Тарих.	Реферат.
26	Ақын шығармаларындағы ана тақырыбы. «Ананың хаты», «Анаға жауап», «Ауыл байғұс, мінекей».	1	Ізде-ніс.	Әдебиет.	Шығарма.
27	«Ардағы ауылымның - Сәкен аға».	1	Шығармашылық кеш		
28	Сәкен өлеңдерінің құрылысы.	1		Әдебиет.	Сатылай кешенді талдау.
29	Сәкен жайлы не жазылды?	1	Ізде-ніс.	Әдебиет.	Топтық жұмыс.



**Сандуғаш СЫЗДЫҚОВА,**  
**Павлодар облысының**  
**Екібастұз қаласындағы**  
**мамандандырылған «Зерде»**  
**дарынды балалар мектебінің**  
**мұғалімі.**

## **ЗИЯТКЕРЛІК ОЛИМПИАДА**

Өркениетті елдің өскелең ұрпағына лайық терең білім, тәлімдік тәрбие берудің басты құралы – тіл. «Тіл – ұлттың жаны» деп Мағжан Жұмабаев айтқандай, ұлтымыздың жанын қадірлеп, қастерлеу, бүгінгі ұрпақтың осы ұлы мұраға деген көзқарасын дұрыс қалыптастыру, келешегін жасау – қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдерінің басты жұмысы.

Ұстаз үшін ең басты мәселе – оқыту технологиясын дұрыс таңдап алу. Сабақта қолданылатын түрлі жаңа технологиялармен қатар теледидарда жүргізілетін зияткерлік ойындардың да оқушы танымын, көзқарасын, шығармашылық ізденісін, қабілетін дамытуға пайдасы зор.

Қазақстан ұлттық арнасында көрсетілетін мектеп оқушылары және жоғары оқу орны студенттеріне арналған республикалық, халықаралық білім дәрежесін анықтайтын «Интеллектуалдық (зияткерлік) олимпиада» тележобасының маңызы ұшан-теңіз. Бұл жобада оқушылар мен студенттердің білімдерін барлық салада сарапқа салып, жан-жақтылығын, үш тілділігін, дүниетанымының кеңдігін, танымдық қабілеттерінің жоғарылығын, жеке тұлғалық ерекшелігін анықтайды.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндеріне негіздеп, 10-сынып оқушыларына арнап жасап, тәжірибеде қолданған «Зияткерлік олимпиада» жобасының оқушы тұлғасының танымдық қабілеттерін дамытуға, тұлғаның кез келген жағдаяттардан шыға алуына, еркін қарым-қатынас жасауға берері мол. Бұл жобаны жасаудағы алдыма қойған мақсат– қоғамдық ортада өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортаға бейім, бәсекеге қабілетті, шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру, баланы субъект ретінде оқу ісіне қызықтыратын, оған қабілетін арттыратын жағдай туғызу. Мақсатқа жету оқушының өзі арқылы, іс-әрекеті арқылы жүзеге асады.

Жобаны іске асыру көп жағдайда өткен сабақты немесе өткен тарауды қайталау барысында қолданылады.

### **1-жоба.**

**Тақырыбы:** Қазақ тілі – ұлттық байлығым.

(10-сынып)

**Мақсаты:** оқушылардың қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен білімдерінің тиянақтылығын, жүйелілігін, жан-жақтылығын анықтау. **Түрі:** зияткерлік олимпиада. **Құрал-жабдығы:** компьютер, интерактивті тақта (презентация). **Әдісі:** сұрақ-жауап, ойландыру, ізденушілік қабілеттерін ояту.

**Олимпиаданы өткізу барысы.** 1. Амандасу. 2. Топқа бөлу. 3. Шартын түсіндіру.

Бұл ойын екі команданың арасында 3 кезең бойынша өтеді.

### **I кезең**

(Әр топтың мүшелерінің әрқайсысына жеке сұрақ қойылып, «иә» немесе «жоқ» деген жауап алынып, ұпай топқа есептелді).

**I топтағы оқушыларға қойылған сұрақтар:**

1. Дыбысқа берілген шартты графикалық таңба бола ма?  
(жоқ)



2. Піл көтермегенді тіл көтере ме? (иә)
3. Қорқыт ата кітабы Дрезден (Германия) қаласында сақталған ба? (иә)
4. Дауыссыз дыбыс буын құрай ала ма? (жоқ)
5. Шешендік сөз дипломатия тәсілі ме? (иә)
6. Тоныкөктің Білге қағанға туыстығы бар ма? (иә, қайынатасы)
7. Сөздің мағынасы сөздің сыртқы мазмұнын бере ме? (жоқ, ішкі мазмұн)
8. Ауыз әдебиетінде синтаксистік, лексикалық қайталаулар кездесе ме? (иә)
9. Дулат ақын Жәңгір ханмен кездескен бе? (жоқ)

### **II топтағы оқушыларға қойылған сұрақтар:**

10. Тұрақты тіркес құрамындағы сөздер жеке-жеке мағына бере ме? (жоқ)
11. Мақал бүтін ойдың көрінісі бола ала ма? (иә)
12. Дания ғалымы Томсен Орхон ескерткіштерін алғаш оқыған ба? (иә)
13. *Тұрақжай* сөзі архаизмге жата ма? (жоқ)
14. Ислам мәдениетінің софылық ағымындағы түркілер ішіндегі басты өкіліне Ахмет Иассауи жата ма? (иә)
15. Білге қаған құлпытасы Қырғызстаннан табылған ба? (жоқ, Моңғолиядағы Орхон өзенінің бойы)
16. Одағайдан баяндауыш жасала ма? (жоқ)
17. Абай Ғабдул-Жаппар, Ахмет-Ризаның медреселерінде оқыған ба? (иә)
18. Махамбеттің 200 жылдық мерейтойы Юнеско ауқымында тойланды ма? (иә)

### **II кезең**

(Әр топқа сұрақ қойылды. Дұрыс жауап берсе, 500 ұпай берілді. Егер жауап бере алмаса, 3 рет мүмкіндік берілді. Қай мүмкіндікте дұрыс жауап берсе, сол ұпай қосылды).

1. XX ғасырдың басында өмір сүрген көсемсөз шебері

(500 ұпай)

400. Қазақ баспасөзінің негізін салушы.

300. Қазақ тілі мен әдебиетін зерттеуші ғалым.

200. Ақтаңдақ ақын? **Жауабы: Ахмет Байтұрсынұлы.**

2. Поэзияның асқар шыңы кім? (500 ұпай)

400. Жырының басы Қарасазда басталған.

300. Отансүйгіш, патриот ақын.

200. «Дарига, домбырамды берші маған» өлеңінің авторы.

**Жауабы: Мұқағали Мақатаев.**

3. Көшпенділер философы атанған әдеби тұлға (500 ұпай)

400. Сахара халқының тұрмыс-тіршілігімен ерекше таныс адам

300. XV ғасырда өмір сүрген ақын.

200. Жайлы қоныс, Жерұйық іздеуші жан. **Жауабы: Асанқайғы.**

4. Өз туындысында Отырар халқының трагедиясын шебер суреттеген ақын (500 ұпай)

400. Қоғам қайраткері.

300. Ана тілінің жанашыры.

200. Парламент депутаты болған кім? **Жауабы: Мұхтар Шаханов.**

### III кезең

(Бұл кезеңде екі топ өздерінің ұпайын алдын ала белгілеп алды. Содан кейін сұрақ қойылды және кілтті сөздер берілді. Егер бір топ жауап бере алмаса, келесі топқа мүмкіндік берілді, екі топ та жауап бере алмаса, белгіленген ұпай саны жалпы ұпайдан шегерілді. Ал, дұрыс жауап берсе, сол топқа өздері белгілеген ұпай қосылды).

1. Абайдың қазақ өлеңдерінің дәстүрлі формасын дамыту бағытындағы жаңашылдық жолын одан әрі жалғастырушы, оған өзіндік кестесін қосқан ақын.

**Кілтті сөздер:** Семей, ақтаңдақ, адамдық борыш.

**Жауабы:** Шәкәрім Құдайбердіұлы.

2. «Қырыстанып жатып алады, ызалы, долы, ашулы, бойында долылық жойқындық бар, әлі күнге бір рет жадырап көрген емес» деп мінезі көрсетілген кейіпкер.

**Кілтті сөздер:** дала, ұя, тағы.

**Жауабы:** Көксерек.

3. Өлеңдерінің ішінде ұзақ арнау, нақыл-өсиет ретінде айтылатын дидактикалық жырлар кездесетін ақын

**Кілтті сөздер:** зар заман, Аягөз, ХІХ ғасыр.

**Жауабы:** Дулат Бабатайұлы.

4. Өмірде сирек кездесетін немесе мүлде кездеспейтін, ойдан шығарылған оқиғалар баяндалатын шығарма.

**Кілтті сөздер:** қиял, қарасөз, айла-амал.

**Жауабы:** Ертегілер.

5. Ананың психологиялық жай-күйі шебер суреттелетін әдеби шығарма.

**Кілтті сөздер:** өзен, құс, мылтық.

**Жауабы:** «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы.

6. «Балалар әдебиетінің атасы» атанған тұлға.

**Кілтті сөздер:** қоңырау, ғибрат, лирика.

**Жауабы:** Ыбырай Алтынсарин.

## 2-жоба

**Тақырыбы:** Даланың дара ұстазы – Ыбырай Алтынсарин (10-сынып)

**Мақсаты:** оқушылардың қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен білімдерінің тиянақтылығын, Ыбырай Алтынсарин өмірі мен шығармашылығы жөнінде білімдерінің жүйелілігін анықтау. **Түрі:** зияткерлік олимпиада. **Құрал-жабдығы:** компьютер, интерактивті тақта (презентация). **Әдісі:** сұрақ-жауап, ойландыру, ізденушілік қабілеттерін ояту. **Зияткерлік олимпиаданы өткізу барысы.** 1. Амандасу. 2. Топқа бөлу. 3. Шартын түсіндіру.

Бұл ойын екі команданың арасында 3 кезең бойынша өтеді.

## I кезең

(Әр топтың мүшелерінің әрқайсысына жеке сұрақ қойылып, «иә» немесе «жоқ» деген жауап алынып, ұпай топқа есептелді).

### I топтағы оқушыларға қойылған сұрақтар:

1. Жіктік жалғауына екпін түсе ме? (жоқ)
2. Сан есімнен баяндауыш жасала ма? (иә)
3. Ыбырай тілмаштық қызмет атқарған ба? (иә)
4. Ыбырайдың «Қазақ хрестоматиясы» еңбегі Қызылордада басылған ба? (жоқ)
5. Қыстырма сөз сөйлеушінің түрлі көңіл-күйін білдіре ме? (жоқ)
6. Ыбырай еңбектерінде тәрбие мәселесі қозғалған ба? (иә)
7. Ақын өлеңдерінде ирония, сарказм қолданылған ба? (жоқ)
8. *Морфология* сөзі терминге жата ма? (иә)
9. Ыбырай аудармамен айналысқан ба? (иә)

### II топтағы оқушыларға қойылатын сұрақтар:

1. *Атырап* сөзі неологизмге жата ма? (жоқ)
2. Баяндауышы бұйрық рай арқылы сұраулы сөйлем жасала ма? (жоқ)
3. Ыбырай мектеп инспекторы болған ба? (иә)
4. Ыбырай әңгімелерінде еңбек тақырыбы қозғала ма? (иә)
5. -Дай, -дей, -тай,-тей жұрнақтары арқылы сын есім жасала ма? (иә)
6. Ақын еңбектері араб әліпбиімен басылған ба? (жоқ, орыс әліпбиі)
7. Түбір сөз бен одан жасалған туынды сөз арасында мағыналық байланыс бола ма? (иә)
8. Қазақ қыздарын оқыту ісіне көңіл бөлген бе? (иә)
9. «Өнер-білім бар жұрттар» тармағында есімше қолданылған ба? (жоқ)

## II кезең

(Әр топқа сұрақ қойылды. Дұрыс жауап берсе, 500 ұпай берілді. Егер жауап бере алмаса, 3 рет мүмкіндік берілді. Қай мүмкіндікте дұрыс жауап берсе, сол ұпай қосылды).

1. XIX ғасырда халық ағарту ісінде екі бірдей тарихи бастама жасаған қазақ халқының мақтанышы (500 ұпай)

400. Белгілі қоғам қайраткері, ақын.

300. Қазақтың ұлы педагогі, ағартушы-ғалым.

200. Таза қазақ тілінде мектеп ашып, оқулықтар жазған адам. **Жауабы: Ыбырай Алтынсарин.**

2. Ақынның 1879 жылы Орынбор қаласында жарық көрген еңбегі (500 ұпай)

400. Кеңес дәуірінде жинақтарда бірнеше рет басылған.

300. Орыс транскрипциясымен басылған.

200. Мектеп оқушыларына арналған негізгі құрал.

**Жауабы: «Қазақ хрестоматиясы».**

3. Қараңғы қазақ қауымына озық мәдениетті елдердің үлгі-өнегесін көрсететін шығармасы (500 ұпай)

400. Жақсы мен жаман, білімділік пен надандық салыстырыла суреттелген шығармасы.

300. Келешекке сенім артқан шығармасы.

200. Өз халқының ілгерілеуіне жол салған өлеңі.

**Жауабы: «Өнер-білім бар жұрттар» өлеңі.**

4. Елін, жерін сүйеге тәрбиелейтін патриоттық өлеңі (500 ұпай).

400. Тұтас лирикалық, пейзаждық өлең.

300. Табиғат көрінісі халық тіршілігімен байланыстырыла суреттелген.

200. Өз сезімінің асқақ көрінісін танытқан. **Жауабы: «Өзен» өлеңі.**

## III кезең

1. Аз жұмысты қиынсынып, өмірде бойкүйездікке салынушылықты суреттейтін әңгімесі (500 ұпай)

**Кілтті сөздер:** таға, шеге, ұста.

**Жауабы:** «Әке мен бала» әңгімесі.

2. Өз дәуірінің өзекті мәселелерін реалистік үлгіде көрсеткен еңбегі.

**Кілтті сөздер:** отырықшы, барымта, кедей.

**Жауабы:** «Қыпшақ Сейітқұл» әңгімесі.

3. Ананы сүйе білудің айқын үлгісін көрсететін әңгімесі.

**Кілтті сөздер:** ана, ауру, сынықшы.

**Жауабы:** «Аурудан аяған күштірек» әңгімесі.

4. Ыбырай қалдырған мұралардың құнды бір саласы.

**Кілтті сөздер:** публицистика, оқулық, мектеп.

**Жауабы:** Ақынның хаттары.

5. Қазақ тұрмысына жақындатып, өзінің төл әңгімелерімен қатар қойған аударма әңгімесі.

**Кілтті сөздер:** қыз, шапан, торғай.

**Жауабы:** «Бір уыс мақта» әңгімесі.

6. Араб әрпімен «Махтуба» деген атпен біраз қысқартылып, екінші рет басылып шыққан еңбегі.

**Кілтті сөздер:** оқулық-құрал, қазақ, тәрбие.

**Жауабы:** «Қазақ хрестоматиясы».

### 3 -жоба

**Тақырыбы:** Абай –қазақтың бас ақыны. (10-сынып)

**Мақсаты:** Оқушылардың қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен білімдерінің тиянақтылығын, Абай Құнанбайұлы өмірі мен шығармашылығы жөнінде білімдерінің жүйелілігін анықтау.

**Түрі:** зияткерлік олимпиада. **Құрал-жабдығы:** компьютер, интерактивті тақта (презентация). **Әдісі:** сұрақ-жауап, ойландыру, ізденушілік қабілеттерін ояту. **Зияткерлік олимпиаданы өткізу барысы.** 1. Амандасу. 2. Топқа бөлу. 3. Шартын түсіндіру.

Бұл ойын екі команданың арасында 3 кезең бойынша өтеді.

## I кезең

(Әр топтың мүшелерінің әрқайсысына жеке сұрақ қойылып, «иә» немесе «жоқ» деген жауап алынып, ұпай топқа есептелді).

### I топтағы оқушыларға қойылған сұрақтар:

1. «X» әрпіне біткен сөзге қосымша жіңішке түрде жалғана ма? (жоқ)
2. «Жүрек жұтқан» сөзі тұрақты тіркес бола ала ма? (иә)
3. Ақын қазақ әдебиетіне жаңалық әкелген бе? (иә)
4. Абай би-болыстармен жақын болған ба? (жоқ)
5. Түсіндірмелі салалас жалғаулық шылау арқылы жасала ма? (жоқ)
6. Абай 1886 жылға дейін өлеңдерін өз атынан жариялаған ба? (жоқ)
7. Көсемшенің-ғалы,-гелі жұрнақтары жіктеле ме? (жоқ)
8. Абай Ғабдул-Жаппардың, Ахмет-Ризаның медреселерінде оқыған ба? (иә)
9. Жиырма тоғызыншы сөзінде мақал-мәтелдерді талдаған ба? (иә)

### II топтағы оқушыларға қойылатын сұрақтар:

1. Сандарды өлшем бірліктерінен айырып тасымалдауға бола ма? (жоқ)
2. Абай араб, парсы, түркі тілдерін игерген бе? (иә)
3. Етістіктен сын есім жасала ма? (иә)
4. Абай Пушкинмен кездескен бе? (жоқ)
5. Сөздердің тіркесуі арқылы үстеу жасала ала ма? (иә)
6. Абай Лермонтов өлеңдерін аударған ба? (иә)
7. Абайдың «Әзім әңгімесі» поэмасы аяқталған ба? (жоқ)
8. Төл сөзді төлеу сөзге, төлеу сөзді төл сөзге айналдыруға бола ма? (иә)
9. Оспан Абайдың ағасы ма? (жоқ)

## II кезең

(Әр топқа сұрақ қойылды. Дұрыс жауап берсе, 500 ұпай берілді. Егер жауап бере алмаса, 3 рет мүмкіндік берілді. Қай

мүмкіндікте дұрыс жауап берсе, сол ұпай қосылды).

1. Өнер-білім жолындағы ізденісін өз бетінше үйрену арқылы дамытқан қазақ әдебиетіндегі биік тұлға (500 ұпай)

400. Жас кезінен көзге түсіп, келешегінен көп үміт күттірген жан.

300. Халық әдебиетінен ерекше сусындаған адам.

200. Халықпен етене жақындасқан қазақтың мақтаулы ұлы.

**Жауабы: Абай Құнанбайұлы.**

2. Ұстаз ақынның кейінгі ұрпаққа айтар өсиеті түрінде жазылған шығармасы (500 ұпай).

400. Әрбір жігерлі жастың талпынатын биік арманын көрсеткен.

300. Жастардың білім мен өнер қуатын шағын бос өткізбей, еңбектенуіне жол сілтеген еңбегі.

200. Келешек жастардың қараңғы, надан қауымнан өзгеше болуын көрсететін шығармасы.

**Жауабы: «Ғылым таппай мақтанба» өлеңі.**

3. Озық мәдениет пен ғылымды, білімді игерген жаңа адамның бейнесін берген шығармалары (500 ұпай).

400. Жаңа адам бейнесінің бойындағы бауырмалдық, қарапайым мінезді жастарға үлгі етіп көрсетеді.

300. Оның ғылым жолындағы ізденісін «Жаңа жылдың басы» санайды.

200. Абайдың қайғысын ұлғайтып көрсететін өлеңдер

**Жауабы: Әбдірахман өліміне арнау өлеңдері.**

4. Халықты жүдетіп, шаршатып отырған ұнамсыз әрекет, мінездерді, олардың ішкі сырын үлкен шеберлікпен ашатын психолог ақын ретінде танылатын Абайдың халықтық өлеңі (500 ұпай).

400. Ел ұйтқысын бұзған, оның берекесін кетірген әкімсымақтарға деген ызасы ерекше көрінетін өлеңі.

300. Заманы мен өзі өмір сүріп отырған ортаның кемшіліктері өткір сыналатын өлеңі.



200. Еңбекші халықтың мүддесін қорғаған азамат үні естілетін өлеңі.

**Жауабы:** «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» өлеңі.

### III кезең

1. Тіл мен теңеу, түр жағынан алғанда жаңалығы бар шығармасы.

**Кілтті сөздер:** оқу, адвокат, закон.

**Жауабы:** «Интернатта оқып жүр» өлеңі.

2. Абайдың дүниежүзілік озық поэзиядан алған озық үлгісі.

**Кілтті сөздер:** мезгіл, адам, табиғат.

**Жауабы:** Табиғат лирикасы.

3. Заман, дәуір, оның адамдары жайлы ой толғанысының жаңа бір көрінісі және мазмұнына түрі сай, аса көркемдік деңгейде жазылған шығармасы.

**Кілтті сөздер:** қызыл, тіл, кесте.

**Жауабы:** «Сегіз аяқ» өлеңі.

4. Ертеңін ойламайтын жалқауларды күлкі ететін, адамдық намыс, әділдік үшін күрес идеясы көрінетін аударма өлеңі.

**Кілтті сөздер:** тоғай, ән, жаз.

**Жауабы:** «Шырылдауық шегіртке» өлеңі.

5. Әділдік пен жауыздықтың тартысына құрылған, ақыл, әділдікті соған қарсы ұсынған төл туындысы.

**Кілтті сөздер:** таразы, әскер, қақпа.

**Жауабы:** «Ескендір» поэмасы.

6. Күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселерді ашып көрсететін, ақынның даналық, философиялық түйіндерді жинақтаған шығармасы.

**Кілтті сөздер:** көкірек, ғибрат, ақыл.

**Жауабы:** «Отыз бірінші қарасөзі.

Әр кезеңнің ұпай саны қосылып, жалпы ұпай шығарылды.

Жеңімпаз топ анықталды.

Гүлфина ҚОЙШЫҒАЛИЕВА,  
«Жаңашаруа» қазақ орта  
мектебінің мұғалімі.

Атырау облысы,  
Қызылқоға ауданы,  
Қоныстану ауылы

## «СӨЗМЕРГЕН»

**Сайыстың мақсаты:** оқушылардың өз ұлтына, тіліне деген сүйіспеншілігін арттыру, жас ұрпаққа ана тіліміздің қадір-қасиетін дарыту; сайыс арқылы оқушылардың тез ойланып, жауаптарын тиянақты, жүйелі айтуға, топ алдында еркін сөйлеуге баулу; тұрақты сөз тіркестерімен, мақал-мәтелдермен, көне сөздермен таныстыру, мағыналарын аша білу.

**Жүргізуші:** - Ар ма, ардақты ағайын көз көрген,

Алдарыңызда тіл сайысы – «Сөзмерген»!

Сайысымызды бастамас бұрын арнайы шақырылған сайыскерлерімізбен таныс болыңыздар. *Сәулет Ғануова* – 11-сынып оқушысы, аудандық ғылыми пәндер олимпиадасының қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша жүлдегері. *Жамал Қадырова* – 10-сынып оқушысы, аудандық ғылыми пәндер олимпиадасында қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша I орын алған, облыстық ғылыми пәндер олимпиадасының II орын иегері. *Орынгүл Құспан* – 9-сынып оқушысы, мектебімізде ақындығымен, алғырлығымен танылып жүрген үлгілі де білімді оқушымыз.

Сайыскелер, мына отырған жанкүйерлеріңізге өздеріңіз туралы таныстырып өтсеңіздер. (Өздері туралы кеңінен таныстырады.)

**Жүргізуші:** - I кезең: «Мықты болсаң - тауып көр». Бұл

кезең 8 тапсырмадан тұрады, әр дұрыс жауап 10 ұпай болып есептеледі. Тұрақты сөз тіркестеріне мықты екендіктеріңді байқаймыз.

Кестедегі сөздерді байланыстыра отырып, тұрақты сөз тіркесін табу, мағыналарын ашу.

*Жағына пышақ жанығандай – арық, жадау адам.*

1	Бет	<b>Жану</b>
2	Жүз	
3	Жақ	
4	Мойын	

*Мұзға отырғызу – алдау, арбау.*

1	Қар	<b>Отыру</b>
2	Су	
3	Мұз	
4	Бу	

*Құлақ асу – тыңдау, назар аудару.*

1	Құлақ	<b>Ас</b>
2	Бет	
3	Жақ	
4	Ауыз	

*Тонның ішкі бауындай – дос, тату.*

1	Ішек	<b>Бау</b>
2	Тон	
3	Жиде	
4	Жекет	

*Құлаққа ұрған танадай – тыныштық.*

1	Ауыз	<b>Тана</b>
2	Көз	
3	Құлақ	
4	Мұрын	

*Бармағын тістеді – өкінді.*

1	Қол	<b>Тістеді</b>
2	Білек	
3	Бармақ	
4	Тырнақ	

*Көңіл тасыды – қуану, шаттану.*

1	Ажар	<b>Тасу</b>
2	Көңіл	
3	Бой	
4	Қол	

*Сау басына сақина тілеп алу – өзіне бәле тілеу.*

1	Білезік	<b>Тілеп алу</b>
2	Алқа	
3	Сақина	
4	Сырға	

**Жүргізуші:** - Сәулет, бұйыртса, бірер айдан кейін алтын ұя мектебіңмен қоштасып үлкен өмір дариясына қадам басқалы отырсың. Қандай мамандық иесі болуды қалайсың және бүгінгі «Сөзмергенге» әкелген сыйың?..

**II кезең: «Жүйрік болсаң – шауып көр».** 7 тапсырмадан тұрады, әр дұрыс жауап 10 ұпай болып есептеледі.

Кестедегі сөздерден мақал-мәтелдер құрастыру, мағынасын түсіндіру. Мақал-мәтел мына сөздерден құралады.

*1. Талаптыға нұр жауар.*

1	Оқыған	<b>Жауар</b>
2	Талапты	
3	Білімді	
4	Саналы	

2. Туған жерге туың тік.

1	Ту	<b>Тік</b>
2	Әнұран	
3	Отау	
4	Елтаңба	

3. Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі.

1	Кұс	<b>Іледі</b>
2	Балапан	
3	Торғай	
4	Үкі	

4. Ерді намыс өлтіреді, Қоянды қамыс өлтіреді.

1	Ер	<b>Намыс</b>
2	Батыр	
3	Дос	
4	Сұлтан	

5. Айдағаның - бес ешкі, Ысқырығың жер жарар.

1	Лақ	<b>Ысқырық</b>
2	Ешкі	
3	Төл	
4	Қой	

6. Әдепті бала – арлы бал, Әдепсіз бала – сорлы бала.

1	Мәдениет	<b>Бала</b>
2	Ізет	
3	Әдеп	
4	Талғам	

7. Біреу тойып секіреді, біреу тоңып секіреді.

1	Біреу	<b>Секіреді</b>
2	Екеу	
3	Үшеу	
4	Төртеу	

**Жүргізуші:** - Жамал, аудандық, облыстық ғылыми пәндер олимпиадасының жүлдегерісің. Одан алған әсерің, мақсатың және бүгінгі сайысқа тарту етер сыйың қандай?...

### III кезең: «Ойлы болсаң - озып көр».

Көнерген сөзбен байланысты сөзді табу, мағынасын ашу.

**Қорамсақ** – садақтың жебесін салып белге байлайтын жеке-жеке ұясы бар оқсалғыш.

1	Мылтық	<b>Қорамсақ</b>
2	Найза	
3	Садақ	
4	Айбалта	

**Ерулік** – жаңадан көшіп келген үйді көрші-қолаңның қонаққа шақыруы.

1	Қала	<b>Ерулік</b>
2	Ауыл	
3	Үй	
4	Жылқы	

**Шаршы** – ұзатылып бара жатқан қыздың өзінен кейінгі сіндісіне орамалын беруі, аманат етуі.

1	Киім	<b>Шаршы</b>
2	Орамал	
3	Бұйым	
4	Аспап	

**Жүргізуші:** - Құрметті көрермендер, міне, «Сөз – мерген» сайысы да өз мәресіне жетті. «Жүзден - жүйрік, мыңнан - тұлпар» шыққан, сөзге жүйрік, тілге шешендігімен көзге түскен 11-сынып оқушысы, аудандық ғылыми пәндер олимпиадасының қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша жүлдегері Сәулет Ғапуова «Сөзмергеннің» арнайы дипломымен марапатталады. Бабаларымыз қалдырған асыл мұрамызды әрқашанда жадымызда ұстап, қайта жаңғыртайық, ардақты ағайын! Қош, сау болыңыздар!

Баян СЕЙТОВА,  
Қызылорда облысының  
Жаңақорған ауданындағы  
№125 қазақ орта мектебінің  
мұғалімі.

## ӘДЕБИ ШЫҒАРМАДАҒЫ ПСИХОЛОГИЗМ

*(Әбдіжәміл Нұрпейісов шығармашылығы бойынша)*

Әдеби шығарманың көркемдік құрылымына тән қасиет-психологизм. Жазушы шеберлігі көрсеткіштерінің бірі—психологиялық талдау өнері, ал осы психологизмнің, әлеуметтік таңдаудың үш түрлі мәнін ашып айтатын А.Иезуитов «Психологизм сөз өнерінің тектік белгісі, ажырамас қасиеті, көркемдік кепілі есебінде де көрінеді» деп мәселенің ең тиімді жерін дұрыс пайымдайды (Психологический анализ. М., 2010,125-б.)

Әрбір туынды онда бейнеленетін өмір суреттерінің толымдылығы және шынайлығымен бағалануға тиіс. Көркемдік шынайлық болса, оны ұғындыратын әрі ұғатын адамдар жалпы үрдістерден өзге жеке сезімдік әуендерді тыңдауға бейім. Сондықтан көркем шығармадағы өмір шындығының ең биік деңгейі психология заңдылықтарымен сабақтас. Қаһарманның рухани әлемін, жан сырын жеткізу амал-тәсілдерінің жиынтығы немесе идеялық-эстетикалық, шығармашылық феномен-психологизм.

Әдебиеттің өзі – психологияның өзінен енші алған сала, яғни, психологизм – психологияның әдебиет ордасындағы тұрақты елшісі, көркемдік әлемінің жұлын жүйесі.

Психологизмнің негізгі қызметі - өмірлік шындық пен көркем шындықтың жанды тамырластығын сақтау. Бұл құбылыстың, яғни, психологизмнің ішкі салалары есебінде даралау мен жинақтау, ұлттық, жалпы халықтық дерек пен қиялдап қосу, автор бейнесі, шығарманың заттың құрылымы сияқты мәселелердің ықпалы зор.

Бүгінгі қазақ әдебиетінде психологизм көркемдік шындық ұстанымының айырылмас сыңары бола жүріп, қоғам өмірінің диалектикасын мол нанымдылықпен суреттеуде үлкен танымдық, эстетикалық қызмет атқарып келеді. Бүгінгі қазақ прозасының жетістігі саналатын Әбдіжәміл Нұрпейсовтің «Қан мен тер» романында жазушы қолынан мүсінделген адам кескіндері динамикалық қуаттан серпін алып, кейіпкер жан-дүниесіндегі әр алуан сырларынан көп мәнді елестер береді.

Ә.Нұрпейсовтің шығармаларындағы психологиялық мәселелерді сөз еткенде академик Зейнолла Кабдоловтың «Сөз өнері»[А.,1992]. Бақытжан Майтановтың «Қазақ романы және психологиялық талдау»[А.,2006] атты монографиялық еңбектерін аттап өтуге болмайды.

Психологиялық талдау кейіпкердің психологиялық әлеміне терең бойлауымен ғана емес, сонымен бірге сол әлемді көрсету тәсілдерінің бір-біріне ерекше әсері, байланыстылығымен де маңызды.

Жетілген сөз өнері туындыларында әрқайсысы бір бүтін дүниенің бөлшектері ретінде қатысатындықтан, өнердегі мазмұн мен форма сияқты психологизм мен психологиялық анализ де дәл сондай диалектикалық бірлікте болады. Психологиялық талдаудың түрлерін зерттеушілер шығарманың баяндалу құрлысымен эстетикалық категория ретінде тығыз байланыстылығы тұрғысында атап көрсетеді: кейіпкердің ішкі және ашық монологтары, портрет, пейзаж, кейіпкердің іс-әрекеті, қылығы, авторлық психологиялық



комментарийлер, т.б.

Психологизм мен психологиялық талдаудың айырмашылықтарын мына мәселелерден көруге болады. Біріншіден, психологизм өнерге тән, туыстас құбылыс ретінде көрінеді, оның органикалық қасиетінің өзі - көркемдіктің куәсі. Психологизм саналы белгілі бір эстетикалық ұстаным ретінде өмір сүреді.

Зерттеуші А.С.Гришиннің айтуынша, «-сезім, ой, бүтіндей психологиялық үрдістердің түрлі қырлары мен сатылары, яғни, әдебиет кейіпкерінің психикалық өмірінің ішкі формасы аналитикалық суреттеу болып табылады, психологиялық анализдің негізін құрайды [М.,2009].

Қазақ прозасының биік жетістіктерінің бірі саналатын «Қан мен тер» романынан Әбдіжәміл Нұрпейісовтің әлемдік, орыс, қазақ әдебиетінің үрдістерімен үндес шығып жататынын байқаймыз. Психологиялық анализдің негізгі бір құралдарының бірі ретінде қатысатын пейзаж Ә.Нұрпейісовтің шығармасының өн бойында психологиялық сәттерде бой көрсетіп отырады. Ал осы табиғат көріністері портрет, іс-қимыл, сыртқы көріністің кейіпкерлердің ішкі дүниесін ашудағы рөлі ұшан-теңіз десек артық айтқандық болмас.

«Қан мен тер» психологиялық роман ретінде кейіпкерлер (Еламан, Тәңірберген, т.б.) тағдырлары арқылы әлеуметтік жағдайды, бүтін бір халық өміріндегі белгілі бір кезеңін, тарихын бейнелейді. Бұл турасында сыншы Мұхаметжан Қаратаев тарихи тақырыпты меңгеру дәстүрін айта келіп былай дейді: «Ә.Нұрпейісов сол дәстүрді шебер пайдаланған. Пайдаланғанда қайталаған емес, әлеуметтік романның дәстүр деңгейінен аттанып, психологиялық тереңдікке бой ұрған, мұнда адам характерін әлеуметтік жағынан талдау түрі психологиялық талдау түріне астасып, әдетте адам образын жасауда жиі ұштастыратын үстірттік

пен бір жақты немесе схемашылдық қалып диалектикалық нәзік шеберлікке ауысқан. Бұл бүкіл әдебиетіміз үшін, дау жоқ, зор творчестволық табыс, жақсы жаңалық» [«Қан мен тер қалай аяқталды?» «Жұлдыз», 1974.25-б.].

---

---

Маржангүл ҚОРҒАНБЕК,  
Ақтөбе қаласындағы  
№34 орта мектептің  
мұғалімі.

## ЖЫР АЛЫБЫ – ЖАМБЫЛ

(8-сынып)

**Сабақтың мақсаты:** білімділік - оқушылардың өткен сабақта Жамбыл өмірі мен шығармашылығынан алған мәліметтері бойынша білімі мен дағдыларын тексеру, өлеңдерінің мәнін ашып меңгерту, жатқа айту, теориялық ұғымдарын кеңейту; **дамытушылық** - өлеңдерді мәнерлеп айтып отырып, олардың тіл мәдениетін, сөз байлығын, сөздік қорын, шығармашылық қабілеттерін дамыту; **тәрбиелік** - оқушыларға Жамбыл Жабаевтың өлеңдерінің мазмұнын, тақырыбы мен негізгі ойын меңгерте отырып, олардың бойында қазақ халқына, қазақ тіліне деген сүйіспеншілік сезімін қалыптастыру, оларға эстетикалық, патриоттық тәрбие беру. **Түрі:** өткен сабақты қорытындылау. **Әдісі:** сұрақ- жауап, топтық жұмыс. **Көрнекіліктер:** интерактивті тақта, Жамбылдың портреті, өмірі мен шығармашылығына байланысты кезеңдерге арналған көркем суреттер, «Жамбыл» тірек-сызбасы.

**Сабақтың барысы.** I. Ұйымдастыру.

- Оқушылар интерактивті тақтадағы кімнің суреті?

- Жамбыл кім?

- Жамбыл - суырыпсалма ақын, ауыз әдебиетін жалғастырушы дара жүйрік, жүз жасаған бәйтерек, жыр алыбы.

- Олай болса, бүгінгі сабағымыз өмірімен де, шығармашылығымен де екі ғасырды молынан тұтастырып жатқан жырау, ерлікті, елдікті дәріптеген, халықтың жоғын жоқтап, әлсіздерді күштілердің зорлығынан арашалаған, әділдікті, бостандықты жыр еткен Жамбыл Жабаевқа арналады.

Сынып екі топқа бөлінеді. Интерактивті тақтада Жамбыл өмірі мен шығармашылығына байланысты тапсырмалар берілген. Әр топ берілген тапсырмаларды топтасып орындайды.

**I тапсырма. Өнегелі өмір.**

**I топ:** Өмір - өзен ( Жамбыл өміріне шолу).

**II топ:** Жыр алыбы – Жамбыл.

**II тапсырма. Білген сайын келеді, біле бергім.**

(Оқушылар төмендегі берілген кезеңдер бойынша өз ойларын ортаға салады)

**I кезең.** 1846-1916 жылдарға көз жіберсек.

**II кезең.** 1917-1940 жылдарды қамтитын ақын өмірі.

**III кезең.** 1941-1945 жылдары Жамбыл өміріне бір сәт тоқталсақ.

**III тапсырма. Жыр арқауы – Жамбыл.** (Оқушылар қосымша ізденгендері бойынша өз ойларын айтады.)

**I топ:** Жамбыл – айтыскер ақын.

**II топ:** Жамбыл дастандары.

**IV тапсырма. Білімді болсаң - озып көр.**

**Сұрақтар:**

1. «Ақын қандай болу керек?» деген сұраққа Жамбыл қалай жауап берді?

2. Алғадай майданға аттанғаннан кейін әйелі босанып,

дүниеге ұл әкелді. Жамбыл осы немересі туралы қандай өлең шығарды?

3. Жамбыл Алғадай баласына арнап қандай өлең шығарды?

4. «Менің пірім – Сүйінбай, Сөз сөйлемен сиынбай» деп өлең бастауы нені білдіреді?

5. **Ақын атын таратқан әрбір тұсқа,  
Өлеңменен өлмейтін салған нұсқа.  
Арғын, Найман сөзіне таңырқаған  
Қандай арман бар дейсің бұл туыста.**

Жамбылдың қай шығармасынан?

6. Жамбылдың әкесі мен анасының аты кім?

7. Жамбыл СССР Мемлекеттік сыйлығын қай жылы алды?

8. Жамбыл қай жерлерде болды?

9. Жамбыл мен Сүйінбай суреттерінің авторы кім?

10. **Көздесіп дәл басына атып салды,  
Оқ тиді, нақ маңдайдан басын жарды.**

Жамбылдың қай дастанынан алынған үзінді?

**V тапсырма.** Жамбылдың әр түрлі жанрда жазған өлеңдері туралы айту.

**I топ.** Сатиралық өлеңдер.

**II топ.** Отан, туған жер тақырыбындағы өлеңдер.

**VI тапсырма.** Жамбыл - өлең сөздің даңғылы.

«Өлең – сөздің патшасы сөз сарасы, Қиыннан қиыстырар, ер данасы» деп ақын Абай жырлағандай, осы тапсырмада Жамбыл өлеңдерін мәнерлеп жатқа айту.

**VII тапсырма.** Көңілдегі көрікті ой. (Шығармашылық жұмыс, бұл тапсырма бойынша өлең, шығарма жазу.)

**I топ:** Жүз жасаған бәйтерек.

**II топ:** Асқақ үнді алып ақын.

**Сабақты қорытындылау.**

Сиынып аруағына бабамыздың,  
Киесін ұққандаймын даламыздың.  
Жырлары – шежіресі еліміздің,  
Сырлары – сағынышы санамыздың.  
**Білімдерін бағалау.**

**Үйге тапсырма:** «Жыр алыбы – Жамбыл» тақырыбына шығарма жазу.

---

---

**Дамира БАЛТАБЕКҚЫЗЫ,**  
Ақтөбе облысы,  
Алға ауданының  
Сарықобда ауылындағы  
«Бесараб» орта мектебінің мұғалімі.

## **ЛЕКСИКА ТАРАУЫН ПЫСЫҚТАУ**

*(5-сынып)*

**Сабақтың мақсаты:** білімділік – лексика тарауынан алған білімдерін бекіту, теориялық білімдерін практикамен ұштастыру; **дамытушылық** – сөздік қорының сөйлеу тіліндегі байлығы мен сан алуандығын және логикалық ойлау қабілетін дамыту, түрлі ойындарды пайдалана отырып, оқушының пәнге деген қызығушылығын арттыру; **тәрбиелік** – білімге құштарлыққа тәрбиелеу, тіл құдіретін сезіне білуге баулу. **Типі:** білімді бекіту сабағы. **Әдісі:** жұптық жұмыс, сұрақ-жауап, талдау, жинақтау. **Көрнекілігі:** слайд шоу, үйшіктер. **Пәнаралық байланыс:** әдебиет, дене тәрбиесі.

**Сабақтың барысы. I. Ұйымдастыру.**

Сәлемдесу. Оқушылардың сабаққа дайындығын тексеру. Оқушылардың көңілін аударуды ұйымдастыру.

“Жеті атасын білген ер


Жеті жұрттың қамын жер”, - дейді атам қазақ.

- Кәне, кім жеті атаны атайды?...

- Балалар, бүгін біздер «Лексика тарауынан өткенді пысықтау» сабағымызды «Жеті ата» ауылына саяхат жасау арқылы өткіземіз.

**Аталар ауылы** бізге мынадай тапсырма дайындап қойыпты: «Ассоциативтік қатар» технологиясы бойынша «Лексика» сөзі туралы не білетінімізді таратып жазасыз». Ол үшін оқушыларға таза парақ таратылып беріледі. Болған соң парақтарды жинап алып, оқушылармен бірге жазылған ойларын қорытындылау. Қорытындылау негізінде ойларын жіктейтін логикалық құрылымды сызба немесе тақырыптың қорытынды бейнесі анықталады.

**Әкелер ауылы.** Бұл ауылда біз «Өз үйіме сал» атты ойын ойнаймыз. Мұнда берілген бірнеше мысалдарды мағынасына қарай өз үйіне орналастыру.



**Балалар ауылы.** «Мағынасын бір сөзбен атаңдар» деген ойын дайындап қойыпты.

- Кәне, барлығымыз экранға назар аударайық. Берілген тұрақты тіркестердің мағынасын ашу.

1. Аузына құм құйылды.
2. Көзді ашып-жұмғанша.

3. Жүрегі зу ете қалды.
4. Тайға таңба басқандай.
5. Ат ізін салмау.
6. Қой аузынан шөп алмас.
7. Жерге кіре жаздады.
8. Бармағын тістеу.

**Немере ауылы.** «Даналық ойдан дән ізде» айдары.

1. Бес жүз жылдар шамасында,  
Сонау Ертіс жағасында,  
Болған біреу Саржан атты,  
Даңқы шыққан мерген екен.

*Асты сызылған сөздің синонимін тап.*

2. Жұбайы да өзіне сай,  
Аты Айсұлу – ақ маралдай.  
Ақша беті айменен тең,  
Көркінен де ақылы басым,  
Көршілердің **кәрі, жасын**  
Сүйсіндірген қылығымен. *Антонимді табыңыз.*

3. Талап, еңбек, терең ой,  
Қанағат, рақым - ойлап қой.

*Ауыспалы мағынадағы сөзді табыңыз.*

**Шөбере ауылы.** Бұл ауылда «Араның ұясы»

технологиясы бойынша балалар бір-бірімен жұптасады. Кім не білетіндігі жөнінде ойларымен бөлісіп, өздері қойғысы келетін екі сұрақ дайындау жөнінде тапсырма беріледі. Ары қарай әр жұп сұрақтарын қояды. Сұраққа не мұғалім, не оқушы жауап береді.

**Шөпшек ауылы** сіздердің шығармашылық қабілеттеріңізді сынап көрмекші.

Биатлон, коньки, шаңғы, хоккей сияқты спорттық терминдерді пайдалана отырып «Менің Азиадам» деген тақырыпта шағын мәтін құрастыру.

**Немене ауылына** да келіп жеттік. Соңғы ауылда

бүгінгі сабағымызды қорытындылау үшін «Баламалық тест» орындаймыз. Мұнда «иә» немесе «жоқ» деп жауап бересіздер.

1. Қоза, шиіт, терімші, балдаң сөздері ауылшаруашылық кәсібіне байланысты.

2. *Синоним, антоним, диалект* – математикалық терминдер.

3. «Жұмыртқа» сөзін Оңтүстік Қазақстанда «тұқым» деп атайды.

4. *Бөтелке, сөмке, бәтеңке* араб-парсы тілінен енген.

5. Жаңа сөздер неологизмдер деп аталады. Дұрыс па?

6. «Сыныққа сылтау» - мәтел.

7. «Тайға таңба басқандай» - әдемі.

8. Екі я одан да көп мағынаға ие болатын сөздер көп мағыналы сөздер деп аталады.

---

Әсемгүл АБЕНОВА,

Томар ауылындағы

№22 орта мектептің мұғалімі.

Қарағанды облысы,

Қарқаралы ауданы.

## ТЕСТ

(Әдебиет, 9-сынып)

**1. Тұрмыс-салт жырын көрсет.**

- а) мақал-мәтел;            ә) эпостық жыр;            б) ертегілер;  
в) шешендік сөздер;    г) бата-тілектер.

**2. Ертегілер неше түрге бөлінеді?**

- а) 1;            ә) 2;            б) 5;            в) 4;            г) 3.

**3. «Ер Тарғын» жыры қай жырға жатады?**

- а) эпостық;            ә) лиро-эпостық;            б) ауыз әңгіме;  
в) шешендік сөз;    г) ертегілер.



4. «Жаңбыр жаумаса – жер жетім,

Басшысы болмаса – ел жетім» деген кімнің шешендік сөзінен?

- а) Қаз дауысты Қазыбек;      ә) Әйтеке би;      б) Төле би;  
в) Асан қайғы;                      г) Абай.

5. Шешендік сөздердің жанрлық түрлері нешеу?

- а) 5;      ә) 4;      б) 2;      в) 3;      г) 6.

6. «Үшкіру», «шақыру» арқылы індеттерден құтылу

туралы қай айтыстың түрінде айтылады?

- а) бәдік;    ә) жануарлар мен адам айтысы;  
б) жұмбақ айтысы;    в) салт айтысы;    г) ақындар айтысы.

7. Сараны Біржанның жеңуіне не себеп?

- а) білімнің осалдығы;    ә) тілінің кемшілігі;  
б) ақылының таяздығы;    в) кемтар Жиенқұлға атастыруы;  
г) әйел теңсіздігі.

8. «Әкем қағанның қосыны бөрідей;

Жаулары қойдай болыпты» үзіндісі қай ежелгі дәуір ескерткішінен?

- а) «Күлтегін жыры»;      ә) Қорқыт ата кітабынан;  
б) «Оғыз-нама»;    в) Ахмет Иассауи;    г) Жүсіп Баласағұни.

9. Күн, Ай, Жұлдыз, Көк, Тау, Теңіз, т.б. кейіпкерлер

қай жырда кездеседі?

- а) Қорқыт ата кітабы;    ә) «Оғыз нама»;    б) Күлтегін жыры;  
в) Әбу Насыр әл-Фараби жыры;      г) Махмұд Қашқари.

10. «Күлдір-күлдір кісінетіп

Күренді мінер ме екенбіз?». Қай жырау айтқан?

- а) Жиёмбет;      ә) Шалкиіз;      б) Ақтамберді;  
в) Бұқар;      г) Қазтуған.

11. Шалкиіз қай жылдары өмір сүрген?

- а) ХҮІ ғасыр;      ә) ХҮ ғасыр;      б) 1675-1768ж;  
в) 1465-1560ж;      г) 1748-1819ж.

12. «Бұл дүниенің мысалы» қай ақын өлеңі?

- а) Ақтамберді;      ә) Қазтуған;      б) Жиёмбет;  
в) Бұқар жырау;      г) Шал ақын.

**13. Бұқар жыраудың туған жерін көрсет.**

- а) Баянауылда;            ә) Ақмолада;            б) Көкшетауда;  
в) Талдықорғанда;    г) Оралда.

**14. Зар заман ақындарына кімді жатқызамыз?**

- а) Сұлтанмахмұт, Ғабит, Ғабиден;  
ә) Шортанбай, Мұрат, Дулат;  
б) Мағжан, Жүсіпбек, Міржақып;  
в) Сәкен, Бейімбет, Ілияс;  
г) Шоқан, Ыбырай, Абай.

**15. Шортанбай ақын шығармаларын көрсет.**

- а) «Қалықтаған сұңқар ем»;    ә) «Ақтан жас»;  
б) «Ешенге»;                    в) «Барак төреге»;  
г) «Тегімді менің сұрасаң».

**16. Майлықожа Сұлтанқожаұлының өмір сүрген жылын көрсет.**

- а) 1835-1898;            ә) 1839-1911;            б) 1831-1892;  
в) 1816-1888;            г) 1831-1898.

**17. Махамбеттің туған жерін көрсет.**

- а) Нарындағы Бекетай;    ә) Қиялымола;    б) Торғай өңірі;  
в) Шыңғыстай бөктері;    г) Мойынқұм ауданы.

**18. Махамбеттің Исатай атымен жазған өлеңін көрсет.**

- а) Соғыс;            ә) Қызғыш құс;  
б) Баймағанбет сұлтанға айтқаны;  
в) Әй, Махамбет, жолдасым;    г) Айныман.

**19. Ыбырайдың лирикалық шығармасын көрсет.**

- а) Өзен;    ә) Қыпшақ Сейітқұл;    б) Өнер-білім бар жұрттар;  
в) Әке мен бала;            г) Бақша ағаштары.

**20. «Баталы ұл арымас» деген қағиданы қай әңгімеге Ыбырай арқау еткен?**

- а) Таза бұлақ;            ә) Мейірімді бала;            б) Әділдік;  
в) Байұлы;            г) Аурудан аяған күштірек;

**21. Абайдың өмір сүрген жылын көрсет.**

- а) 1845-1905;            ә) 1835-193;            б) 1846-1945;  
в) 1873-1938;            г) 1802-1888.

22. «Бородино», «Теректің сыйы» т.б. шығармаларды

Абай кімнен аударған?

а) Пушкин; ә) Толстой; б) Крылов; в) Лермонтов; г) Гете.

23. «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін қай жылы жазды?

а) 1885; ә) 1886; б) 1880; в) 1860; г) 1887.

24. «Менің пірім - Сүйінбай» деген ақын кім?

а) Абай; ә) Ахмет; б) Шәкәрім; в) Жамбыл; г) Ақан сері.

25. Сұлтанмахмұттың туған жерін көрсет.

а) Омбы уезінің Шағырай болысы;

ә) Жамбыл облысының Мойынқұм ауданы;

б) Семей облысының Абай ауданы;

в) Торғай өңірі; г) Көкшетау облысы.



Құралай АХМЕТЖАНОВА,  
Павлодар облысының  
Ақсу қаласындағы  
гимназияның мұғалімі.

## ШЫЛАУДАН ӨТКЕНДІ ҚАЙТАЛАУ

**Сабақтың мақсаты:** білімділік - шылаудан алған білімдерін өз беттерімен жинақтауға талпындыру, тұлғалық ерекшеліктерін аңғартуға, құрамдық түрлерін ажыратуға, ой қорытуға жеткізу; **дамытушылық** - Жеке тұлғаның ой қабілетіне әсер ету арқылы оқушылардың жекелей, өздігінен жұмыс іс-әрекеттерін, ой-өрістерін, сөздік қорларын дамыту; **тәрбиелік** - сөздің мағынасына мән беруге тәрбиелеу, ұлттық қасиетке баулу. **Әдісі:** сұрақ-жауап. **Түрі :** қайталау сабағы. **Типі:** білімді қорыту және жүйелеу, тест сұрақтары.

## Сабақтың барысы.

**I. Ұйымдастыру:** амандасу, түгелдеу; сабаққа дайындығын тексеру.

**II. Өткен тақырыптарды қайталау. Интербелсенді тақтамен жұмыс.**

1) Өткенді пысықтау мақсатында оқушылар сұрақтарға ауызша жауап береді.

**III. Жаңа сабақ.** Сабақты бастау үшін оқушыларға интерактивті тақтада тапсырмалар беріледі.

### 1. Шылау түрлерін ажыратыңдар:

Септеулік

Жалғаулық

Демеулік

*Мен бірақ және сайын біресе ғана әлде дегенмен туралы сөйтсе де шамалы сияқты тәрізді себебі сондықтан байланысты мейлі зой мыс соң*

2) Белгіленген **ма, ме, ба,бе,па,пе** дегендердің шылау, жұрнақ екенін ажыратып, дұрыс жазу.

- Енді қашан елдің сәулесін көрем? Өткені (**ме**) осымен күн өмір? Кеткені (**ме**) ұшығына жеткізбей мол арман? Жұртым деуге ұялудан арылам (**ба**), жоқ (**па**)? Ғылым таппай мақтан (**ба**), Ойнап босқа күлуге.

- Қош,қош. Бұл кісімен жеке сөйлесіп көреміз. Сіздің өзіңіз тау жұмысына барар (**ма**) едіңіз?

- Барсам (**ба**) деп ем.

- Батырым-ау, жүдеп қалыпсың ғой. Кәрілік иектеп алған (**ба**) деймін өзіңді?

- Кәрілікті мойындамасқа шама қалды (**ма**)?

- Айта көр (**ме**) бұл сөзіңді, батыр.

**IV. Шығармашылық тапсырма.** Сурет бойынша шылауларды қатыстырып мәтін құру.

**Менің отбасым**

**Менің Отаным**

**V. Сабақты бекіту үшін оқушыларға тест сұрақтары**



ә) Біз де естіп, қуанып жатырмыз;

б) Жайдақ суды ит те, құс та жалайды;

в) Айып менде екені рас.

**10. Шылауға тән емес ерекшелікті табыңыз.**

а) толық лексикалық мағынасы болмайды;

ә) түрленбейді;

б) адамның әр – түрлі көңіл-күйін білдіреді;

в) сөйлем мүшесі бола алмайды.

**Дұрыс жауап:**

1. В 2. А 3. В 4. В 5. D 6. D 7. D 8. А 9. С 10. С

**VI. Сабақты қорытындылау, бағалау.** Сабақты бекіту үшін тақтаға дұрыс жауаптар көрсетіледі. Оқушылар бір-бірлерімен дәптерлерін ауыстырып алып, тексереді, бағалайды. Мұғалім сабақ соңында жұмыстарын қорытындылап бағалайды.

**VII. Үйге тапсырма беру:** Абай өлеңдерінен шылауларды теріп жазу.

---

*Сіз қалай ойлайсыз, оқырман?*

**Зернебек ШІЛДЕБАЙҰЛЫ,**  
педагог-жазушы.

## **ЖЕТІ АТАНЫ ҚАЛАЙ ТАРАТЫП ЖҮРМІЗ?**

Жуырда республикалық «Ана тілі» газетінде (№2 (1047), 13-19 қаңтар 2011 ж.) белгілі жазушы, этнограф, мәдениеттанушы Сейіт Кенжеахметұлының «Жеті атаны білуіміз керек» деген тақырыпта жазған мақаласы жарық көрді. Сөз жоқ, мақала өте орынды жазылған, бағыты дұрыс.

Бұл мақаласында автор баспасөз беттерінде (оқулықтар мен оқу құралдарында, газет-журналдарда) жарияланып жүрген: а) 1. *Ата*. 2. *Әке*. 3. *Бала*. 4. *Немере*. 5. *Шөбере*. 6. *Шөпшек*. 7. *Немене*. ә) 1. *Балаң*. 2. *Немерең*. 3. *Шөберең*. 4. *Шөпшек*. 5. *Немене*. 6. *Жүрежат*. 7. *Туажат* тәрізді үлгілерде берілген тұжырымдардың мүлде теріс екенін нанымды түрде дәлелдеп, жеті атаны таратудың көңілге қонымды үлгісі ретінде өзінің мынадай: 1. *Өзің*. 2. *Әке*. 3. *Ата*. 4. *Арғы ата*. 5. *Баба*. 6. *Түн ата*. 7. *Теката* схемасын оқырмандар талқысына ұсынған.

Дәл осындай қателікке “Лексика тарауын пысықтау” атты әдістемелік мақаласында (“Қазақ тілі мен әдебиеті”, №4, 2011 ж., 133-136 беттер) журналымыздың авторы Дамира Балтабекқызы да ұрынған.

Біз де сол көп оқырманның бірі ретінде жоғарыда атап көрсетілген жеті атаны тарату үлгілерін былай жөндегенді жөн көрдік: 1. *Ата*. 2. *Бергі ата*. 3. *Арғы ата*. 4. *Баба ата*. 5. *Ұлы ата*. 6. *Түн ата*. 7. *Тек ата (ататек)*.

Бұдан төмендегідей ойлар мен тұжырымдар шығады: 1. Қазақ атаға бала мен әкесін жатқызбайды. 2. Осы жеті атаның бәрін қосып, оны «ата-баба» дейді. Тіпті, күйіп кеткенде, «ата-бабасынан» қайырып балағаттайтыны да рас.

Ал, Сіз қалай ойлайсыз, оқырман? Дұрыс таратып отырмыз ба әлде бұрыс кеттік пе? Егер қисық бұрылсақ, онда түзетер деген сенімдеміз.



**Бас редакторы – Зернебек ШЛДЕБАЙҰЛЫ.**

**«Қазақ тілі мен әдебиеті» –**  
ай сайын шығатын республикалық ғылыми-  
педагогикалық және әдістемелік журнал.

**Құрылтайшы және шығарушы:** «Қазақ тілі мен әдебиеті»  
және «Ұлағат» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

**Жауапты редакторы – Рыскелді САБЫРБАЙ.**

**Корректоры - Гүлзира ӨМІРБЕКҚЫЗЫ.**

**Компьютерде теріп, беттеген – Жанар СЕЙДУЛЛАҚЫЗЫ.**

Қолжазба қайтарылмайды.

Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер  
редакцияның көзқарасын білдірмейді.

**Журнал** Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат  
және спорт министрлігінің Ақпарат және мұрағат  
комитетінде тіркеліп, оған 2005 жылдың қыркүйек  
айының 14-і күні Бұқаралық ақпарат құралын есепке  
қою туралы **№6266-ж** Куәлігі берілген.

Басуға 22.04.2011ж. қол қойылды. Пішімі – 84x108 1/32

Офсеттік басылым. Әріп түрі – Times New Roman.

Шартты басылым табағы – 8.0.

Есептік баспа табағы – 7.68. Таралымы – 4700.

Бағасы – келісімді. **ИНДЕКСІ – 75746.**

**Мекен-жайымыз:** 050009, Алматы қаласы,

Гайдар көшесі, 123-үй.

Бас редактордың қабылдау

бөлмесі және бөлімдер.....256-06-46.

Факс.....256-13-41.

**Электрондық пошта:** [KazUlagat@mail.ru](mailto:KazUlagat@mail.ru)

**Басылатын жері** – «Алматы - Болашақ» Акционерлік  
Қоғамы.

**ЕЖЕМЕСЯЧНЫЙ РЕСПУБЛИКАНСКИЙ НАУЧНО-  
ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ И МЕТОДИЧЕСКИЙ  
ЖУРНАЛ ТОВАРИЩЕСТВА С ОГРАНИЧЕННОЙ  
ОТВЕТСТВЕННОСТЬЮ «ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН  
ӘДЕБИЕТІ» ЖӘНЕ «ҰЛАҒАТ»**

© «Қазақ тілі мен әдебиеті», №4, 2011ж., 144 бет, Алматы.